


ЕРКИНБЕКОВА М. А.

БІЛКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ  
ЭТНОСТИҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҚ  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Алматы, 2014



УДК 159.9(075.8)

ББК 88.53 я7

Е68

*Монография Қайнар Университетінің Педагогика және  
әлеуметтік гылымдар кафедрасының 2013 жылғы №4  
отырысында талқыланып, баспаға ұсынылды.*

**Пікір жазғандар:**

Тоқсанбаева Н.Қ. – психол. ғыл. докторы, профессор;  
Дабылтаева Р.Е. – пед. ғыл. кандидаты, доцент;  
Турдалиева Ш.Т. – психол. ғыл. кандидаты, доцент

Еркинбекова М. А.

Е68 Біліктілісті арттыру жүйесіндегі этностиқ қарым-  
қатынастың психологиялық маңыздылығы : Монография. –  
Алматы, 2014. – 220 б.

978-9965-545-76-4

Монографияның негізгі темасы – қарым-қатынастың  
қызықтық мемлекеттік қалыптасуы деңгейінде ұрпақтың рухани  
байлығы мен қарым-қатынасын, мәдениеттілігін және білім-  
ділілігін арттыру көзделеді. Қазақстан Республикасының "Білім  
туралы" Заңында жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық  
құндылықтар, ғылым мен тәжірибелі жетістіктері негізінде қалыптасуы,  
дамуы және кәсіби жетілуі үшін жағдайлар жасау  
атап көрсетілген. Білім беру мен тәрбие максатын көздең  
осында мемлекеттік құжаттар аясында мәденилік жаңғырып,  
ерекше маңызға ие бола бастады.

978-9965-545-76-4

УДК 159.9(075.8)  
ББК 88.53 я7

© Еркинбекова М.А. 2014

## KІРІСПЕ

Білім беру жүйесі субъектілерінің өзара әрекет етуі – педагогикалық процестегі өте маңызды, әрі күрделі де ұзақ мерзімді қажет ететін көкейтесті мәселелердің құрамдас бөлігі екендігі белгілі. Қазіргі қоғамның қарқынды дамуы барысында әлеуметтік, экономикалық құндылықтарды, оның ішінде қарым-қатынас және адам мәдениетінің деңгейін түбебейлі қайта қарастыру қажет. Әсіресе, әлемдік деңгейде қарым-қатынас мәселелерінің шиеленісіп отырған шағында адамның адамға катынасын ізгілендіру, оны жоғары мәдениеттілік деңгейіне көтеру қажеттігі айқындала түсude.

Осы тұрғыда мемлекетімізде де өркениетті қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуы деңгейінде ұрпақтың рухани байлығы мен қарым-қатынасын, мәдениеттілігін және білімділілігін арттыру көзделеді. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңында жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибелі жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіби жетілуі үшін жағдайлар жасау атап көрсетілген. Білім беру мен тәрбие максатын көздең осында мемлекеттік құжаттар аясында мәденилік жаңғырып, ерекше маңызға ие бола бастады.

Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы - өмірдегі ең қызықты аумақтың бірі болып табылады. Қарым-қатынастағы қызындықтар мен қуаныштар, конфликтер мен көңіл күй толқулары, үйлесімділік пен қарама-қайшылықтар қаншамағасырлар бойы адамдарды өзінің құпиялышымен елтіп келеді. Соған қарамастан, адамдар бір-бірімен түсіністікте, сенімділікте өмір сүруге талпынады.

Қарым-қатынастың қажеттілігі, өзара әрекеттестік, өзара комек көрсету көздейсөқ пайда болған жок. Эволюция дамуында адамдар қызындықтарды жени үшін қарым-қатынас жасау арқылы бірлесіп әрекет ету мәселені әлдеқайда женілдететінін түсінді. Ғылыми және құнделікті өмір психологиясы талай ғасырлар бойы адамдар арасындағы қарым-қатынастың құпиясын ашуға тырысып келеді. Қазіргі уақытта, яғни үшінші

мыңжылдықтың бастауында барша ғалымдар қарым-қатынас мәселелерін зерттеу жолында жұмылып отыр.

Қарым-қатынас - білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттың өзара әрекеттес болуы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы.

Өткен ғасырдың екінші жартысында психология гылымының «логикалық орталығы» қарым-қатынас мәселесі болды. Бұл бағыттағы зерттеулер адам мінез-құлқының механизмдері мен заңдылықтарын, ішкі жан дүниесінің калыптасуын терең талдау жасауға мүмкіндік берді. Аталмыш кеңістікте В.М. Бехтерев, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Б.Г. Ананьев, М.М. Бахтин, В.Н. Мясищев және басқа да ресейлік ғалымдардың ғылыми зерттеулері кеңінен тараған. Аталмыш мәселеге байланысты ресейлік ғалым В.А. Горянина қарым-қатынасты – адамның психикалық дамуының, әлеуметтенуі мен тұлғалануының, жеке бас сапаларының қалыптасуының маңызды шарты, адам өміріндегі ең маңызды әлеуметтік қажеттілік және аталмыш қажеттілік өз дәрежесінде отомиссе, жеке тұлғаның қалыптасуы бәсексиді, тіпті кейде тоғынан калыптау да мүмкін деп корсетеді.

Егербі деңгейде деңгейде, мектеп жақындағы балалар, олардың орталықтарынан студенттері арасындағы жалпы мәдениеттік мәселелеріне байланыста зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл мәселелерде аудио-тар бағдарларынан жеке тұлға репрезентациясынан, мәдениеттік мәселелерде оның орны, маңызы, қарым-қатынастың оның мәдениеттік мәселелерінде анықтауға ариналған (А.В. Бородин, Н.В. Гайдуков, Д.И. Боконич, М.Н. Григорьева, А.Д. Шевченко, Е.К. Ступникова және т.б.); кіші жастағы мәдениеттік мәселелерде оның мәдениеттік мәселелерін зерттеуге арналған (Е.О. Симонова, А.Н. Листина, И.С. Мухина); жасоспірімдік және мәдениеттік мәселелерде қарым-қатынастың шиеленісі: тәуелділік, жауапташылық және қоғамда өзінің орнын анықтау, қарым-қатынастарға түс білуге үйрену, ұжымда өз қызметтік жағынан және сезімдік қарым-қатынастарға үйректуу, әлеуметтік қатынастарды құра білу, диалогтық қарым-қатынас, бедел мәселесі, озбетімен жалпы социум мүшелелерде зерттеу жүргізілді.

Рімен қарым-қатынасқа түсуге дағдылану, танымдық іс-әрекеттің қарым-қатынас процесі арқылы дамуы және т.б. арналған шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеу жұмыстары (Б.Г. Ананьев, Г.А. Вайзер, А. Валлон, Х. Джайнотт, Т.В. Драгунова, И.С. Кон, Д.Б. Эльконин, А.Е. Войсунский, Қ.Б. Жарықбаев, С.М. Жақыпов, С.К. Бердібаева, Н.К. Тоқсанбаева, А. Құдиярова, С. Елеусізова және т.б.); әр түрлі кәсіп аумактарында, соның ішінде білім беру жүйесі субъектілері арасындағы қарым-қатынас механизмдерін дамытудың белсенді, жедел әдістері, ягни топтық жұмыстарға негізделген тренингтерді колданысқа енгізуге байланысты Л.А. Петровская, Н.И. Хрящева, Т.А. Яценко, А.Г. Ковалев, С.М. Жақыпов, Э. Қалымбетова және т.б. еңбектерінде ғылыми және әдіснамалық тұрғыда қарастырылады.

Адамның әлеуметтік қажеттіліктерінің бірі – қарым-қатынас. Яғни қарым-қатынас қажеттілігін өтей отырып, адамдар өзара әсерлену, әрекеттесу, өзара ақпарат алмасуды жүзеге асырады. Өзара әрекеттесу мәселесіне бүгінгі таңда философтар, психологтар, педагогтар ерекше мән беріп, әр қырынан зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар қазіргі таңда білім беру жүйесі полимедиенетті білім беру мақсатын жүзеге асыруда. Полимедиенетті білім беру жағдайында білім субъектілері міндетті түрде полигностық қарым-қатынас мәселесімен тікелей ұшырасатыны белгілі. Осыған орай, психология гылымында осы бағыттарға байланысты көптеген зерттеулерге талдау жүргізілді. Мәселен, этиопсихологиялық жалпы зерттеу мәселелері (Л.М. Дробижева, И.М. Кузнецов, Г.У. Ктоева, В.С. Агесев, М.М. Муканов); этикалық өзіндік сананың психологиялық ерекшеліктері мен полигностық және моноэностық топтардың өзара қатынастары (Т.А. Ратанова, А.А. Шогенов, В.Ю. Хотинец, Ю.В. Ставропольский, Қ.Б. Жарықбаев, О.Б. Мухамметбердиев, С.М. Жақыпов, Л.К. Кемекбаева, Б.Ә. Әмірова); әлеуметтік және этикалық идентификация мәселесі (Н.Л. Иванова, В.А. Штроо, А.Л. Меланыина, А.В. Сухарев, С.Л. Бухарева, Ж.Д. Жукешова); полимедиенеттілік және толеранттылық мәселесі (Н.Л. Иванова, С.К. Бердібаева); этикалық және кроссмәдени психологиялық біттіт мәселелері (Н.М. Лебедева, О.В. Марковская, М.И.

Воловикова, Л.М. Соснина, А.Н. Татарко, О.П. Николаева, А.Т. Малаева); түрлі аумактардағы қарым-қатынас процесінің этностық ерекшеліктерге байланыстылығы (Л.А. Алиева, Р.С. Оганджанян, Фан Тхи Ким Наган, Р. Нойман, Ф.Т. Джрафаров); творчестволық іс-әрекеттің этнопсихологиялық және тұлғаның өзін-өзі таныту ерекшеліктері мәселелері (С.К. Бердібасова, И.К. Аманова) бойынша құнды зерттеулерді көргөде болады.

Жақын немесе басқа (таныс емес) адамдармен қарым-қатынасқа тусу барысында адам мәдениетті, тәжірибелі, еңбек дағдыларын, мінез-құлық ережелерін игеріп тұлғалану үдерісінен отеді. В.Г. Ананьев, В.Н. Мясецева, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Б.И. Теплов, Д.Н. Узнадзе секілді зерттеуші-ғалымдардың бұл мәселелерді шешу бағыттары әртүрлі, олардың бірқатары тұлғаның қайталанбас ерекшеліктеріне адамның іс-әрекетіндегі тұртқілердің жан-жақты көрінісін, жеке биохимиялық қасиеттерін, әлеуметтік ролдерін, жоғары нерв жүйесі әрекетінің типтерін, келбетін, қызығушылығын, арман-мұраттарын, қабілеттерін, күшті әсерлерін, ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерін, дүниетанымын, адамгершілік кескінін, өзіндік санасын, шыгармашылық өнімдерін, қиялын, дәстүрлесрін, түрлі тарихи кезеңдердегі дүниені кабылдауын, әлеуметтік топтардағы орнын, жауап қайтару жылдамдығын, ерік-жігерін, жеке көру мен жақсы көруін, қысылтаяң жағдайларды бастаң кешіруін, кәсіби біліктері мен дағдыларын, қылыштарын, әрекеттерін және т.б. жатқызады. Психология ғылымында мұғалім туғасын зерттеу мақсаттары жеке тұлға мәселесін шешуге бағытталған теориялық өндеулерге негізделеді. Педагог тек ойлау процесін баскаруши емес, сонымен бірге окушының қарым-қатынас процесіндегі коммуникативтік құзыреттілігін дамыту-дың тиімді жолдарына талдау жүргізілген.

Педагогтардың «тұрақты бедел» иесі болуына жағдай туғызатын бірден-бір мекеме – біліктілікті арттыру институттары. Қазіргі уақытта Қазақстанда педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау мәселелерінің әртүрлі бағыттары зерттеу нысанасына айналып отыр (Б.А.Әлмұқамбетов, Я.С. Бенцион, Ш. Таубаева, Л.К.Көмекбаева, З.Б. Мадалиева, М.Қ. Бапаева және т.б.).

Інновациялық арттыру жүйесі немесе қарым-қатынас психологиялық жан-жақты зерттеудің жатқызымен, бұл аумактарда әлі мұғалімдердің зерттеудің қажет ететін тың тақырыптар көп. Соның ішінде мұғалімді кәсіби жетілдіру туралы ғылыми-педагогикалық сектортер болғанымен, білім берудің субъектілері, «ғылыми-педагог-педагог» арасындағы психологиялық және ғылыми-қарым-қатынас мәселелері, оның мазмұны мен миссиясының, ғылыми-қарым-қатынастың психологиялық миссияларының арнайы зерттелмегені анықталды.

# I БІЛІКТІЛІКТІ АРТЫРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭТНОСТИҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

## 1.1 Қарым-қатынас мәселесінің ғылыми-теориялық еңбектерде талдануы

Адам табиғаттағы барша басқа тіршілік секілді, өзінің бүкіл адамзаттық ғұмырында жинақталған тәжірибелі игерे отырып, дамиды. Адамның дамуы – бұл күрделі және қарама-қайшылықтың процессі, ол көптеген айрықша құштердің: биологиялық және мәдени; ішкі мұдделер мен сыртқы әсерлер бірлігіне байланысты болады. Бұл процесс туылған сәттен бастап, өмірдің сонына дейін жалғасады, оның оту сипаты көбіне қоршаған ортасынан анықталады, сонымен қатар адамның қасиеттері мен тұлғалық әрекшеліктеріне байланысты болады. Психологияда адамның бастапқы дамуы қарапайымнан күрделіге ауысу, индивидтің болінбес тепе-тендігі және бағыты ретінде қарастырылады. Адам дамуы басқа адамдармен қарым-қатынаста жүзеге асады. Қарым-қатынаска қажеттілікті әрбір адам сезінеді. Адамдар үнемі, бұрын, бүгінгі күні және барлық уақытта да қатынас жасайды. Бұл тыныс алу секілді, әрбір адамның қажеттілігі.

Статистиктердің есептеулері бойынша коптилік адамдардың өмірінде уақыттарының 70 пайзына деңгелісін қарым-қатынас процесі алады еken. Қарым-қатынаста біз сан алуан аппараттарды бір-бірімізге береміз, білімдерімізен, пікірлер, қағидалармен алмасамыз; өз қызығушылық және мақсаттарымызға тән таныстырамыз; тәжірибелік дағдыларды игереміз; адамгершілік ұстанымдар мен әдеп ережелерін, сонымен қатар салт-дәстүрлерді менгереміз.

Адами қарым-қатынас әрқашан накты әрекетте дамиды және оның мақсаттары мен мазмұнына байланысты. Егер тәжірибелік нәтижеге жету және бір нәрсе жасау қажет деген сыртқы белгіленген талаптарды орындауға мәжбүр болмаса, адамдар арасында жылылық пен түсіністік әлдекайда көбірек болар еді. Сондықтан да жай қатынастар немесе әрекет туралы

алғыту жеткіліксіз. Қарым-қатынас акпарат алмасуда жүзеге аса отырып, бір-бірінің психикалық кескіні және бірін-бірі өзара асер етудегі өзара байланыс немесе субъектілердің өзара байланысының жиынтық бірлігі ретінде талдануынан шыгады.

Қарым-қатынас – қоғам субъектілерінің (тұлға, топ) өзара байланыс және өзара әрекет процесі, тұлға мен қоғамның дамуы және қалыптасуының жалпы және қажетті шарттарының бірі бола отырып, өзара әрекет, акпарат, тәжірибе, кабілеттері, ісқерлік және дағдылар алмасуымен сипатталады. Отандық психологияда адамдардың әрекеттіне басқа адамдардың әсері туралы ой-пікірлер кеңінен танымал және көптеп жасалуда. Бұл иегізинен қарым-қатынас мәселесіне байланысты жұмыстар.

Қарым-қатынас мәселесінің тамыры өте терендe. Өзара қатынастар мен өзара әрекеттесу процестеріне талдау жасау, түсіндіруге тырысу және бақылау жасаушы адамдардың ақыл-олының ар кезенде де қарым-қатынас мәселесі қызықтырып келеді. Әрине, басқа адамдармен байланысқа түсү арқылы ғасырлар бойы адамзат қарым-қатынас мәселелерін шешуге тырысада.

Осы тұста қарым-қатынасқа байланысты мәселелер психологияның барлық аумақтары мен бағыттарына отуде деп айтсақ қателеспейміз. Қарым-қатынас арнайы зерттеу бағыты ретінде анықталғанта дейін атальмыш мәселелер психологияның әдістемелік аппаратындаған болды. Қазіргі уақытта қарым-қатынас психологияның категориялдық аппаратына жатады және белсенді түрде зерттелуде.

Зерттеуші-ғалым М.Н. Ночевник: қарым-қатынас – бұл ауреметтік-психологиялық құбылыс, ол адам өміріндегі көптең рухани және материалдық құндылықтарды қамти отырып, оның өміріндегі ең жоғарғы қажеттіліктердің бірі болып табылады. Дегенмен, бір қараганда қарым-қатынас ұғымы баршага танымал және қандай да қындықтармен байланысты емес корінеді. «Қарым-қатынас» сөзімен біз кәсіби, жеке, шығармашилық және тағы басқа жалпы қызығушылықтардың төңірегінде пайда болған қарапайым түсініктерді, яғни адамдардың бір-бірімен байланысын және қатынастарын; таныс немесе бейтансыс адамдармен кездесулерін; жеке қатынастарын түсіндіруге тырысамыз дейді.

Ал Ю. Платонов қатынастың және әрекеттің өзара байланыс диалектикасы өзінің дамуы ретінде тек бір ғана әрекет, яғни субъектінің нақты қатынастарына жауап беретін әрекетті түсіндіре алады. Бірақ, әрекет туралы сөз көзғалғанда, «әрекет» ұғамы «субъект - объект» қатынастарының мәнін ашады; яғни ол индивид немесе топ адамдардың әрекетіне байланысты болмайды. Тек бір ғана жағдайда субъект ретінде индивид қарастырылады, ал басқа жағдайда топ немесе субъект қарастырылады. Қарым-қатынастың мәнін, мағынасын анықтауда теориялық және әдіснамалық талдаудың ролі зор екеніне тоқталады.

Психологтар мен биологтар, социологтар мен тіл мамандары, педагогтар мен психиатрлар, кибернетиктер мен математиктер әрқайсысы өздерінше «қарым-қатынас» зат есімін жіктеуге тырысады. Бірақ неліктен қарым-қатынас сан алуан мамандардың назарына сонша ілікті? Себебін ғалым Я.Л. Коломинский қарым-қатынас – бұл адамның ең ерте кездегі және ең маңызды әлеуметтік қажеттіліктері, яғни басқа адамды қажетсінуді қанағаттандыру процесі деп түсіндіреді.

Ал қазақстандық ғалым С. Елеусізова «қарым-қатынас дегеніміз – ғылым, ері өнер. Бұл творчестволық процесс. Қатынас жасау, өзгелермен тіл табысу - әрбір адамның өмір тәжірибесіне, біліміне, тапқырлығы мен ақыл-онына байланысты жүзеге асып отыратын тіршілік мұқтаждығы» деп пайымдайды. Сонымен қатар ғалым қарым-қатынас орнатудың екі бөлшектен тұратынын ажыратып көрсетеді. Оның бірі – адамның ішкі дүниесінің қатысты қасиеттері ойлауы мен саналы әрекеті, ал, келесі бөлшегі адамның жүріс-тұрысы мен өзгелермен тілдесіп, бірлесіп әрекет істейтін қатынас сипаттарын білдіреді.

Өзара қарым-қатынаска тұсу адамдар өміріндегі қажетті шарттардың бірі және онсыз адамның бірде-бір психикалық функцияларының, процестерінің, психикалық қасиеттерінің, түптеп келгенде тұлғасының дұрыс қалыптаспайтындығы баршага мәлім. Қатынас, қарым-қатынас жасау, өзара түсінісу мәселесі – педагогика, психология және әлеуметтану ғылымдарының басты мәселелерінің бірі.

Қарым-қатынас әрбір жеке тұлғаны дамыту үшін қажетті шарттардың бірі, өйткені қарым-қатынассыз адамзат қоғамның пайда болуы мен дамуы мүмкін емес. Қарым-қатынаска тұсу – бұл тек бір-біріне ақпарат айту ғана емес, сонымен бірге бір-бірін өзгерту, нақты айтқанда ақпараттар арқылы бір-бірін азгерту.

Қарым-қатынастың қарапайым қызметі - өзара түсіністікке жету. Бірін-бірі түсіну дегеніміз, тек екінші адамның созін дұрыс ұғу ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік экспекцияларды (бірін-бірі қабылдау формалары) түсініп, талдай білуі. Осы тұста, айтылған ойды дұрыс түсіну үшін, сөйлеушінің ойын дұрыс қабылдай отырып, өзара әрекеттесудің үйлесімді болғаны жөн.

Әлеуметтік психологияда өзара әрекеттесу – бұл қарым-қатынастың үш координаттарының бірі болып табылады. Өзге координаттары: коммуникация, яғни индивидтер немесе топтар арасында ақпарат алмасу және субъектінің жай таным акті ретінде ғана емес, кеңірек ауқымда, яғни адамдардың бірін-бірі тануы, өзара түсіністіктің негізі ретінде түсіндірлетін тұлғааралық қабылдауы.

Қазіргі заман психологиясында қарым-қатынас процесін, көбіне өзара әрекеттесу синонимі ретінде қарастырып жүр. С.И. Ожегов сөздігінде, өзара әрекеттесу – бұл екі құбылыстың бір-бірімен (яғни, екі жаққа да қатысты, екі жакқа бірдей) байланысы деп аныктама беріледі.

«Өзара әрекеттесу» терминінің психологиялық мағынасы ерекше әрекет стратегиясын құрумен байланысты. Топта индивид әрекеті тек өзінің жоспарларымен бағытталып қоймай, өзгелердің жоспарларымен де бағытталады. Келісілген стратегия ерекше өнім – бірлескен шешім – бірлескен, яғни ортақтасқан әрекеттің нәтижесі, оның бөлшектері соңғы өнімде бірігеді. Бірлескен әрекет адамдар арасындағы өзара әрекеттесудің сипаттарын анықтайды. Өзінің психологиялық мазмұнына байланысты бірлескен әрекет интеракциямен сыйкес келеді.

Осы ретте Ю.К. Стрелков өзара әрекеттесудің бірнеше типін ажыратады. Солардың ішінде біреуі бірлесудің жоғары деңгейлілігімен сипатталады: қатысушылар жалпы мақсатты

айқын коре боледі, қызыметтерді нақты боліседі және мақсатқа жетудің адекватты тәсілдерін ойластырады. Мұндай жағдайдағы өзара әрекеттесу бірлескен әрекеттік жақындаиды. Осыған орай, өзара әрекеттесу:

- 1) қызмет және міндеттерді болісу;
- 2) жүйелі, параллель, және басқаша орындалатын әрекеттермен алмасу;
- 3) әр қатысушының озгерісінде корініс беретін өзара қатынас, өзара байланыс не өзара есер ету;
- 4) бірлескен әрекеттесін түсіндірлемеді.
- 5) Ал философиялық сөздіктे өзара әрекеттесу «бірінебірі әсер ету процесі», «материалды объектілер мен құбылыстардың бір-бірімен қатынасы және барша байланысы» ретінде қарастырылады.

Галым А.В. Петровскийдің пікірінше, «әрекетті жүзеге асыру процесінде адам объективті түрде басқа адамдармен нақты әрекеттер жүйесіне енеді». Яғни, кез-келген әрекеттесудің мазмұны *байланыс, алмасу* (әрекетпен, затпен, ақпаратпен және т.б.) және *өзара есер ету* болып табылады.

Тұлғааралық өзара әрекеттесу – саналы және мақсатқа бағытталған белсенді субъектілер арасындағы байланыстарды нақтылайды, яғни олардың өзара бағыныштылығын сипаттай-да. «Тұлғааралық өзара әрекеттесу» түсінігі аясында көп жағдайда «өзара түсіністік», «өзара көмек», «өзара әрекеттесу», «өзара әсер ету», «кері байланыс», «үйлесімді қарым-қатынас», «қатынас технологиясы» «қатынас индикаторлары», «қатынас стилдері» сияқты жекелеген ұғымдар топтасады. Атамыш ұғымдардың кері жағдайлары: «өзара түсініспеу», «қарама-қарсы әрекеттесу», «әрекеттесудің бөлмауы» және т.с.с.

Ал психологиялық сөздікте өзара әрекеттесу – мұнда «субъектінің екінші субъекттің тікелей немесе жанама әрекет етуі, соның нәтижесінде олардың өзара келісімін туындарады».

Галым А.А. Бодалев те өз кезегінде қарым-қатынасты адамдардың өзара әрекеттесуі ретінде қарастырады, оның мазмұнын түрлі коммуникациялық құралдардың көмегімен ақпарат алмасу құрайды деп көрсетеді. Бұл пікірге Н.И. Конюховтың берген анықтамасы жақын келеді. Ол: «қарым-қатынас – белгі

беру құралдары арқылы субъектілердің өзара әрекеттесуі, қарым-қатынас әрекет мұқтаждарына байланысты туындарады және нақты өзгерістерге, мінез-құлыққа, серіктестің тұлғалық-магыналы біліміне бағытталады» дейді.


Көптеген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жоғары деңгейде ұйымдастырылған қарым-қатынас процесі бірлескен іс-әрекетте шынайы психологиялық түйісүді (контактты) қамтамасыз ету үшін қажет. Бұл түйісу қарым-қатынас субъектілері арасындағы өзара әрекеттесу процесінде орын алады.

Атамыш құрылымдағы өзара әрекеттесудің өткінші формасын *tūyīsu* немесе *контакт* деп есептейді, деғенмен көп жағдайда ол ары қарай қарым-қатынаска ұласпауы да мүмкін. «Контакт» ұғымының бірнеше мәғынасы бар. Латын тілінен аударғанда *contactus, con-tingo* – түйісу, жанасу, жалғау, ұласу, ұштастырылу, қосылу, қатынаска тұсу деген мәғыналарды береді Психология ғылымында субъектілердің уақыт пен кеңістіктегі жақындаудың, сонымен қатар қатынастардағы қандай да бір жақындық өлшемін түйісу деп атайды. Көбіне тиімді өзара әрекеттесудің негізі ретінде қарастырылады, бірақ кейбір жағдайларда тұрақсыз, әлсіз түйісулар де кездеседі. Мұны келесі беттегі сыйба арқылы көрсетуге болады (сурет - 1).

Осыған орай, галым О.А. Гулевич топтар арасындағы өзара әрекеттесу мәселесін зерттей келе, «түйісу үздіксіз және жақын болуы керек» деген пікір айтады.

Қарым-қатынас немесе өзара әрекеттесу мәселелеріне байланысты теоретик ғалымдар мен практик-зерттеушілердің ой-пікірлері тұспа-тұс, өзара қабысып жатыр. Мәселен, практиктер қарым-қатынас деңгейіне ешкім көңіл аудара қоймағандай болып көріну мүмкіндігін көрсетеді. Сөйтсе де, екінші адамның өзіне деген қарым-қатынасын бірден сезесің және қабылдайсың, ал егер оны тануда қателессен, қарым-қатынас құрделілене түседі немесе оның бұзылуына әкеп соғады. Қарым-қатынаста арақашықтық сезінү киын емес. Бұл үшін сойлесіп отырған адамдарды бақылап отырып, олардың бірін-бірі деген көзқарасынан аңгаруға болатындығын көреміз.

Түйісу ортасы  
Қарым-қатынас шенбері



*Сурет 1 – Қарым-қатынас шеңберіндегі субъекттердің өзара түйісу ортасы.*

Қарым-қатынаска қабілеттілік әркашан да адами сапалардың маңыздыларына жатқызылады. Тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктері мен адамгершілік қасиеттерін есепке алу қарым-қатынаста маңызды роль атқарады. Адамның өзге адамдармен байланысы оның жаратылышының мәні болып табылады, ол тұлғааралық қатынастардың орнауына алып барады. Адам тек қарым-қатынас арқасында адам болады.


Олай болса, қарым-қатынас – бөгде адамды қабылдау, яғни екінші бір индивидтің ішкі белгілерін анықтау, өзімен салыстыру, оның ішкі дүниесі мен мінездемелерін түсінуге тырысу болып табылады.

Қарым-қатынас категориясы адамдардың – субъекттілік қатынасындағы әлеуметтік тұрмысының маңызды жағын ашып көрсетеді. Қоғытеген психологтардың қарым-қатынаска берген анықтамалары, оны адамдардың өзара әрекеттесуі, байланыс орнатуы, ақпарат алмасуы, қатынасы, біріне-бірі көніл бөлуі, өзара әсер етуі, өзара түсінісі, нақты мақсатқа жетуге бағытталуы, жанашырлық танытуы ретінде сипаттайтыды.

Мәселен зерттеуші-ғалым Л.М. Зюбиннің пайымдауынша, қарым-қатынас адамның тәуелсіз әрекет түрі және таным мен обьектің ең қажетті құралдарының бірі болып табылады. Еңбек міндеттерін бірлестікте шешуші адамдар арасындағы қатынастар, бір-біріне деген түрлі қатынастармен сипатталады: симпатия немесе антипатия, өзара түсіністік не түсінбеушілік, сенім не сенімсіздік. Және де еңбек процесі мен нәтижесіне тікелей әсер етеді.

Демек, қарым-қатынас процесі адамдардың үнемі өзара әрекеттесуі, өзара бір-бірін түсінуге талпыныстары, басқа адамға деген қатынасы болғандықтан, оның мағынасын, мазмұнын толық түсіне алу үшін «субъект - субъект» жүйесі тұрғысында қарастырған жөн. Яғни, қарым-қатынас процесін анықтауда зерттеу объектісі ретінде жекелеген адамдар емес, біртұтас процесс ретінде қарым-қатынас процесінің өзі басты назарға алынуы тиіс. Осылан байланысты, белгілі ғалым А.А. Бодалев психологиятар ең алдымен қарым-қатынас процесін монобъект тұрғысында, ал содан кейін әлеуметтік жүйенің өзіндік мінездемелерінің элементі ретінде қарастыру қажет дейді. Монобъект жағдайындағы өзара қарым-қатынас үшін, мына психикалық жағдаят тұра келер еді, яғни қарым-қатынаска түсініш субъектілер, өзара қатынас жасау кезінде бір-біріне әртүрлі маңыздылықтағы қарым-қатынас мақсаттарын жүзеге асырады, олар мағынасы, мәні жағынан сәйкес келеді, кей жағдайларда қарама-қарсы болуы да мүмкін (сурет - 2). Қарым-қатынас жасау барысында адами қасиеттердің дәрежесі айқындалады. Қарым-қатынас ізгілікті және ізгіліксіз болуы мүмкін. Извілікті қарым-қатынасқа тұлғаның қажеттіліктері, адамның бойындағы мейірімді көруғе үмтүлу, адамдар үшін өмір сұру, өмірмен қанағаттану, бақытты болу жатса, ізгіліксіз қарым-қатынастарда жағымды қажеттіліктер мен сапаларды қалыптастыру мүмкін емес.

Қарым-қатынас шенберінің азаюы әдетте жас ұлғайған сайын байқалады, себебі уақыт және энергияның басым көпшілігі бала тәрбиесіне, қызмет бабына жұмсалады. Дегенмен, ерлер үшін де, әйелдер үшін де дамудың қажетті аспектісі болып қала береді.



*Сурет 2 – Қарым-қатынас субъектілерінің қатынас мақсаттарын жүзеге асыруды көшіретін қармана-қайшылықтарының сыйбасы*

Қарым-қатынас кез-келген іс-әрекетпен бірге жүреді. Адамның іс-әрекетінің барлық түрлерінде ол катализатор ролін атқарады. Психологиялық – педагогикалық создікте, қарым-қатынас – екі не одан да көп адамдардың өзара әрекеттесуі... қарым-қатынас тұлғалар мен топтардың қалыптасуы мен дамуының қажетті алғышартты болып табылады деген анықтама беріледі.

Жалпы күнделікті тұрмыс дәйектері адамдардың өзара қарым-қатынасы көптеген жағдайларда әрекеттесу түрі ретінде өзіндік мағынасы болатынын көрсетеді. Өзара әрекетке түсуші тұлғалар осы жағдайда өз қажеттіліктерін бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы қанағаттандырады, бір-бірімен аппарат алмасады және т.б. Мысалы, көшедегі көрген оқиға туралы кездесік адаммен ой-пікір алмасу, өткен күнгі оқиғаны жұбайлардың ортактасып талқылауы және т.с.с. көріністерді осы аталған қарым-қатынасқа жатқызуға болады.

Осы тұста, кеңес психолоғтарының (Г.М. Андреева, Л.П. Буева, А.А. Бодалев, А.А. Леонтьев, Б.Ф. Ломов, В.Н. Нанферов, Ю.Л.Ханин және тағы басқалар) жұмыстарын талдау көрсеткендей, қазіргі уақытта қарым-қатынас психикалық жаңа құрылымдарды қалыптастырудың тәсілін және тұлға қызметінің әлеуметтік факторын көрсетеді.

Монообъект ретінде тұлғааралық қарым-қатынас үшін, мынадай психологиялық жағдай тән, яғни қарым-қатынаска қатысуышылар байланыска түсे отырып, бір-біріне қатысты оздері үшін шамалы не көп мағыналар бойынша мақсаттарға жетуді көздейді, олар өзіндік мағынасы бойынша бір-біріне сәйкес келуі, кейде бір-бірінен әр түрлі деңгейде айырмашылғылар болуы да мүмкін. Бұл мақсаттар нақты әрекет мотивтерінің нәтижесі болып табылады, сонымен қатар, мінез-құлықтың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы жетуді көздейді.

70-жылдардағы психологиялық – педагогикалық әдебиеттерде көбіне педагогикалық процеске қатысуышылардың өзара әрекеттеріндегі түрлі аспектілері туралы анықтамалар, түсінік-темелер беріледі (Н.А. Березовин, Я.Л. Коломинский, В.П. Бигуев, А.А. Бодалев, Х.Й. Лийметс, В.В. Власенко, Н.И. Кмить, С.В. Кондратьев, А.С. Чернышев, Ж.О. Лендел, А.А. Леонтьев, В.В. Давыдов және т.б.). Талданып отырган жұмыстарды екі жағдайға шартты түрде бөліп қарастыруға болады: көлемі жағынан айырмашылығы және нақты материалдарға қанықкан бағыттар.

Мәселен, Н.П. Ерастов қарым-қатынастың нақты актілері мен шыныайы процестерін ғылыми тұрғыдан талдауда қажеттілігіне қарай қарым-қатынастың әлеуметтік мәнін түсінуден бастау алуы қажет дей отырып, тұрмыстық тұрғыдағы қарым-қатынастан ғылыми сипаттағы қарым-қатынастың аражігін бөліп қарастыруды ұсынады.

Осылан орай жоғарыда келтірілген пікірлер мен пайымдауларды тереңдете түсү мақсатында қарым-қатынас ұғымының мәнін көнінен талданды. Жалпы айтқанда, қарым-қатынас – негізгі психологиялық категориялардың бірі. Адам басқа адамдармен қарым-қатынас және өзара әрекеттесу нәтижесінде тұлға болып қалыптасады.

Психолог-практик сөздігінде, қарым-қатынас (общение):

1. Бірлескен әрекеттегі қажеттіліктерге байланысты туындастын, адамдар арасындағы байланысты дамыту және орнатудағы күрделі, көпқырлы процесс; орган аппарат алмасу, өзара әрекеттесудің біртұтас стратегиясын жасау, серікtestі қабылдау мен түсінү.

2. Екі немесе одан да көп субъектілер арасында белгілік құралдар арқылы жүзеге асады, бірлескен әрекеттері қажеттіліктерден туатын және серіктестің жекелік-мағыналық болмысын және мінез-құлтық қасиеттерін белгілі дәрежеде өзгертуге бағытталады, деп анықтама беріледі.

Қазіргі ақпараттық-коммуникациялық қоғамның дамуы қарсаңында қарым-қатынас ұғымын жаңа коммуникация ұғымымен алмастырып қолдану сәнгे айналды. Осы түрғыдан алғанда, қарым-қатынас актіне келесі компоненттерге байланысты талдау және баға беріледі: қарым-қатынас адресант – субъекті, кімге хабар жіберілді – адресат, хабар – жіберілген мазмұн, код – хабарды жіберу құралы, байланыс каналы және нәтиже – қарым-қатынас соңында неге кол жетті.

Психологиялық сөздікте коммуникация ұғымы:

1. Қарым-қатынас ұғымына жақын, бірақ кеңірек түсінік. Бұл – тірі және өлі табиғат жүйелері арасындағы ақпарат алмасу барысында болатын байланыс.

2. Құралдары бойынша – тілдік коммуникация (жазбаша және аудиозша), паралингвистикалық (жест, мимика, мелодия), заттық-белгілік (өндіріс өнімдері, өнер туындылары және т.с.с.) деп түсіндіріледі.

Қарым-қатынас мәселесін талқылауда ғалымдар «қарым-қатынас» ұғымының мәнін ашуға көп көңіл бөледі. Көп жағдайда қарым-қатынасты адам әрекетінің бір түрі ретінде, яғни «қарым-қатынас әрекеті», «коммуникативтік әрекет» деп қарастырып жүр. Сонымен қатар, қарым-қатынасты процесс ретінде қарастыратын да жағдайлар гылымда көптеп көздеседі. Мысалы, А.С. Золотнякова «қарым-қатынас әлеуметтік және тұлғага бағытталған процесс, мұнда жеке тұлғалық қатынастармен қатар, құқықтық құндылық шарттары жүзеге асады» деп анықтама береді. Оның ойынша, қарым-қатынас әлеуметтік процесс болып табылады және сол арқылы қоғам индивидіке әсер ете алады. Яғни, қарым-қатынас коммуникативтік-реттеуіш процесс ретінде түсіндіріліп, процесте тек әлеуметтік құндылық мөлшері беріліп қана қоймай, индивид пен әлеуметтік жүйенің сол құндылықтарды игеруін реттеп отыруы сипатталынады.

Әлеуметтік орта және ішкі топтардағы тұлғааралық қатынастар мен ішкі қатынастар жүйесіндегі адамдардың бірлескен омірлік әрекеттері қарым-қатынас процесін туындағады. Әлеуметтік қатынастар - әлеуметтік класстардың: жұмыс беруші мен жұмысшы; экономикалық құрылымдардың (сатушы мен тұтынушы); иерархиялық формалды үйімдардың (облыстық және аудандық білім беру департаменттері) және т.с.с. қарым-қатынасы ретінде көрініс береді. Тұлғарааралық қатынастар іс-керлік және эмоционалды бағалаудың негізінде құрылады, сонымен қатар адамдардың бір-біріне тандау білдіруі де маңызды болып табылады. Яғни, қатынастың қай түрі болмасын, әр уақытта қарым-қатынас процесінсіз жүзеге аспайды. Қарым-қатынастан тыскары адамзат қоғамын елестетуге де болмас еді. Қарым-қатынас процесі қоғамда индивидтердің біргүйінің тәсілі болуымен қатар, олардың тұлғалық және кәсіби тұрғыда осуінің жоны болып табылады.

Ал адам аралық қатынастардың ерекшелігі олардың эмоционалды болуында. Адам өзі тектеспен араласа отырып, бір-бірінсі болған айрықша сезімдер мен ықыластарға кезігеді.

Қандай да бір қоғамдық қатынастардың жүйесі (мысалы, экономикалық, саяси, т.б.) әр уақытта адамдардың өзара қарым-қатынасынан және қоғамга қатынасынан көрінеді. Сондықтан ербір қоғамдық жүйенің әлеуметтік жағы болады.

Қоғамдық қатынастарды, мұн-мұқтажды, талап-тілектерді анықтайтын тұлғалық құнды нұсқаулар - әлеуметтік құндылықтар болып табылады. Бұлар адамдардың тәртібінің іштей реттегуі, баскарылуы арқылы белгіленеді.

Әлеуметтануда әлеуметтік құбылыстар мен процестердің бес негізгі заңы тұжырымдалған, атальыш заңдардың бірката-рын төмөндегі схемалар түрінде көрсетуге болады:

1. Әлеуметтік құбылыстардың қатар өмір сүру заңы. Мысалы, егер «А» құбылысы болса, ол әр уақытта «Б» құбылысын қажет етеді.

2. Әлеуметтік құбылыстардың даму тенденцияларын (яғни бағыттарын) анықтайтын заң. Мысалы, өндіргіш күштердің оғаруі өндірістік қатынастардың өзгеруін талап етеді.


3. Әлеуметтік құбылыстардың арасындағы алуан түрлі байланыстарды, қатынастарды анықтау заңы. Бұл заң іс-қимыл, атқаратын қызмет деп те аталады. Ол әлеуметтік обьектінің орбір элементінің, болігінің арасындағы байланысын, қатынасын бейнелейді.

4. Әлеуметтік құбылыстардың арасындағы себепті байланыстарды бейнелейтін заң. Мысалы, әлеуметтік бірліктің негізгі, қажетті шарты – ол қоғамдық және жеке мұддені сойкестендіру, үйлестіру болып саналады.

Әлеуметтік құбылыстардың арасындағы байланыстардың болу мүмкіндігін білдіретін ықтималдық заңы.

Қарым-қатынас сан алуан адамдардың қатынастары жағдайында жүзеге асады, яғни әлеуметтік және тұлғааралық қатынастардың жағымды да, кері де жағдайларында болуы мүмкін. Қарым-қатынас адам өмірінің рухани және материалдық формаларының сан алуандығын сипаттайтын және тұлға өміріндегі ең маңызды қажеттілік болып табылады. Осыған байланысты популляр психолог С. Мелибруда өз еңбегінде: «өзара қарым-қатынастың маңыздылығы, біз демалып жүрген аудан ешбір кем сімесс екендігі ешкімге құпия емес» деп жазады.

Ал Е.Е. Смирнованың пікірінше, адамдармен қарым-қатынас – бұл адамның табиги және білімі маңызды болып есептелетін ғылым және өнер. Соңдықтан басқа адамдармен өзара әрекеттесуде табыска жетуге тырысқан адам, осы өнерді үйренуі қажет. болса, ал адамгершілік-рухани бағдарлама негізінде тәрбие беру мәселелерімен айналысушы ғалымдар адами қарым-қатынасқа үретуде табигат, мәдениет, іс, қоршаган адамдар, ең жогарғы құндылық ретіндегі адамның өзі - тірек ретінде алынуы тиіс деген пікірлерін ортага салады. Француз халқының ұлы жазушысы Антуан де Сент-Экзюпери нағыз байлық, бұл – адамның қарым-қатынасы деп тұжырымдайды. Қарым-қатынас қажеттілігі материалдық жағдайларды өндірудегі бірлескен әрекет қажеттілігінен туындейді. Ал рухани өмір аумагында тұлғаның әлеуметтік тәжірибелі жинақтау қажеттілігі негізгі орынды алады. Дегенмен, екі формасында да басқа адамдармен бірлеспей (түйіспей) қарым-қатынастың жүзеге асуы мүмкін сімесс екендігін төмөндеғі сыйзбадан көруге болады:



*Сурет 3 - Қарым-қатынастың әлеуметтік аумақтары бойынша түрлері*

Қарым - қатынас ұғымының мәнін ашу мақсатында казақстандық ғалым А. Құдиярова өз еңбегінде қарым - қатынас түсінігін – ортақтасу ұғымымен алмастырады. Оның пайымдауынша, ортақтасу – адамның психикалық дамуының және мінезінің алғышарты, негізі. Адамның психологиялық дамуының факторы. Қарым-қатынас барысында адамдар өзі және басқалар үшін өзіндік психологиялық қасиеттері қарым-қатынас нәтижесінде пайда болады, дамиды, өзгереді. Басқалармен арақатынас жасағанда адам қоғамдық ережелерді, нұскаларды, білім әдіс-тәсілдерін, жалпы әлеуметтік тәжірибелі өз бойына сініреді. Сонымен қатар А. Құдиярова адамның тұлға болып қалыптасуының алғышарты ретінде қарым-қатынас процесін басты орынга қояды.

Қарым-қатынаска мүлде басқа тұрғыдан анықтама беруші ғалым А.А. Леонтьев. Оның пікірінше, қарым-қатынас әлеуметтік феномен түрінде қарастырылуы тиіс және оған адамның кез келген әрекетінің шарты ретінде қаралу қажет, яғни: «қарым-қатынас – мақсатқа бағытталған және ынталандырылған процестердің жүйесі, ол қоғамдық және жеке психологиялық қатынастарды ұжымдық әрекетте арналы құралдар, соның ішінде – тіл арқылы жүзеге асуын қамтамасыз етеді». Аталмыш позицияны В.Н. Парфенов өз еңбектерінде ұстанады. Оның айтуды, кез келген әрекет қарым-қатынассыз жүзеге аспайды,

яғни қарым-қатынасты индивидтердің өзара әрекеттесуі деп түсіндіреді.

Ал А.С. Золотнякова «қарым-қатынас әлеуметтік және тұлғаға бағытталған процесс, мұнда жеке тұлғалық қатынастармен қатар, құқықтық құндылық шарттары жүзеге асады» деп анықтама береді. Оның ойынша, қарым-қатынас әлеуметтік процесс болып табылады және сол арқылы қоғам индивидке әсер ете алады. Яғни, қарым-қатынас коммуникативтік-реттеуіш процесс ретінде түсіндірліп, процесте тек әлеуметтік құндылық мөлшері беріліп қана коймай, индивид пен әлеуметтік жүйенің сол құндылықтарды игеруін реттеп отыруы сипатталынады.

Қарым-қатынас В.А. Горянинаның пікірінше, адамның психикалық дамуының, әлеуметтенуі мен тұлғалануының, жеке бас сапаларының қалыптасуының маңызды шарты болып табылады. Ол адам өміріндегі ең маңызды әлеуметтік қажеттілік және аталмыш қажеттілік өз дәрежесінде өтелмесе, жеке тұлғаның қалыптасуы бәсексиді, тіпті кейде тоқтап қалуы да мүмкін деп көрсетеді.

Осы тұста В.В. Рыжов қарым-қатынас мәселесін кәсіби-педагогикалық даярлық процесінде қарастыра отырып, әрекеттің бір түрі ретінде қарым-қатынасты зерттеу баршаға танымал (А.Н. Леонтьев, А.Г. Ананьев, А.А. Леонтьев, М.И. Лисина және т.б.) екеніне тоқталады. Және де тұлға еңбек, таным және қарым-қатынас, «негізгі әлеуметтік әрекеттер» субъекті ретінде зерттеледі. Сонымен қатар, қарым-қатынаска әрекетпен қатар «еркін, әрекетten дербес қарым-қатынас ретінде» (А.В. Мудрик), өзара әрекет ретінде (Д.Б. Парыгин, Б.Ф. Ломов), «индивид өмір салтының ерекше тұсы» ретінде талдау жасалатын жұмыстар қатарының кобеюін тілге тиек етеді.

Кейде «қарым-қатынас», «әлеуметтік қарым-қатынас», «тұлғаралық қарым-қатынас» түсініктерін тенденсіру тенденциялары көрініс береді. Дегенмен бұл түсініктер өзара байланысты болғанымен, бір-біріне тепе-тең болмайды, себебі олардың өз өзгешеліктері болады. Қарым-қатынас ұғымының мағынасы тереңірек.

Қарым-қатынас өзіне:

- топтар арасындағы, топтар мен ұйымдардағы әріптестер, әрекет субъектілері арасындағы ақпарат алмасуын; -қатынас субъектілерінің бірлескен әрекет стратегияларының өнімін;

- бірлескен міндеттерді шешу процесіндегі адамдардың бірін-бірі қабылдауы мен түсінуін топтастырады.

Екі немесе бірнеше субъектілер арасындағы қатынастар барлық жағдайда олардың арасындағы қатынассыз байланыстар қатарына жатқызылмауы керек – бірлескен әрекеттің мақсаттары, құндылықтары және мазмұнынан алшактап кете алмайды, бірлескен белсенді әрекет нәтижесінде ұжым құндылық-бағдарлы біртұтастық жете алады. Құндылық-бағдарлы біртұтастық – бұл әрекет мақсаты мен міндеттеріне деген бағыттарында, ұжым тіршілігі үшін маңызды болып табылатын адамгершілік және іскерлік аумактарда, бағалау және сұрақтар позицияларында жақындаласу.

Қарым-қатынаста әрқашан екі компонент қатысады: мазмұны және стилі. Мазмұны қандай да бір қарым-қатынастың неңін әлеуметтік қарым-қатынастарға сәйкес келген түрде өткізу мүмкін. Адамдардың айналасындағылармен қалай өзара әрекеттің түсінігін стиль көрсетеді. Қандай жағдайда да қарым-қатынас мазмұны – ауыспалы күш, өйткені ол нақты әрекетпен, орындалатын тапсырмалардың көлемімен және көптеген басқа да жағдайлар мен өзгермелі талаптармен анықталады. Мұнда қарым-қатынас стилі тұрақты, яғни кез-келген әрекетте адам басқалармен өз қатынастарын құратыш комекші тәсіл болады. Әр адамда тек өзіне тән басқа адамдармен қарым-қатынаска түсіндік стилі болады. Ол серіктеске және әрекет сипатына қарай біршама өзгеріп отырады, бірақ қайткенде де өзінің тұлғаралық қайталанбас және бірегей табиғи ерекшеліктерін сақтайды. Сонымен бірге, стиль адамдар арасындағы өзара қатынастардың ерекшеліктерін көрсетеді, олар өз кезегінде қарым-қатынаска түскен тұлғаның қайталанбас мәнін білдіреді.

Қарым-қатынас - күрделі процесс, яғни адамдар арасындағы өзара әрекеттесу, ақпарат алмасу, сонымен қатар серіктестердің бір-бірін қабылдауы мен түсінуі. Қарым-қатынастың

негізгі субъектілері – адамдар. Сонымен қатар, қарым-қатынастың субъектілері ретінде басқа да тірі ағзаларды алуға болады, бірақ тек адамдар арасындағы қарым-қатынас саналы турде жүзеге асып, вербалды және вербалды емес актілермен байланыстырылады. Қарым-қатынас үдерісінде ақпаратты беруші – коммуникатор, ал ақпаратты қабылдаушы – реципиент деп аталады.

Қарым-қатынасты бірнеше аспектілерге бөліп қарастыруға болады: мазмұны, мақсаты және құралдары.

Қарым-қатынас мазмұны – бір тірі ағзадан екіншісіне өзара түйісу (контакт) жағдайында берілетін ақпарат. Бұл ақпараттар субъектінің ішкі (эмоционалдық) жағдайы немесе сыртқы ортадағы қалыптасқан жағдайлар туралы болуы мүмкін. Деғенмен қарым-қатынас субъектілері адамдар болып табылғанда ғана, ақпарат мазмұны алуан түрлі, мағыналы болып келеді.

Қарым-қатынас мақсаты – «Қарым – қатынас актіне не үшін қатысады?» деген сұраққа жауап береді. алғашқы аспектідегі қафіда мұнда да сакталынады. Жануарлар әлемінде қарым-қатынас мақсаты олар үшін өзекті биологиялық қажеттіліктер шеңберінен шықпайды. Ал адамдар үшін сан алуан және жан-жақты бола отырып, әлеуметтік, мәдени, шығармашылық, танымдық, эстетикалық және тағы да басқа қажеттіліктерді қанағаттандырады.

Қарым-қатынас құралдары – бір жанды ағзадан екіншісіне қарым-қатынас үдерісінде берілетін ақпараттардың түрлі шифрлер мен қайта өндеулер, хабарлау, кодтау тәсілдері болып табылады. Ақпаратты кодтау – хабарлаудың бір тәсілі. Адамдар арасындағы ақпарат алмасу сезім мүшелері, сөйлеу және т.б. белгі жүйелері, жазу, техникалық және сактау құралдары арқылы жүзеге асырылады.

Ал Е.В. Залюбовскаяның пайымдауынша, қарым-қатынас, бір жағынан – адами қарым-қатынастың негізгі тілдік құралдары ретінде, яғни оны жүзеге асырушы құралдарға байланысты, ал екінші жағынан – қарым-қатынасқа тұсушілердің арнайы коммуникативті іскерлік және дағдыларына байланысты болады.

Психолог Р.С. Немов қарым-қатынас мәселесіне тоқтала отырып, қарым-қатынасты мақсатына, мазмұнына және құралдарына байланысты бірнеше түрге бөліп қарастырады, соның негізінде келесі беттегі сыйба жасалынды.

Олай болса, қарым-қатынастың барлық түрі психологиялық құрамы жағынан бірынғай келеді. Қарым-қатынастың басталуы өзі қызмет жасайтын іс әрекеттің бір қажеттілігімен байланысты.

Ал Г.М. Шеламова қарым-қатынас мазмұнына, мақсатына, құралдарына, қызметіне, түрлері мен формаларына қарай жіктелінеді дей отырып, қарым-қатынастың келесі формаларына тоқталады.



Сурет 4 - Қарым-қатынастың түрлері (Р.С.Немов бойынша)

Олар:

- 1) шартталмаған – адамдардың тікелей бір-бірімен қатынас жасауы;
  - 2) шарттаған – арнайы құрал-жабдықтардың көмегімен қатынасқа түсіу;
  - 3) тікелей – «бетпе-бет» жағдайында қатынас жасауы;
  - 4) жанама – қарым-қатынас процесіне үшінші бір адам арқылы араласуы;
  - 5) тұлғааралық – адамдардың топтасу немесе жұптасу арқылы қатынасқа түсіу;
  - 6) көпшіліктік – қоғамдағы бейтаныс көп адамдардың байланыстары мен түйіслері, соынмен катар бұкарапалық ақпарат құралдары арқылы қатынас жасауы. Қарым-қатынастың маңызды шарттары мыналар:
    - біріншіден, қарым-қатынас болатын жағдайды дұрыс түсіне білу;
    - екіншіден, сөйлейтін сөзді дұрыстап жоспарлап алу;
    - үшіншіден, қарым-қатынастың мәнін жеткізетін ұтымды құралдарды колдану;
    - төртіншіден, кері байланысты бақылап отыру.
- Қарым-қатынас әрекет ретінде қарапайым актілер жүйесін сипаттайтын. Әрбір акт:
- a/ қарым-қатынасқа түсуші субъекті,
  - b/ инициатива бағыттаған субъектіге,
  - c/ қарым-қатынасты ұйымдастыруға арналған ережелерге,
  - d/ қарым-қатынасқа қатысушылар көзделген мақсаттарды шешуге,
  - e/ өзара әрекетке түсуге әсер еткен ситуацияға қарай анықталынады.

Қарым-қатынастың үш неғізгі сипаты бар, олар: коммуникативтік, интерактивтік, перцептивтік.

Коммуникативтік сипаты – адамдарды өзара белсенді ақпарат алмасуының алғышарттарына байланысты, дәлірек айтсақ, шарты, мақсаты және ниеті.

Интерактивтік сипаты - өзара әрекеттесудің жалпы стратегиясының құрылымына байланысты, яғни қарым-қатынастың серіктестік және бәсекелестік типтерінің болуы.

Перцептивтік сипатына басқа адам образының қалыптасу үдерісі кіреді, мұндағы басты ескеретін жайт адамның психологиялық ерекшеліктері мен қасиеттері.

Қарым-қатынас үдерісін зерттеуде қарым-қатынас қызметтеріне басты назар аударған жөн. Себебі бұл аумақта сан алуан пікірлер мен ойлар айтылады. Атап айттар болсақ, Ресей ғалымы Б.В. Ломов қарым-қатынас қызметтерін көпқырлы дей отырып, оларды үш топқа бөліп қарастырады:

1. ақпаратты-коммуникативтік;
2. реттеуші-коммуникативтік;
3. аффекті-коммуникативтік.

Алғашқы топқа ақпаратты беру-алу үдерістерін толық жатқызуға болады, себебі кез-келген берілген ақпарат міндепті түрде басқа да қарым-қатынас субъектілеріне жететіні анық.

Келесі топ мінез-құлықты реттеуші қызметті сипаттайтын, яғни адам өз мінез-құлықмен катар өз әрекетін реттеуге тырысады.

Ал үшінші, яғни аффекті-коммуникативтік қызмет тобы адамның эмоциялық аумағына байланысты, мысалы адам көнілі жабырқау бола қалса не беймаза күйге таи болса, ішкі сырымен, өз көніл-күйімен, жағдайымен бөлісуге дайын тұрады.

Қарым-қатынас қызметтері ұғымын өз кезегінде А.А. Брудный теренірек аша түсіп, негізгі қарым-қатынас қызметіне құралдық қызметті жатқызады. Оның көзқарасы бойынша, атальмыш қызмет түрі басқару үдерісі мен бірлескен еңбекте үлкен әсер етеді. Жогарыда айтылған пікірлер мен тұжырымдарға сүйене отырып, қарым-қатынас мақсаты көрсеткіштеріне сай қызмет түрлерін төмендегідей құрылымда топтастыруға тырыстық. Олар:

- 1) түйісу – ақпаратты тасымалдауға дайындық жүргізу және өзара байланысуга жағдай туғызу;
- 2) ақпараттық – хабар, сонымен катар ой-пікір және шешімдермен алмасу;
- 3) тұртқілік – қатынас серіғінің белсенділігін арттыру;
- 4) үйлестірушілік – бірлескен әрекетті ұйымдастырудагы өзара келісімге неғізделу және бағытталу;
- 5) түсіністік – серіктестердің бір-бірін толық түсінуі;

6) эмотивтік – серіктесте қажетті көңіл-күй жағдайын тузыу және өз көңіл-күйін қажетті жағдайда өзгерте алуы;

7) қатынас орнату – индивидтің өзінің орнын, мәртебесін және ролін анықтауы мен сезінуі;

8) әсер ету - әріптестің мінез-құлқын, жағдайын, жеке-матыналық білімдерін, соның ішінде ниетін, ұстанымдарын, пікірін, шешімдерін, қажеттіліктерін, әрекеттерін, белсенділік-терін өзгерте алу.

Сонымен қатар, кейбір әдебиеттерде қарым-қатынастың төмендегідей қызметтерін де көрсетеді. Олар: әлеуметтік және психологиялық қызметтері. Әлеуметтік қызмет: бірлескен әрекетті ұйымдастыру, әрекетті және мінез-құлқыты басқару, бакылаудан тұрады. Ал психологиялық қызмет: тұлғаның психологиялық жағдайын қамтамасыз ету, қатынаска түсude қажеттілікті қанағаттандыру және өзін-өзі бекіту қызметтерін жүзеге асырады.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, адам жеке қалған жағдайда да қарым-қатынас қызметін сақтап қалады. Ал қазакстандық ғалым А. Құдиярова ортақтасу, яғни қарым-қатынас – адамның психикалық дамуының және мінезінің алғышарты, негізі дей отырып, бірнеше қызметтерін бөліп көрсетеді. Олар:

- байланыстыру, прагматикалық қызметі;
- қалыптастыру, дамыту қызметі;
- растау қызметі;
- тұлғааралық эмоциялық қатынастарды ұйымдастыру мен тіркеу қызметі;
- тұлғаішілік қызметі.

Егер қарым-қатынасты накты қатынастар жүйесінде қарастырсақ, қарым-қатынас қызметтерін төмендегідей топтастыруға болар еді:

1. Психологиялық қызметтері – индивид немесе тұлғаның дамуының алғышарты ретінде.

2. Әлеуметтік қызметтері – қоғам дамуының алғышарты ретінде.

3. Құралдық қызметтері - әлем мен адам арасындағы сан алуан байланыстарды анықтаушы ретінде.

Аталмыш қызметтер қатынастардың мына қарапайым моделінің тууына себеп болады:



Сурет 5 – Қарым-қатынас қызметтері арасындағы өзара байланыс

Қарым-қатынас – бұл адамдар арасындағы қатынастарды орнату және дамыту процесі, яғни ол бірлескен әрекетіндегі олардың қажеттіліктерінен туындаиды.

Бірлескен әрекеттегі жанамаланған қоғамдық байланыстар жүйесіндегі тұлғаны талдау А.В. Петровский және оның әріптестері дайындаған іс-әрекеттік жанамаланған жеке тұлғалық қатынастар теориясының басты дінгегі болды. Аталған әлеуметтік-психологиялық теория қазіргі кезде «өзара байланысты мақұлдаулар мен дәлелдемелер жүйесі болып табылады, әртурлі әлеуметтік-психологиялық феномендерді және топішілік белсенділік эффекттерін түсіндіру мен олардың пайда болуын болжау әдістерінен тұрады». А.В. Петровский ол теорияда іс-әрекеттік жанамалану теориясының әлеуметтік-психологиялық білімдер жүйесінде алатын орнын анықтайтын қағидалық ұстанымдардың бір қатарын жариялады.

А.В. Петровский мен оның әріптестері осы теорияны топтарды зерттеу үшін қолдана отырып, әрқайсысы топ мүшелерінің өзара қарым-қатынастарына негіз болатын белгілі бір қағидамен сипатталатын қатынастардың үш қабаты (страт) бар топтың топтық белсенділігінің стратометрлік тұжырымдамасын дайындаады. Бірінші қабатта тұлғааралық қатынастардың жынытығы бірлескен қызметтің мазмұнды жағымен жанамаланбаған

эмоциялық факторлармен сипатталады. Екінші, теренірек қабатты бірлескен қызметтің құндылықтың сипаттамаларымен жанамаланған өзара қарым-қатынастар құрайды. Құндылықтың жанамаланған катынастар қабатының дамығандығы топтың даму деңгейінің аса маңызды көрсеткіш болып табылады. Үшінші, ең терен қабат нақты мақсаттың бағыттағы қызметтеп анықталатын топтың сипаттамалардың жиынтығынан тұрады. Олар: қызметтің мақсаттары, кәсіби дайындық, жұмысқа қабілеттілік, басшылықтың сипаты және т.б. Аталған барлық қабаттар бір-бірінен оқшауланған емес, өзара тығыз байланысты, ішкі қабаттар сыртқы қабаттарға ықпал етіп, оларды өзгертіп отырады.

Бірлескен әрекет процесінде адамдардың бір-біріне деген жағдайлары, олардың құқықтары мен мідettері әрі бірдей, әрі әр түрлі болуы да мүмкін. Аталмыш жағдайда оларға бір-бірі туралы, яғни әрқайсысы үшін бастапқы маңыздылығы бар ақпарат мазмұныны әсер етеді.

Психология мен педагогика ғылымдарында әрекет астарында адамның айналасындағы нақтылықпен өзара әрекеттесуі, яғни адамның мақсатты турде оны өзгертуі және соның нәтижесінде өз қажеттіліктерін өтөуін түсіндіреді.

Л.И. Божовичтің пікірі бойынша, кішкене құнінен бастап баланың қарым-қатынаска қажеттілігі таңдамалы болып келеді. Мысалы, 2-3 айлық нәресте ересек адамды көргенде түрлі мимикалық әрекеттер арқылы өз куанышын білдірсе, 5-6 айлық нәресте таңдаулы адамдарға гана өз эмоциясын көрсетеді. Яғни, өзіне жақын адамдарды көргенде куаныш сезімін, ал жат адамдарды көргенде жатырқау, тіпті жылау арқылы өз эмоциясын білдіріп отырады. Міне, осы кезеңнен бастап индивидтерде бірлесіп әрекет жасауга деген қажеттіліктер туындағы бастайды. Бірлесіп әрекет жасау барысында микро немесе макро топтар құрылады.

Сонымен қатар, қарым-қатынас ауқымының кеңдігін субъектілердің өзара әрекеттесу барысындағы қарым-қатынас стилдерінен де көруге болады.

Қарым-қатынас стилі дегенді біз педагог пен білім-терлердің әлеуметтік – психологиялық өзара әрекеттеріндегі

терес – психологиялық ерекшеліктері деп түсінеміз. Жалпы психология және педагогикалық психология ғылымдарындағы жүргізу жұмыстарына сүйенетін болсак, қарым-қатынастың тәмемдегі бірнеше стилдерін атап өтуге болады:

- авторитарлық стиль;
- өктемдік стиль;
- демократиялық стиль;
- дистанциялық стиль;
- немқұрайлық стиль;
- ойнақы-калжынға негізделген стиль;
- аралас стиль.

Озара түйісу кезеңдері үйлесімді, яғни өзара позитивті қажеттілікten туындаған жағдайдагы қарым-қатынасты – синтониялық қатынас моделі деп атайды. «Синтония» - адамның өзімен-өзі және басқа адамдармен үйлесімді қатынаста болуы. Қарым-қатынастың синтоникалық моделі нейролингвистикалық бағдарлама негізінде жасалған. Ол қарым-қатынасты игерудің негізгі техникаларын боліп көрсете отырып, қарым-қатынастың синтоникалық моделін тәмемдегі формула негізінде көрсетеді:

Қабылдау + ойлау = қарым-қатынас

Қарым-қатынастың синтоникалық моделі бойынша әрбір адам өзінің симпатия деңгейіне қарай өзгелерді қабылдайды. Бұл адамның негізгі репрезантитік жүйесіне байланысты болады. Бұл жүйе қарым-қатынас барысындағы көз қозғалысынан, сөздердің қолданылуынан, түрлі қалып ерекшеліктерінен көрініс табады. Яғни, басқа адамның репрезантитік жүйесіне ене алу – онымен жақсы байланыс, өзара түсінушілік және қарым-қатынас орнату деңгейіне жетуді білдіреді. Репрезантитік жүйенің тәмемдегі түрлері болады:

- визуалды – көру түйсігіне байланысты;
- аудиалды – есту түйсігіне байланысты;
- кинестетикалық – сипап-сезу түйсігіне байланысты.

Қарым-қатынастың синтоникалық моделіне қол жеткізу мақсатында тілді мазмұнды және кедергісіз қолдану репре-

зантитвік жүйе деңгейіне байланысты. Яғни әңгімелесу мен іскерлік катынастар вербальдық формада (агылшын тілінен аударғанда – «verbal» – сөз, аузыша деген мағына береді) жүзеге асады. Бұл қарым-қатынаска катысушылардан тек сауаттылықты ғана емес, сонымен қатар тілдік қарым-қатынас этикасын сактауды қажет етеді. Және де бірқатар сөз сапаларына да байланысты болады.

Оларға: сөз нактылығы, сөз тазалығы, сөз жүйелігі, сөз мәнерлігі, сөз байлығы, сөз орындылығы жатады. Бұл сөз сапалары білім субъектілері арасындағы қарым-қатынастың тиімді болуында маңызды роль атқарады.

Яғни:

- сөз тазалығы - әдеби тілден тыс сөздердің қолданылмауы, соның ішінде диалектік, кәсіби, жаргон сөздер және т.б.;
- сөз нактылығы – сөз мазмұны мен ақпарат мағынасының негізінен сәйкес келуі. Сөздің нактылығы сөзді орынды, накты, дұрыс қолдана алуға байланысты. Сөз нактылығының маңызды шарты - лексикалық нормалардың сакталуында. Егер сөйлеуші қажетті ақпаратты субъектіге жеткізуде мағыналас сөздердің ішіндегі ең орындысын таңдаған кезде ғана, сөз нактылығы көрініс береді.
- сөз жүйелігі – ойлау компоненттерінің бөліктері мен сөйлеу компоненттерінің мағынасының қатынасының көрінісі;
- сөз мәнерлігі – тіл мәнерінің бар мүмкіндіктерін жүзеге асыру нәтижесінде көрініс беретін сапа. Ол барлық деңгейлердегі тіл бірліктерімен жасалына береді. Сонымен қатар, тілдің арнайы көркемдік қасиеттері болады (троптар, стилистикалық фигурандар), олар айтылған ойды, әсерлі, образды, эмоционалды етуге көмек береді;
- сөз байлығы – ақпаратты барынша әсерлі жеткізе алуға мүмкіндік беретін сөз бірліктерін еркін және кең қолдана алу;
- сөз орындылығы – тілдегі сөз бірліктерінің мақсатына, жағдайына, мағынасына сәйкес қолданылуы.

Аталмыш категориялар вербальды қарым-қатынас құралдары болып табылады. Вербальды қарым-қатынас тек адам-

та тапа тән және тілді мендетті шарт болып табылады. Оның коммуникативтік мүмкіндіктеріне қарай ол вербальды емес қарым-қатынастың барша түрлері мен формаларынан бай, деңгемен оны толыктай алмастыра алмайды. Және де вербальды қарым-қатынастың дамуы бастапқыда міндетті түрде коммуникацияның вербальды емес құралдарына келіп тіреледі.


Жалпы адамдарда қарым-қатынастың вербальды және вербальды емес түрлері маңызды болып табылады. Вербальды емес қарым-қатынас дыбыстық сөйлеуді, табиғи тілді құрал ретінде пайдалануды қажет етпейді. Вербальды емес қарым-қатынас – ол мимика, жест, пантомимика, тұра сенсорлы немесе жаисудың қомегімен жүзеге асады. Бұл өзгелерден алынатын тактильді, көру, есту, ііс сезу және т.б. сезімдер мен обrazдар.

Професор К. Жарықбаев: «қарым-қатынас – адам іс-әрекеттің аса ауқымды саласы, өмір сүру, тыныс тіршіліктің негізгі арқауын білдіретін ұғым. Адамға ауа, тамак, киім, басшана қандай қажет болса, айналасындағылармен қарым-қатынаста болу да аса маңызды» деген анықтама береді [47. 400-б.]. Галым тұжырымын басшылыққа алып, мәселені талдаудың түйінде реттіңде айтарымыз: қарым-қатынас үдерісі адам өмірінде болып жатқан түрлі ақпарат алмасулар, әлеуметтік, мәдени және рухани құндылықтармен алмасу, адам санасы мен мінездікүлкіншілікке өзара әсер ету, өзара әрекеттесу тәсілдері және т.б. маңызды қызметтерді атқарады.

Сонымен бірге, К. Жарықбаевтың тұжырымдауынша, «өзгелермен қарым-қатынас жасау – бұл тіршілікке аса маңызды ақпарат (хабар) алмасу деген сөз. Адам қарым-қатынас арқылы айналасындағы дүние жайлы мәлімет алады, еңбек пен тұрмыс дағдыларына машықтанады, адамзат жасап шығарған түрлі құндылықтарды менгереді. Эрине, қарым-қатынас ақпарат алумен ғана шектелмейді, оның шенбері аса кең, бұл көп қырлы ұғым» деген пікірі жоғарыда айтылғандарды қорытындылауға өте орынды.

Қарым-қатынас қызметтерінің сан алуандығын қарастыра отырып, қайсыбірін дұрыс не бұрыс деп айтуга болмас, себебі олар бір-бірін жокқа шығармайды. Дегенмен, жалпы қарым-қа-

тынас процесі көп өлшемді және полиқызметті процесс түрғысында зерттелуі тиіс.



*Curret 6 - Карым-қатынас процесінің жалпы құрылымы*

Қарым-қатынас адамзат үшін әр түрлі деңгейде, әртүрлі салынада қалыптастыруды қажет етегін құбылыс. Қарым-қатынасты білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі тұлғылықтарына негізделген мәдени сауаттылық, танымдық іс-әрекет дамуының деңгейі ретінде қарастыруға болады. Тұлға қарым-қатынас процесінде дамиды. Қарым-қатынас оның танымдық іс-әрекетіне ықпал етіп, психикалық процестерінің ғанаңтасуына негіз болады.

Галымдар қарым-қатынас ерекшеліктеріне үлкен мән берген. Қарым-қатынаста, қарым-қатынас мәселесін түсінуді талдау үшін түрлі аспектілер ерекшеленіп алыны мүмкін. Жиыны қарым-қатынастың түрлі қызыметтері нақты бір субъекттің омірінде түрлі орын алады. Бұл тұлғаның жекелік-психологиялық типологиясының негізі болуы мүмкін, нәтижесінде субъект әлемі кең көлемде қарастырылатын зерттеу бағдарламасын құруға әкеліп соғады.

Жоғарыда айтылып өткен мәселелерді жинақтап, талдай отырып қарым-қатынас процесін жинақтаушы схема жасалынды (сурет - 7).

Осы түрғыда, қарым-қатынас процесін полиқызметтік, яғни соның ішінде этностық қарым-қатынас мәселелеріне байланысты ғылыми еңбектер, жаңалыктар, мақалалар, зерттеу жұмыстарына талдау жұмысымыздың келесі бөлімінде толықтай жасалады.

## 1.2 Қарым-қатынас – этникалық топтар дамуының алғышартты ретінде

Әлемде болып жатқан өзгерістер, дәлірек айтсақ әлеуметтік-экономикалық, саяси, идеологиялық арақатынастардың, доскері шиеленістердің көбеюі конфесионалдық және ұлттық идеалдардың шеттетілуі, жалпыадамзаттық құндылықтардың бағаланбауы көбіне этностар арасындағы қарым-қатынаста шиеленістік жағдайларға соқтыратыны белгілі. Осы орайда, тұлға бойында нақты этнос өкілдерінің өзіндік ерекшеліктері, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, құндылық бағдары, ұлттық мәдени қағидалары және этносаралық қарым-қатынас мәдениет негиздерін қалыптастыру маңыздылығы артады.

Қазақстан секілді поліэтностық мемлекетте этносаралық шиеленістік жағдайлардың алдын алулың бірден-бір жолы – ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін дамыту. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1999 жылы 21 қантарда Қазақстан халықтары ассамблеясының бесінші сессиясында жасаған баяндамасында моноұлттық мемлекет қуру елімізге үлкен кедергісін тигізіп, Қазақстан пайдасы үшін өз таңдауларын жасаған басқа этнос өкілдерін өзекке тепкенмен тең болатындығын тілге тиек ете отырып, халықтарды өзара бірлікке, ынтымактастыққа, достыққа, толеранттылыққа шақырды. Олай болса, бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі – «ұлтаралық қарым-қатынас» мәдениетін қалыптастыру, дамыту болып табылады.

Бүкіл әлем халқы бейбіт өмір суруге әбден құқылы. Ол үшін халықаралық ұлт пен ұлысқа, дінге қатысты өзекті мәселелер біздің мемлекетіміздегідей етіліп шешілуі тиіс. Қазақстан халқы Ассамблеясы әлем халықтары үшін бейбіт өмір сұрудің, этносаралық татулық пен конфессионалық көлісімнің моделі іспеттес. Кез келген елде ешқандай қақтығыссыз өмір суруге болады, мұны бүкіл әлемге Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың сарабдал саясаты, мемлекет басқарудағы жарқын қызметі, Қазақстан мемлекетінің бүгінгі өмірі дәлелдеп отыр. Осы тұрғыдан қараганда “Қазақстанның ел бірлігі” доктринасы – осы жетістіктерді өмірге ендіре түсуді, нығайта беруді жүзеге асыратын аса маңызды саяси әрі тарихи құжат. Доктринаны іске асырудың негізгі бағыттары ретінде этносаралық өзара іс-кимыл институттарын нығайту саласын, тіл саясаты саласы, білім беру мен тәрбие саласы, рухани-мәдени сала, акпараттық сала, құқық және құқық қорғау саласы, конфессионалық қатынастар саласы делініп нақты көрсетілген.

Әлеуметтік ғылымдардың өзекті мәселелерінің бірі – ұлтаралық қарым-қатынас процестерін зерттеу болып табылады. Еліміздің әр түрлі аумақтарында жүргізілген, кенес этносоциологтарының зерттеулері көрсеткендей, түрлі ұлт өкілдері арасындағы қарым-қатынас процесі, олардың арасындағы қатынастардың қалыптасуы шешуші деңгейде кеңестік қоғам дамуының жалпы факторларының әсеріне байланысты. Осы тұста,

нақты бір республика, елді мекендерге тән спецификалық ерекшеліктер әсерінің басымдығы да қатар тұрады.

Қазақстан Республикасы – поліэтникалық мемлекет, онда үйрі ұлт өкілдері тіршілік етеді. Өмірлік әрекеттерінің жағдайлары, тарихтың жылжына қарай кейбір кезеңдерде этностар арасындағы этникалық шекаралардың жойылуына экеліп соқты. Сондықтан бүтінгі күні ғылым алдында бірден-бір жаңа құбылыс ерекшеліктерін – түрлі мәдениеттердің бірігуі тұсында этникалық трансформациялану процесінің нақты көрініс беруі, яғни этномәдени маргиналдылықты зерттеу міндеті тұр. Республикада этникалық психология проблемаларын зерттеу, яғни, ұлттық мектептер проблемаларымен катар тіл, мәдениет, әдеб-ғұрып, дін, т.б. төнірегіндегі этнопсихологиялық едбектердің қажеттілігі қүн өткен сайын арта тұсуде.

Алайда этнопсихологиялық зерттеулерде жекелеген кемшиліктер де орын алып келеді. Мәселен, нақтылы эксперименттік-психологиялық жұмыстардың саны әлі де мардымсыз, көптеген этнопсихологиялық түсініктердің мазмұны, негізінен шетелдік зерттеулердің мәліметтері мен тұжырымдарына сүйенген. Зерттеушілер көбіне бұган дейін жеткілікті турде белгілі болған американ, француз, неміс, т.б. халықтардың этникалық қарым-қатынастары мен байланыстарына сілтеме жасайды. Интернационалдық саясаттың жасанды ұрандарының әсері этнопсихологиялық зерттеулерге әсерін тигізгені сөзсіз. Сондықтан да осы күнге дейін, жақын шет елдердегі этностық мәселелер мен психологиялық жәйттер байышты, салиқалы зерттелген емес. Дегенмен, Н.Е. Исенованаң пікірінше, социализм нақты ұлттар мен халықтардың тарихи дамуымен байланысты психологиялық өзгешеліктерін жоймайды... Қоғам тіршілігінің барлық жақтарындағы антагонизмді жойған жаңа өмір жағдайлары нақтылы социалистік ұлттар мен халықтардың мұлтікіз өркендеуі мен жақындастыруын мүмкін еткендігін тілге тиек етеді.

Аталмыш пікірге мулде қарама-қарсы пайымдау ұлттық психологияның негізін салушы ғалым Қ.Б. Жарықбаевтың еңбектерінде кездеседі. Яғни өз этносына тән психологиялық ерекшеліктерді, мінез-құлық ережелерін сактай алмайтын

тұлғаны кемелденген, өзінше дербестікке жеткен азамат деуге, жалпы толыққанды адам санатына қосуға болмайды. Тоқырау жылдарында қоғамдық прогрестің өрсекел іркілістері халқыныздың санасында жалпы адамзаттың абстрактілі мінез-құлық ережелерін барынша «сіңіріп» бақты да, ұлттар мен ұлыстардың әркайсысына тән адамгершілік асылдары мен этнопсихологиялық ерекшеліктері еске алынбады, жекелеген кісінің белгілі бір этноска катынасын сөз еткенде, кейде мұның өзін ұлтшылдықтың көрінісі деп есептейтін болды.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі қазіргі кезеңде көптеген философия, әлеуметтану, этнопсихология, психология гылымдары ғалымдарының қызығушылығын оятуда. Қарым-қатынас - әр бір политұлғаны дамыту үшін қажетті шарттардың бірі, өйткені қарым-қатынассыз адамзат қоғамының пайда болуы мен дамуы мүмкін емес. Ұлтаралық және жалпы қарым-қатынас мәселелерін зерттеуде Э. Бэрнс, Д. Карнеги, С. Дерябо, А.А. Леонтьев, С.А. Арутюнов, Э.А. Баграмова, Ю.В. Бромлей, Л.Н. Гумилев, М.И. Станкин, М.С. Каған, В.А. Кан-Калик, Қ. Жарықбаев, Ә. Алдамұратов, С.М. Жақыпов, Х.Т. Шеръязданова және т.б. көптеген ғалымдар елеулі табыстарға, жаңалықтарға кол жеткізді. Адамдардың бір-бірін түсінуде табыстарға қол жеткізу жолдарын, тұлғааралық қарым-қатынас процесін зерттеу қажеттілігіне байланысты XX ғасырдың 20 жылдарының бас кезінде ғылыми әдебиеттерде «коммуникация» ұғымы қолданыла бастады. Қазакшага аударғанда «байланыс» ұғымын білдіреді, яғни адамдар арасындағы тікелей байланыстың барлық формаларында кеңінен қолданыла береді. Коммуникацияның іскерлік, педагогикалық, тұлғааралық, этносаралық және т.б. да түрлері бар. Мәдениаралық коммуникация түрлі мәдени түйісулер және мәдениет өкілдерінің тұлғааралық қарым-қатынасына тән ұғым. Себебі, тұлғааралық қарым-қатынас барысында түрлі мәдениет өкілдерінін төл ұлттық сана-сезімі жогарылай түседі, өзара ақпарат, тәжірибе алмасу процестері жүзеге асады. Қоғамдық-тариhi әдебиеттерде «ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті», «мәдениаралық коммуникация» ұғымдары XX-ғасырдың 80-ж. басынан қолданысқа енгізіле бастады.

Осы тұста отандық зерттеуші С.С. Серікжанова айқын топтостық және поликонфессилялық құрамы бар мемлекеттің тұлғалар, жеке әлеуметтік тұрақтылыққа қол жеткізу өнімі оны нығайту, тұлғалар, жеке әлеуметтік топтар және қоғам мұдделерін үйлестіру міндепті этностық қауымдастықтардың өзара арекеттесуінің ұтымды түрлерін этносаралық өзара қарым-қатынасқа тұсу мәдениетін жогарылату мақсатымен тығыз байланысты деп пайымдайды, ал ресейлік бірқатар ғалымдар өзінде омірлік жағдайлар көрсеткендей, дамушы полимәдени қоғамда адами өзара катынастардың ең әлсіз тұстары этностық және этностық бірдейлік болып табылады деген қағидаға тоқталады.

Қазақ ақын-жырауларының қоғамдық ойларында да басы ал-Фараби, Ибн Сина мектептерінен бастау алатын бүкіл шығыс алеміне тән дәстүр, этикалық проблемаларға халықтық психологияға катысты мәселелерге бой ұры байқалады.

Нақты ұлттық тұгастықтың ұлттық психологиясы қоғамдық болмысты әлеуметтік психологиялық бейнелеудің өзіндік ерекшелігімен айқындалатын күрделі құрылым. Ұлттық психология – тарихи өзгермелі құбылыс. Оның құрылымдық элементтерінің қалыптасуы мен дамуы әрбір ұлттың өмірінің табигитарихи, экономикалық, саяси, мәдени жағдайлары дамуымен органикалық өзара байланысты. Ұлттың жеке компоненттері қайсыбір біршама болатынына қарамастан олардың көрінү құрылымына тәуелді.

Жалпы этникалық аумақтағы қарым-қатынас, ұлтаралық қатынас мәдениетінің көрсеткіштерін анықтау тұрғысында, сонымен қатар түрлі әлеуметтік-саяси жүйелерде ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі көптеген зерттеуші-ғалымдардың: А.В. Авксентьев, Т.Ю. Бурмистрова, Н.Н. Гасанов, Л.М. Дробижева және т.б. енбектерінде көрініс береді. Осы тұрғыда Л.М. Дробижева қарым-қатынас құрылымын толық қарастыра отырып, ұлтаралық қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық астарларына талдау жасайды. Ал Т.Ю. Бурмистрова және О.А. Дмитриевтің енбектерінде қоғамдық өмірдің түрлі аумақтарындағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің мәні, процестің қалыптасуы және қызметі туралы қарастырылды.

Егер этнопсихология дербес ғылым болып қалыптасуды алға қойса, онда ол үнемі адамдардың этникалық қасиеттері мен ерекшеліктерін іздеу, табу, зерттеу және өзгертумен айналысыу керек. Оның негізгі міндепті түрлі этностардың өзіндік психологиялық қызметтерінің заңдылықтарын айқындау, механизмдерін анықтау болуы тиіс.

Аталмыш мәселелер аумағын терең зерттеу ұлттық психология ғылымының негізгі объектісі. Яғни, ұлттық психология белгілі бір этностар, олардың шығу, қалыптасу, даму, өзгеріске ұшырау және т.б. құбылыстарын зерттей отырып, этникалық мәселердің шығу себептерін анықтау, түзету, алдын алумен айналысады. Ұлттық психология құбылыстарының қалыптасу факторларын ғалым В. Крысько өзінің «Социальная психология в схемах и комментариях» деген еңбегінде төмөнделгідей (сурет - 8) суретпен көрсетеді.

Суретте көрсетілген саяси-әлеуметтік және экономикалық дамудың әсерінен ұлттық психика мінездемесінің ерекшеліктері қалыптасады, себебі бұл ерекшеліктер қоғамдық және өндірістік катынастарға тәуелді. Бұлардың ерекше көріністері әр мемлекеттегі этностиқ бірлік өкілдері санасының дамуына ерекше белгі қалдырады.

Этностиқ бірліктің тарихи дамуы – көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, ұлттық психиканың көрінісі мен қызметі, оның ерекшеліктерінің туындауы сыртқы және ішкі атрибуттарымен анықталады, оның өкілдерінің психикасының ерекшеліктері, өмір сапасының тасымалдануы заңды құбылыс болып табылады.

Этностиқ бірліктің жасы – адамдардың ұлттық психикасының ұзақ қалыптасу күегері, оның даму келешегінің болашағы немесе деградациясы.

Ұлтаралық катынастардың сипаты және ондағы тарихи дәстүрлер ұлттық санаға және өзіндік санаға, басқа ұлтка катынасындағы сезім көріністірінің динамикасына әсер етеді.

Этностиқ бірліктің мәдени дамуы – адамдардың ұлттық психикасының негізгі сапалық мінездемесі, қоршаған ортаны арналы әстетикалық, моралдық және адамгершілік түргыда қабылдауы.

Этностиқ бірліктің тіл мен жазуы – этнос өкілдерінің обишу ерекшеліктерін және дүниетаным деңгейлерінің, көзқарас ерекшеліктерінің көрсеткіші.

Этностиқ бірлік өкілдері, әдетте, мына белгілермен:

- тарихи дамуы;
- территориясы;
- тілі;
- мәдениеті;
- психикалық ділі бар адамдар жиынтығы болып түсіндіріледі.

Этностиқ бірлік өкілдерінің өзінің тұтастығын сезінудегі оның көрінісі - «біз» деген түсінік.

Професор Қ.Б. Жарықбаев «этностиқ топ – тілі мен дінін, әдет-тұрпын сактаған этностиқ қауымдастықтың оқшауланған болігі» деп анықтама береді.

Р.Г. Абдувалипов өзінің «Адам. Ұлт. Қоғам» атты еңбектінде, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті кез-келген ұлтаралық қатынастар аумағының қажетті атрибуты бола тұрып, өз табиғатына сай қоғамның рухани өмірінің феномені, яғни ұлтаралық қатынастардың адамгершіліктік, моралды-саяси мәнінің арналы көрінісі болып табылатынын көрсетеді.

Жалпы ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі туралы тілге тиек еткенде, қарым-қатынас процесі міндепті түрде «топ», «ұжым» «политоп» деген ұғымдармен тікелей байланысып жатады. Осыған байланысты отандық психология негізін қалаушы ғалымдардың пікірінше: «адам ылғи топпен бірге өмір суретіні белгілі. Ал топтың түрлері сан алуан. Топтар макро, микро, реєсми, бейресми, формалы, формасыз, ұйымдастыранған, жасанды, табиги, референттік болып бірнешеге бөлінеді» делінеді. Ал ресейлік ғалым Ю. Данилевич өзінің ұлтаралық катынастарды зерттеуге байланысты ғылыми жұмысында ұлтаралық қарым-қатынастардың пайда болуына байланысты өз ойын былайша білдіреді: «сауда-саттық және мемлекеттер арасындағы соғыстар нәтижесінде пайда болған ұлтаралық қатынастар, адамдардың өзіндік ұлттық психикалық ерекшеліктерінің бекуіне әсер етті. Капитализмнің дамуы, яғни ұлттың

Толық қалыптасуы барысында әр үлт өкілдері психологиясы оздеріне тән спецификалық көрінісіне ие болды».

Ал қазақтың көрнекті ғалымы М.М. Мұқанов «Ойды этно және лингвопсихология тұрғысынан дәлелдеу» атты еңбегінде ...бір үлтқа жататындардың бәрінің сол қасиеттері бірдей келеді деуге болмайды. Өйткені антагоникалық қоғам дәүірінде бір үлтқа жататындардың психикалық қасиеттері жеке топтарға қарай әр түрлі деген тұжырым жасайды. Осы пайымдауларға келесі ғалымның тұжырымдары да үндес деп айтуға болады. Этникалық сапалар жалпы адами сапаларға тәуелді. Ал соңғылары өзіне тән, жекелеген этнос өкілдерінде ғана кездеседі. Оларды анықтау, зерттеу теориялық және эксперименттік тұрғыда қындықтарды көрсетеді. Этнопсихологиялық зерттеудерде бұл сапалар тек бақылаушы таңдамалылар ретінде ғана емес, соынмен бірге өзге этнос өкілдерінің ұқсас көрсеткіштерімен салыстырмалы түрде болуы тиіс. Дегенмен, әр адамда мейлі ол қай үлт немесе ұлыс өкіліне жатпасын мына жалпы адамзаттық қасиеттер болуы тиіс: ар-намыс, ұждан, әділеттілік, мейірімділік, жылы жүректілік, адалдық және т.б. Бұл жағымды қасиеттер барша адамзаттың өмірлік әрекетінің негізі болып табылады.

Ал зерттеуші-ғалым Л. К. Көмекбаевың пікірінше, «көп үлтты мемлекеттегі құнделікті қарым-қатынас процесінде этнопсихологиялық факторларды ескеріп, құру қажет. Бөтен халықтар мәдениетінің этнопсихологиялық тұрғысымен танысуы – олардың өзінің сол халықта тиістілігін жете түсініу жақсы түсінуге алып келеді» деген ойын ортаға салады. Осы тұрғыда, үлтаралық қарым-қатынас мәселесін терең зерттеу үшін, алдымен «этнос» ұғымының мәнін ашу қажеттілігі туындаиды.

Этнос және үлтаралық қарым-қатынас мәселелерін зерттеуде С.А. Арутюновтың, Э.А. Баграмовтың, Ю.В. Бромлейдің, Л.Н. Гумилевтің және т.б. көптеген ғалымдардың этнологиялық теориялары этносаралық катынас мәнін терең түсініп және аталмыш процестің ерекшеліктерін анықтауда маңызды орын алады.

Мәселең, Л.Н. Гумилев этности географиялық, табиги құбылыс ретінде қарастырады. Оның пікірінше «этнос»: «қай-

таппабас мінез-құлық стереотипі мен ерекше ішкі құрылымы бар, басқа да сәйкес топтарға өзін қарсы қоятын динамикалық жүйе». Сонымен қатар, этностиң негізгі белгілеріне ол өзіндік сана мен мінез-құлық стереотипін жатқызады және этностиң ерекшеліктер индивидте тұа емес, әлеуметтену процесінде қалыптасатынына тоқталады. Дегенмен кеңестік деуірде А.Ю. Бромлейдің этностиң теориясын жақтаушылар басымырақ болған. Ғалым этности белгілі бір аумақта тарихи қалыптасқан, ортақ тіл, мәдени және психикалық ерекшеліктерімен айқынданатын адамдардың тұрақты бірлестігі ретінде қарастыра отырып, этности – кең мағынада «әлеуметтік организм» терминімен байланыстырады.

Ал әлеуметтану ғылымында «этнос» ұғымына: «этнос – белгілі бір сыртқы түр-келбеттің ортақ белгілері, сондай-ақ біришма қалыпты мәдениет және тіл белгілері, мінез-құлық, қоғам және басқа үлттар мен наследерге ұксайтын адамдар тобының тарихи қалыптасқан бірлестігі, одағы» деген анықтама беріледі. Тарихи этнологиялық бағытта «этнос» ұғымы айрықша полиэтникалық және жалпы әлеуметтік заңдылықтарға тәуелді ерекше әлеуметтік жүйе туралы сөз қозғалғанда қолданылады. Аталмыш заңдылықтар этностиң табандылығын қамтамасыз ететін ішкі механизмдері мен этнос мүшелерінің мәдени келбеті мен мінез бітістерінен көрініс береді.

Этнос:

- этностиң барша өкілдеріне тән анықтаушы мінездік және коммуникативтік модельдермен;
- этностиң ішіндегі жекелеген топтарға тән мінездік, коммуникативтік, құндылық-бағдарлық, әлеуметтік-саяси модельдер мен мәдени элементтермен ерекшеленеді.

Қазіргі уақытта көп адамдар этнос, үлт, үлттық мемлекет деген ұғымдарды жете түсініп, ара-жігін ажыратса бермейді. Этнос – қоғам мүшелерінің шығу тегіне қарай топтасқан этникалық түбі бір адамдар тобы. Ал «үлт» ұғымы XVIII ғасырдың аяғында пайда болған анықтауыш, саяси түсінік. Оның этноспен байланысы бар. Бірақ мұлде басқа ұғым. Мысалы, Франция, Ұлыбритания, АҚШ-та үлт пайда болды. Алайда оларда этникалық принцип алдыңғы қатарға шықкан

жоқ. Олар этникалық емес, саяси принцип бойынша бірікті. Ол қандай саяси принцип? Мысалы, XVII ғасырдан бері тоқтаусыз ағылып жатқан мигранттардың отаны қырық құрау ұлттардан құралған Американы бір ұлт қылып біріктіріп тұрған саяси принциптер – либералды идеология, азаматтық қоғам, демократиялық құндылықтар.

Көрнекті тарихшы-этнограф Лев Гумилев: «этнос дегеніміз – жер бетіндегі белгілі бір тіршілік аймағы мен әлеуметтік аймақтың бірлігінде жатқан, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық кәсібі, мінез-құлқы, тілі мен мәдени мұрасы бір халықтар тобы» - деген анықтама береді.

Ал ғалым Қ. Жарықбаев: «Этнос – табиғи-тарихи негізде қалыптасып, «біз» бен «оларды» салыстыру мен қарама-касылықка негізделген адамдардың қауымдастығы» деп анықтама береді.

Қазақстандық ғалым С. Қалиев өзінің «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы» атты еңбегінде «этнос» ұғымы мен оның пайда болу заңдылықтарына токтала келіп, «әр ұлттың өзіне тән мінез-құлқы құрылышы үрпақтан-үрпаққа көшкен сайын өзгеріп отырады. Ол – этностиң үнемі әлеуметтік дамуда болатындығының айғағы» деген пікір білдіреді. Сонымен бірге, «этнос» гректің – etnos – тайпа, халық деген сөзінен шыққан. Ғылымда «халық» терминінің орнына «этнос» термині орынды колданыла бастады. Бұл термин этностиң негізгі тарихи түрі – «тайпа», «ұлыс» («народность»), «ұлт» ұғымын түгел қамтиды. Сондықтан «этнос» терминін колдану қолайлы екендігін айтады.

Жалпы көптеген этнограф-ғалымдар мен зерттеушілер қай этностиң болмасын ұлт болып қалыптасуы үшін төмендегі факторлар кажет деген тұжырым ұсынады:

- оның құрамына енген адамдар отбасының материалдық тұрмыс жағдайлары;
- территориясы мен экономикалық өмірі;
- тілі мен мәдениеті;
- сол ұлтқа тән кейбір психологиялық-этникалық ерекшеліктері.

Әр этностиң озіндік этникалық ерекшелігіне тән психикалық құрылымы болатыны белгілі. Олар: ұлттық сезім, салт-жастырлар және ұлттық мінез.

«Қазақстандық жалпыұлттық идея: мәні, мақсаты, қалыптасытура технологиясы» атты еңбектің авторлары «этнос» терминін екі мағынада түсіндіруге тырысады: біріншіден, ғаппос; екіншіден, этноәлеуметтік организм. Бір этникосқа өз елінің ауқымынан тықары жерлерде тіршілік етуші сол этностиң барлық топтары жатады. Ал этноәлеуметтік организм міндетті тұрде ұлттық мемлекетпен үзілмес бірлікте.

Ю.В. Бромлейдің қағидасы бойынша: «адамзат – ол халықтар». Осы қағидаға байланысты XX ғ. екінші жартысында басылым беттерінде «этнос» мәселесіне байланысты ғылыми жарияланымдар көптеп шыға бастады. Бұл мәселе, кенестік дауір кезеңінде этникалық факторларға баса назар аударылмауына тікелей байланысты болды. Сондықтан, «этнос», «этникалық» терминдерін А.В. Сухарев, В.В. Тихомин, А.А. Шапорева сияқты ғалымдар жаңа ұғымдар қатарына жатқызады, ал негізінде аталмыш ұғымдар алғаш рет Оксфорд создігінде 1972 ж. тіркелді.

Жалпы алғанда, этнос – этникалық өзіндік сананың ықпалынан, алдымен, этникалық тиістіліктен, сананың констатациялау іс-әрекетінен құралады. Ұлттың пайда болуы – объективті тарихи дамудың нәтижесі емес, ұлттық, тілдік, территориялық, мәдениеттік қауымға индивидуумдардың психикалық (саналы не санасы) іс-әрекет өнімі ретінде ұбынылады.

Көтеріліп отырған мәселе бойынша әдебиеттерге шолу жасау ғылыми зерттеулердің мына бағыттарын көрсетті: этностар өмір сүру барысындағы мекен ететін жері рөлі мәселесі негізі туралы П.И. Күшнер, этностардың тарихи типологиясын С.А. Токарев, этникалық қауымдастықтың мәселесі мен этникалық сана-сезімді М.Г. Левин, этностиң мәдени ерекшелігін Н.Н. Чебоксаров, этнос мүшелерінің эндогамиялық текстестігін Ю.В. Бромлей, этностиң территориялық және экономикалық байланысын В.И. Козлов, этнос аралық синхронды және диахронды байланыстардың маңызын С.А. Арутюнов, этнос аралық кіргізу

немесе ассимиляция жайында В.К. Гарданов, И.С. Гуревич сыңдығалымдардың енбектері «этнос» сөзінің мән-магынасын анағұрлым терендете түседі.

Қазақстан Республикасының күрделі этносаяси құрылымына зерттеуші Р.Б. Эбсаттаров төмөндегідей нақты ғылыми анықтама береді: «Қазақстан Республикасының этносаяси құрылымы дегеніміз – ұлтаралық катынастың және бірыңғай мемлекеттің көп ұлтты құрамын қураушы дос пейілді ұлттар, ұлыстар, ұлттық және этникалық топтардың өкілдері арасындағы катынастардың жиынтығы мен әлеуметтік-этникалық қауымдастықтардың жиынтығы мен әлеуметтік-этникалық қауымдастықтардың дамуын ұйымдастыру жолдары болып табылады».

Ал Л.А. Алиеваның көзқарасы бойынша, белгілі бір мәдениетке бекіген құндылыктар, адамгершілік-этникалық ұстанымдар жүйесі нақты бір этнос мүшелерін топтастыруды оларды қоршаған шындықтың, соның ішінде әлеуметтік обьектілердің маңызды негіздерін шарттастырады. Бұл топтастырулар қандай да «координаттар кестесін» құрады, оның жүйесінде адамдар өздерін және өзгелерді қабылдайды, таниды және бағалайды.

Этносаралық өзара белсенді әрекеттесу жағдайында түрлі мәдениет типтері мен психологиялық реттелудің этникалық механизмдерінде қарама-қайшылық туындарды. Бұл әр индивидтің осы механизмдерді талдаудан өткізуге жағдай жасайды. Түрлі типтері мәдениеттердің қарама-қайшылығы нәтижесінде тұлға образының қоғамнан бөлінуі жүреді, ұлғаның өзіндік бағалауы қоғамға қарама-қайшы жүйе ретінде қалыптасады. Полимәдениетті және полиэтникалық өзара әрекеттесу жағдайында адамның бағыты, құндылық бағдары және басқа да тұлғаның базистік сипаттамалары өзгереді.

Жалпы басқа этникалық топ өкілдерімен қарым-катынаска тұсу екі деңгейде жүзеге асуы мүмкін: тұлғаралық, яғни мұнда әр түрлі этникалық топ өкілдері бірлесіп өмір сүру жағдайында, тіл білімі маңызды болып саналатын бірлескен әрекетте өзара тікелей байланысады және топаралық, ал мұнда қарым-катынас аудармашы арқылы жүзеге асады. Қарым-катынастың осы екі деңгейінде әлеуметтік қабылдау екі механизмдердің – тұлғааралық және топаралық – көмегі арқылы жүзеге асады. Бұдан өзге

бұл жерде жыныстық және жас ерекшелігі факторларын ескеру күзет. Сонымен қатар, осы ойды толықтырушы А.П. Оконешниковнаның пікірі бойынша, тұлғаның әлеуметтенуінде оның ішкі реттеуші маңызды механизмдері: өзіндік сана, тұлғаның бағыттылығы және катынасы, сонымен қатар олар этносаралық қабылдаудың өзіндік және психологиялық мазмұны мен адамдардың бір-бірін түсінуінің шарты болып табылады.

Ал В.С. Агеевтің пайымдауынша, адам өзге этникалық ортага түскенде, ол үшін қойылған жаңа мәдени қойнау алдында ерекше қындыққа тап болады, өйткені басқа мәдениет көбіне «жазылмаған», тіркелмеген мәтін, заң, ереже және т.б. ретінде болып табылады, бірақ барлығы тек бейресми, дәстүрлі канондар, «әлеуметтік көрсеткіштер» арқылы тасымалданады. Ғұдан ортасына қарай жаңа этникалық мәдениет ортаның неғізін айырмашылыктарын түсінбеу, әрине, дезадаптацияға, этносаралық өзара әрекеттесудің құрылымының деструкциясына және оның құралдық (іскерлік), экспрессивті (тұлғалық) аспектілерінің бұзылуына әкеп соғады.

Қазақстан жағдайында этнос пен мәдениет саласының әр түрлі мәселелерін зерттеген ғалымдар А. Сейдімбек, Г.К. Шалабаева, Ж.К. Каракузова, Ж.О. Артықбаев, ұлттың табиғатын А. Айталы т.б.; ал психологиялық жағынан Қ.Б. Жарықбаев, С.М. Жақыпов, М. Итбаев, О.Х. Аймаганбетова және шетелдік ғалымдар З. Фрейд, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, К.К. Платонов, Б.Г. Ананьев, Л.С. Рубинштейн, А.Г. Ковалев, М.С. Коган, Г.М. Андреева, А.Г. Асмолов және т.б. қарастырған.

Аталмыш зерттеу жұмыстарында «этнос» және «этнос аралық қарым-катынас» мәселесі жан-жақты зерттелінген. Мәселең шетелдік Краусс, Роттер, Хейдер және тағы басқа да көптеғен зерттеуші-ғалымдар түрлі әлеуметтік-экономикалық және этникалық топтардағы балалардың коммуникативтік іскерліктерінің дамуын зерттей отырып, бакуатты топ тұрғындары балаларының нәтиже көрсеткіштеріне қарағанда, әлеуметтік-экономикалық жағдайлары әлдеқайда басым топтарда өте төмен болатынын анықтады. Ал бірқатар ресейлік ғалымдар мәдени

аралық айырмашылыктарды зерттеудің әдістемелік тәсілдері XX ғасырдың бас кезінен жүргізілп келетін белгілі. Фалымдардың мәдени аралық қеңістігіне шығу әрекеттері әдістемелерді дамытудың магистралды бағытын анықтады. Сонымен катар бірқатар зерттеушілер мәдениет модернизациясы деңгейін бағалау критерийлеріне:

1. тұрғылықты жерін (қала не ауыл жағдайында);
2. кәсіби әрекетін (этникалық топ өкілдерінің еркшеліктеріне қарай қай кәсіби әрекетпен айналысатыны);
3. салт-дәстүрлері;
4. тұрмыстық жағдайын;
5. отбасы типтерін (отбасындағы бала саны, отбасындағы әйел не еркектің орны);
6. бос уақытын ұжымдастыру еркшеліктерін;
7. білім деңгейлерін;
8. әлеуметтік-тұрмыстық деңгейлерін;
9. тағамдар таңдау еркшеліктерін;
10. қарым-қатынас шеңберін;
11. өз тілін білуі және өз мәдениеті бойынша құзыреттілігін жатқызады.

Және де «негативті ұжымдық бірдейлік (этникалық, мәдени) жағымсыз басқа мәдени не этникалық топ өкілдеріне деген қатынастарымен байланысты» деген пікірге тоқталады.

Осы тұста, казактың шоқ жұлдызы атанған этнограф-ғалымы Ш. Уәлиханов көптеген халықтардың (казактар, қырғыздар, ұғырлар, қашқарлықтар және т.б.) өнерін (әндерін, билерін, музыкасын) жете зерттей отырып, осы қайталанбас және өзіндік ерекше өнер жанрларының әрқайсысы тек бір ғана ұлтқа тән деп есептеді.

«Ұлттық сана-сезім мен ұлттық қадір-қасиет» еңбегінде ғалым Т. Сарсенбаев: «ұлттық сана-сезім - адамның рухани өмірінің басты белгілерінің бірі» деген анықтама бере отырып, «адамның санасы мен іс-әрекеті, оның ішінде интернационалдық қасиеттері де, қоғамның жалпы материалдық және идеологиялық қатынастарының ықпалымен қалыптасып қана қоймайды, олар едәуір дәрежеде тікелей қоршаган ортанды, нақтылы жағдайдың, белгілі бір ұжымдағы дәстүрлер мен ере-

жесірдің, жақын адамдардың кунделікті қарым-қатынастарының әсерімен де қалыптасатыны мәлім. Соңдықтан әрбір адамға қатысты микро-әлеуметтік ортанды, сол адам еңбек ететін ұжымның жайын, оның жоғарыдағы аталған процесте атқаратын ролін жете білудің маңызы зор» - дейді. Сонымен катар, бірқатар категорияларға анықтама береді:

- ұлтішілік қатынас – ұлт ішіндегі әлеуметтік топтардың, таптардың саяси күштердің, этникалық топтардың экономика, билік, мәдениет, әлеуметтік салалардағы өзара қарым-қатынасы;

- ұлтаралық қатынас – ұлттардың (этностардың) бір-бірімен іштесуі, арасас-құралас қатынастарда болуы. Ұлттық қатынас мазмұны ұлттардың тарихына, қоғамдағы алатын орына, санына, статусына байланысты;

- ұлттық мәдениет – адамзаттық құндылықтармен үндесіп жататын болмыс пен сананың барлық салаларындағы ұлттың өмірge әкелген төлтума қазыналары. Тар мағынасында - ондер, әдебиет, білім, т.б. қамтиды, ал кең мағынасында – ұлттың рухани дүниетанымы.

- мәдениет – бұл тек материалдық өндірісті өркендеп, еңбек өнімділігін арттыруда ғана емес, сонымен бірге адамдардың ара қатынасын жетілдіру ісінде де фермент іспеттес қоғамның күші. Мәдениеттің атқаратын қызметі, әдette, қоғамдық-әзгертушілік, танымдық, семиотикалық, аксиологиялық, коммуникативтік болып келеді. Қарым-қатынастың жоғары мәдениетін бойға сіңіру – оны гуманизм мен интернационализм қарым-қатынастарының тұрпаты мен зандары бойынша қалыптастыру.

Автор, сонымен катар, «ұлттық қарым-қатынастар», «ұлтаралық қарым-қатынастар», «жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастар», «жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынастар», «интернационалдық қарым-қатынастар» деген ұғымдарды салыстыра айқындаудың белгілі бір әдіснамалық маңызын айқындағы отырып, «ұлтаралық қарым-қатынас» пен «интернационалдық қарым-қатынас» ұғымдарының ара жігін ажырату қажеттілігіне тоқталады.

Ал С.М. Борбасов өз монографиясында «ұлттық қатынастар - өте күрделі әлеуметтік-саяси категория» деп анықтама

берсе, «Ұлтаралық қатынастар мәдениетінің қалыптасуы» атты еңбек авторлары «ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыру ойдан емес, өмірден алыны туіс» деп тұжырымдайды. Ұлтаралық қатынас мәдениеті, ең алдымен, көптіншілік, не моногруппа болып келетін қатынас ортасына тығыз байланысты болады. Сондыктан ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың принциптерін жете үғыну қажет. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін дамытудың негізгі принциптері ретінде Т. Сарсенбаев жоғарыда аталып откен еңбегінде: «өзге этностық қауымдастықтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сыйлау; өндірісте және тұрмыста, қоғамдық өмірде әдел сактап, кез келген ұлттың өкілдеріне сыйластықпен қарау; төлтума этномәдениетті сактап, дамытуға камқор болу; ұлтаралық қарым-қатынас тілдерін менгеру; әрбір этностық қауымдастықтың талантымен дүниеге келген бағалы атаулының барлығына, жалпы адамзаттық құндылықтарға еркін қол жеткізу» мүмкіндігін көрсетеді.

Көп жағдайда ұлтаралық қарым-қатынас ұлттық психологиялық ерекшеліктерге, этникалық өзіндік санаға және ұлттық мінезд-құлыққа тікелей байланысты болады. Ұлттық-психологиялық ерекшеліктер тек адам психикасы көрінісінің жалпы өзгешелігіне әсер етіп қана қоймай, аталмыш процесті белгілі бір құрылым және мазмұнмен қамтамасыз етеді. Ал оның үшінші, яғни бақылаушы қызметі, бейімделу, тұрақтану, әрекеттеген, өзараәрекеттесу және мінезд-құлық процестерінің өз ұлттық ерекшеліктеріне тән бейнеленуі қалпында жүзеге асады. Яғни, тұлғаның немесе этникалық топтың ұлттық-психологиялық ерекшеліктері толық турде адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған және еңбек құралдарының көмегімен жасалатын әрекеттер жүйесін құрайтын - іс-әрекет, өзара әрекеттесу және мінезд-құлықта көрініс береді.

Жоғарыда аталған, этникалық өзіндік сана – ұлттылықты сактап қалудың бірден-бір көзі. Тарихи даму барысында этностың тілі, жалпы территориясы, салт-дәстүрлері жойылуы мүмкін. Этникалық өзіндік сана бар болса, этникалық «біз» бейнесі ешқашан өшпейді. Ұлттық топта өзіндік сананың болмауы мүл-

ті мүмкін емес. Себебі этникалық сана емес, тек қана «өзіндік қалыптастырылады. Осы ұғым жалпы әлеуметтік факторлардың, сол сияқты мәдени факторлардың да әсерінен қалыптасады. Этникалық өзіндік сананы бекіту ұлттық топтың өз мемлекеттігін күргуга деген үмтілісімен, яғни «ұлттық құрылымымен» үйлеседі. Осы кезеңде этникалық өзіндік сана ұлттыққа ауысуы мүмкін. «Ұлттық мінез көрінісінің формасы – этникалық таптаурындар (стереотипы). Олар адамның әр түрлі жағдайлары мінезд-құлқын анықтайды».

Келесі бір зерттеу жұмыстарында, этникалық сана-сезімді қалыптастырудың танымдық іс-әрекеттің маңызы зор, бір этностың этникалық санасы, екінші этностың ол туралы конституциялық ерекшелігін ғана емес, сол сияқты эмоционалдық-аффектілік қатынасын, яғни сол этнос туралы он, теріс немесе бейтараптың бағасын көрсетеді. Бұдан біз полиэтникалық жағдайлары оку процесінде танымдық іс-әрекеттеге кірісетін студенттердің санасында белгілі бір этнос жөнінде жаңсақ нағымдардың пайда болып, өзара әсер мен өзара әрекет арқылы озгеріп отыратындығын байқаймыз.

Қазірғі кезде ұлттық құндылықтарды жаңдандыру мен жалпы халықтың этностық санасын оятудың қандай маңыздылығы бар? Қоғам үшін, тұлға дамуында ол қандай қызмет атқарады деген сауалдар түсіндауы мүмкін. Бұл сауалдарға байланысты төмендегі тұжырымдарды ұсынуға болады:

біріншіден, этностық өзіндік сана ұлттылықты сактап қалудың, оны одан әрі өркендетудің амалды болып табылады;

екіншіден, этностық өзіндік сана мен этномәдени сәйкестілік жеке индивидтің тіршілігі үшін, оның тұлғалық дамуы үшін үлкен мәнге ие. Ұлттық сәйкестену немесе өзін белгілі-бір ұлттық топпен бірдейлендіру – тұлғаның топтық тиістілік негізінде өзін-өзі анықтауының әмбебап әлеуметтік-психологиялық процестерінің бір түрі. Ол адамға қауіпсіздік сезімін, өзіне-өзі сенімділігін тудырып, өзін белгілі-бір этностық қауымның мүшесі ретінде саналуына, өз этносымен тұгастығын сезінуіне ықпал етеді, және осының нәтижесінде ол әрбір тұлғаның өзін-өзі еркін жүзеге асыруына қолайлы жағдайлар туғызады;

үшіншіден, ұлттық өзіндік сана тұлғаның жеке дара, шығармашылық дамуына да қолайлы жағдайлар тұгызыды. Сондай-ақ, халықтың қогамдық санасында бекітілген ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұдделер табылады. Бұл жағдайларда мотивациялық-фондық ұлттық-психологиялық ерекшеліктер адамдарды барлық жақтан өте тиімді әрекеттер мен қылыштарға жұмылдырып, өте белсенді түрде көрінеді;

төртіншіден, позитивті этностық жаңсақ нанымдардың негізінде қалыптасатын позитивті этномәдени сәйкестілік тұлғаның полигностық ортада бағдарлана алуының, этносаралық үйлесімді өзара карым-катаңас пен тиімді өзара әрекеттестікті жүзеге асыруының маңызды жағдайы болып табылады.

Осыған орай, ғалым С.М. Жақыпов өз еңбегінде оку процесін ұйымдастыру жағдайында тұлғаның этникалық әрекетліктерін ескеру өзекті болып отыр, өйткені білім алушылардың бірлескен таным әрекеттерінің дамуымен қатар және басқа да қасиеттерінің қалыптасуына әсер етеді. Бірлескен таным әрекеті жағдайындағы өзара әрекеттесуші және білім алушы тұлғалардың этникалық әрекшеліктерінің көрінісі – жалпы ақпарат корының субъективті-мағыналы мазмұнының шарты болып саналады. Яғни аталмыш болжамды нақтылау үшін, моноэтнический национальный язык топтарындағы бірлескен таным әрекеттің нәтижелері әр түрлі болатындығын айта кеткен жөн. Осыған орай, таным әрекетіне жүргізілген сарамандық зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша, моноэтникалық топтарға қараганда полигностық топтардың нәтижелілігін байқауга болатындығын тілге тиек етеді.

Ғалымдар адамның жан дүниесінің сырын, коршаған ортаға әсерленіп қана коймай, оның құпияларын танып білуге деген үмтілісін жоғарғы деңгейдегі сезімдермен тікелей байланыстырады. Осы сезімдердің бірі – ұлттық сезім. «Ұлттық сезім – адамдардың тұган жерге, өскен елге, ана тіліне, ұлттық салт-дәстүрлерге деген сүйіспеншілікті білдіруі». Ұлттық сезім адамды коршаған органдың әлеуметтік-экономикалық, мәдени және жаратылыс құбылыстарының сол ұлт өкіліне тартқан ерекше табиғи сыйы. Ұлттық сезім басқа сезімдер секілді адамның жеке басының қанағаттану, шаттануымен қатар көрініше негативті

негативмен де байланысты ой-қиял, әсер сезімінің сыртқа шыққан көрінісі. Ұлттық сана-сезімнің өсуі мен өшүү тікелей ұлттық сезім тағдырына байланысты және тілдің даму дәрежесі ұлттық сана-сезімнің деңгейінің өлшеуіші болып табылады. Яғни, ұлттық сана-сезімді жастардың бойында дамыту – ұлттың келешесін көпірдесек те болады, себебі ұлттына, тұган жеріне, тіліне өткен мол сүйіспеншілігі, отандастарын құрмет тұтуы, өз тарихын, салт-дәстүрін білуге құштар рухани бай тұлға ешуақытта оғындағы да жамандық ойламайды.

В.Ю. Хотинентің пікірінше, этномәдени және этнопсихологиялық өзіндік сана тұстарын тереңдету процесі барысында ұлттың этноәлеуметтік бағыттылығы қалыптасады: этникалық әүнис объектілеріне мәнді қатаңас қалыптасады, тұлға аарлық әмбап әрекеттесудің белсенді конформдық және синдикативтік тииттері қалыптасады.

Етникалық өзіндік сананың негізгі көрсеткіші – этникалық топ өкілдерінің тілі... этнос тілі – тек этникалық өзіндік сананы оятушы құрал гана емес, сонымен бірге этникалық тарихты, рухани құндылықтарды, талғамдарды, ой-пікір және сезімдерді игеру құралы.

Осы ретте, ғалым Б.Ә. Әмірова өз еңбегінде танымдық іс-әрекет этникалық сана-сезімді қалыптастырады, бір этностың этникалық санасы, екінші этностың ол туралы конституциялық әрекшелігін ғана емес, сол сияқты эмоционалдық-аффектілік қатаңасын, яғни сол этнос туралы он, теріс немесе бейтараптық бағасын көрсететіндігін айтады. Бұдан біз полигностық жағдайдағы оку процесінде танымдық іс-әрекетке кірістің студенттердің санасында белгілі бір этнос жөнінде жаңсақ нанымдардың пайда болып, өзара әсер мен өзара әрекет арқылы өзгеріп отыратындығын байқаймыз.

Этностың келесі өзіндік психикалық құрылымдарының бірі – ұлттық мінез-құлық. Ұлттық мінез мәселесін зерттеу-талдау жұмыстарымен көптерен атакты (Д. Юм, Г. Гегель, М. Ланарус, С. Кон, Ш. Монтеукье, Р. Лемберг, А.Х. Гаджиев, А.Ф. Дашибамиров, Н.Д. Джандильдин, Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Н. Құлжанова, Қ. Жарықбаев, Ә. Марғұлан және т.б.) ғалымдар айналысқан. Ұлт-

шаб мінез адам мінезінен, іс-әрекетінен көрінетін тұрақты құбыныс. Ол белгілі бір ұлтқа тән темпераменттік, психикалық рухани сапасымен ерекшеленді. Мысалы, өзбек халқы сыйпайылығымен, орыстар – қарапайымдылығымен, қазактар – қонақ жайлышымен, немістер – ұқыптылығымен, шешендер – қызы қандылығымен және т.с.с. Дегенмен әр ұлттың өзіне тән мінез-құлыштың үрпактан-үрпакқа көшкен сайын өзгеріп отырады. Ол – этностың үнемі әлеуметтік дамуда болатындығының айғағы. Этнос мүшелерінің мінез-құлық құрылымының бірізділігі қарым-қатынас нормасына негізделген. Олар:

- 1) жеке адам мен ұжымның арақатынасына;
- 2) жеке адамдардың өзара қатынасына;
- 3) этникалық топтардың арақатынасына;
- 4) этностар мен этникалық топтар арасындағы қарым-қатынаска құрылады.

Этностық мінез-құлыш – этностық қауымдастық адамдарының ішкі жан дүниесі мен тарихи әлеуметтік жағдайының тұтастығынан көрінетін ерекшелік. Осы орайда, академик С. Кон өзінің «Ұлттық мінез-құлыш ерекшеліктерінің мәселесі» атты еңбегінде «ұлттық мінез-құлышты анықтауда әр ұлтқа тән этностық мінез-құлышты шартты түрде алғы қараша керек», - деуі орынды. «Әйтсе де әр этностың өзіне ғана тән, ерекше басымырақ көзге түсетін мінез-құлышы сол халықтың психикалық ерекшелігі болып саналады. Аталмыш ой-пікірлердің қазіргі кезеңде динамикалы түрде дамуына антика заманының философтары Платон мен Аристотельдің коскан үлестері зор деп айтуға болады. Себебі сол ежелгі дәуірдің өзінде олар әр халықтың өмір сүру салт-дәстүрлеріне, мәдениетінсіз байланысты жекелеген ұлтқа ғана тән өзіндік айрықша мінез-құлыштың болатындығын тұжырымдайды.

Этностың үшінші психикалық құрылымдары – ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлер. Қай заманда болмасын әр этнос екілі алдында тұратын мақсат-міндеттердің бірі - өз ұлтының өмірін, мәдениетін, ұлттық ерекшеліктерін, наным-сенім, женжоралғы және т.б. болашақ үрпактың ұлттық сана-сезіміне сініру. Этнос екілдерінің үрпактан үрпакқа осы тарихи-мәдени ақпарат алмасуын жүзеге асыруышы құрал – ұлттық мәдениет пен

саулеттіктер. Салт-дәстүрлер этностардың тіршілік кәсібіне, наым-сеніміне, өмірге деген көзқарасына байланысты туып, қолынан, үрпактан-үрпакқа ауысып, өзгеріп, жаңарып отырады. Профессор Н. Сәрсенбаев: «салт-дәстүрлер бір жағынан ұстап тұрмыс-тіршілігімен байланысты тұған этнографиялық құбыныс болып саналса, екінші жағынан үрпак тәрбиесінің ритуалы болып саналады» деген пікір айтады. Ал академик А. Гомінада басшылығымен шыққан этикалық сөздікте «әдет-ғұрып (салт) – белгілі бір қоғамда немесе колективте белгілі бір ғандайға байланысты адамдар арасында қалыптасқан қоғамдық тәрілгің түрі», ал «дәстүр - әдет-ғұрыптың өмірдегі өсіп-жетілген формасы. Ол адамдардың белгілі бір бағыттағы тұрақты іс-әрекеті мен мінез-құлыштың үрпактан-үрпакқа белгілі формада ауысып, берілетін түрі» деп түсініктеме беріледі.

Әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық зерттеулер бойынша салт-дәстүрлерді зерттеу көп аспектілі құбылыс болып тибылады, соңдықтан этномәдени тұрғыдан салыстыру барысында ғана оның мәнін толық аша алады.

Жалпы алғанда, «мәдениет» және «дәстүр» ұғымдары синонимдес болып келеді. Ал этнос дәстүрді жүзеге асыруши да, дәстүр – бір-біріне қайнаса-бітіскен, тұрақты тұтастықтағы мәдени парадигмалардың кешені ретінде қабылдануы тиіс. Мәдениет адамның барша іс-әрекеті мен процестерінің айрымынан болшегі болған жағдайда ғана өміршен болады. Мысалы, өзін-өзі ұстай білуі, киім киу мәдениеті, сейлеу мәдениеті, қарым-қатынас мәдениеті және т.б. Дәстүр – тарихи қалыптасқан және үрпактан-үрпакқа берілетін білімдер мен мінез-құлыш формалары.

Соңғы уақыттарда адамдардың басқа ұлт өкілдерінің ерекшеліктерін қабылдауға дайындығы, нақты жағдайда осыған сәйкес әрекет жасауды, яғни этникалық бағыт-бағдарын анықтау немесе түрлі әлеуметтік жағдайларда этникалық идентификацияны анықтауға байланысты зерттеулер көптеп жүргізіліп отыры. Мұндағы этникалық бағыт-бағдар дегеніміз – адамның басқа ұлт өкілдерінің ерекшеліктерін қабылдауға дайындығы, нақты жағдайда осыған сәйкес әрекет жасауды, ал этникалық идентификация – этностық қауымдастықтағы адамдардың өзара

бірігуі, ұқастығы. Бұл зерттеулер әлеуметтік идентификациялану теорияларының әдіснамалық негізінде құрылған.

Көптеген зерттеудердің нәтижесі көрсеткендей, этностиқ идентификацияның қалыптасуында әлеуметтік-мәдени және дүниеге келген ортасы мен тұрғылықты жері соның ішінде, ландшафтты-климаттық, нәсілдік-биологиялық және әлеуметтік сипаттамалары маңызды роль атқарады.

Ал Г.Г. Шпет этностиқ идентификациялануды «тарихи және әлеуметтік жағдайлар мен өзара қатынастарды өздеріне иемдсек отырып, өз этностиң басқаларға қарама-қарсы қоя, салыстыру» деп түсіндірсе, Қ.Б.Жарықбаевтың еңбегінде «этностиқ идентификация – этностардың бір-бірімен тенденстірілуі» деп көрсетілген.

Этникалық бірдейлікті (идентификация) зерттеу ерекшеліктері тәжірибеде ғана емес, сондай-ақ теориялық қатынаста да маңызды. Ұлтаралық жағдайдағы адамдар арасында ұлттық өзіндік саңаның қалыптасу ерекшеліктерінің құрылуына байланысты оны жан-жақты зерттеуге әлеуметтік сұраныс күннен-күнге күшіне түседе. Ал, этникалық өзіндік саңаның негізгі құрамдас бөлігі – этникалық бірдейлік. Ол – тұлғаның әлеуметтік бірдейлігінің негізгі бөлігі, белгілі этникалық қауымға өзінің тиістілігін мойындастын психологиялық категория.

Бір ғана емес, бірнеше этномәдени топтарға қолдануға мүмкіндік беретін этномәдени идентификацияны қалыптастырудың бес баспаңдақты модельн ғалымдар Д. Эткинсон, Дж. Мортен және Д. Сью «ұлыстардың идентификациясын қалыптастыру модель» деген тақырыпта жасаған. Аталмыш модель этномәдени идентификацияны қалыптастыруды ұздыксіз процесс ретінде түсіндіре отырып, бір кезеңнен екінші кезеңге бірқалыпты өтеді; кезеңдер арасында қатаң аралықтар болмайды. Дегенмен барлық этномәдени топ өкілдері өз өмірлерінің соңына дейін жоғарыда көрсетілген бес кезеңнен түтел өтпейді, тіпті кейбір адамдар бірінші кезеңді де аяқтамай өмір сүре береді.

Д. Эткинсон, Дж. Мортен және Д. Сьюдің модельдерінің алғашқы кезеңінде этномәдени топ өкілдері өз мәдени өлшемдері мен құндылықтарына қарағанда қоғамдағы доминанталық

сүйнапактар мен мәдени өлшемдерге таңдау жасайды. Ролдік әмбаптерді, өмірлік стилдерді, құндылықтар жүйесін таңдау – өмінанталық топқа ілесуге бағытталады.

Екінші, яғни диссонанс кезеңінде – алғашқы – конформдуктив кезеңде қалыптасқан әлеуметтік ұстанымдар мен құндылықтарға деген сенім бірмеззете жойылып, қандай да бір көзделештеге деген бағдарлану болмайды.

Үшінші – қарсылық білдіру және иммерсия кезеңінде – индивид толықтай өз тобының көзқарастарын бөлісіп, өмінанталық қоғам мен оның мәдениестіне қарсылық білдіреді.

Тортінші, яғни интроспекциялық кезеңде индивид өз тоғаның «қарсылық білдіру және иммерсия» кезеңінде қалып тоғона байланысты қанағаттанбау сезімін бастан кешіреді. Бұл кезеңде жетекші мотив – жеке бас тәуелсіздігін (автономность) көздейтуге бағытталады.


Аталмыш модель кезеңдері адамның кәсіби жолында көбірек кезедеседі. Ал адамның кәсіби жолы оның жалпы өмірлік жолының құрамдас бөлігі болып табылады. Адамның өмірлік жолы тұлғаның қалыптасу және даму тарихы ретінде қарастырылады. Қазіргі таңда «субъект - субъектілік» қарым-қатынас қызметін жузеге асырушы кәсіп иелерін «коммуникативтік кәсіп субъектілірі» деп атап процеске еніп барады. «Коммуникативтік кәсіп» субъекті өз қызметтерін үнемі баска адамдармен немесе бір топ адамдармен өзара әрекетте және қарым-қатынаста жузеге асырады.

Көптеген ғалымдардың көпүлтты ұжымдар мен мекемелерді зерттеу жұмыстарын зерделей және әлеуметтік-психологиялық ғылымдағы тұжырымдарға сүйене отырып түрлі этнос өкілдерінен тұратын ұжымдардағы әлеуметтік-психологиялық ахуалға әсер етуші факторларды төмөндегі сыйзбаға топтастырылды (сурет - 7)

Осы тұста көпүлтты кәсіби ұжымның ерекшелігі, ондағы адамдардың жалпы өзара қатынастары мен озара әрекеттері бірқатар келесі факторларда өзінің белгілі ізін қалдырады:

а) ұжымдағы ұлттық және ұлттардың психикалық жиынтығы;

б) ұлт өкілдерінің бір-біріне қатынасындағы ұстанымдары мен бағалау стереотиптерінің болуы. Кейде адам өзіне қолайсыз қалыптасқан жағдайларды өзінің белгілі бір ұлтқа тән болуымен түсіндіруге тырысады, ал шындығында бұл жағдайлар басқа ұлт өкілдеріне де кездесуі мүмкін немесе тек бір ғана адамға тән ерекшелік болып табылып, сол этникалық қауымдастық өкілдеріне мулде сай келмеуі мүмкін.



Сурет 7 - Түрлі этнос өкілдерінен тұратын ұжымдардагы әлеуметтік-психологиялық ахуалға әсер етуші факторлар

Сондықтан осында ұжымдарда қарым-қатынас құзыреттілігін дамыту мәселесін алға қойған жөн. Қарым-қатынас жасай білу іскерлігін коммуникативтік іскерлік немесе құзыреттілік деңгел атауға болады, ейткені тұлғаның коммуникативтік іскерліктерінің қатарына: адамдар алдында сөз сөйлей білу, таныс емес ортада қарым-қатынаска женіл түсे білу, түрлі жағдайларда шығармашилық іс-әрекетті ұйымдастыра білу, креативтілік таныту, өзге этнос менталитеті ерекшеліктерін жақсы білу, бірнеше тілдерді менгеру, конфликттік ситуациялардан шыға білу, толеранттылық таныта білу және т.б. жатқызуға болады. Осы тұста бірден «толеранттылық» ұғымына түсінік береде көтейік. «Толеранттылық» - өмір жағдайларында ұлтаралық қарым-қатынас құзыреттілігі, сонымен бірге әр түрлі этносаралық қарым-қатынас процестерінде жоғары мәдениет көрсете білу және мәдени айырмашылықтарға шыдамдылық таныта білу. Этносаралық қарым-қатынас нәтижелі болуы тікелей тұлғаның этникалық толеранттылығына байланысты және политүлғалық қалыптасудың алғышарты болып табылады. Толеранттылық – басқа адамның ой-пікіріне, сезім-эмоцияларына, салт-дәстүрлеріне, өмір салтына, қағидаларына, ұстанымдарына шыдамдылық таныта білу. Этностик толеранттылық – басқа этностиң бейтаныс өміріне, салт-дәстүріне шыдамды болушылық. 1995 жылы ЮНЕСКО қабылдаған толеранттылық ұстанымдары Декларациясында «толеранттылық» азаматтық қоғамның нормасы мен құндылығы ретінде анықтай отырып, толерантты тұлға міндеттерін төмендегідей нақтылады:

- түрлі конфессиялар, саяси, этникалық, әлеуметтік топтар арасындағы үйлесімді қатынас орнатуға атсалысу;
- тілі, діні, ұстанымдары, нақсілі басқа адамдармен серіктестік құра білу және оларға түсініспеншілікпен қарауга тырысу;

- конфликттік ситуациялардан шыға білу және т.б.

Тұлғаның этникалық толеранттылығын зерттеуде бастапқы методология ретінде Л. Выготский, А. Леонтьев, А. Лурии секілді ғалымдардың психикалық құбылыстарды зерттеудің мәдени-тариhi тұжырымдамаларын және А. Асмоловтың тұлғаны тарихи-эволюциялық түргыдан зерттеу жобаларын назарға

алу қажет. Көп ұлтты территория жағдайында толеранттылық сол қоғамның мәдени нормасына айналуы тиіс және де сол мемлекеттің білім беру жүйесі ізгілікті бағытта полимәдениетті оку-тәрбие процесін жүзеге асыруы тиіс. Осы жағдайда этностық әлеуметтену процесі толық іске асады.

Этностық әлеуметтену барысында тұлға белгілі-бір этностық ортаның мәдени, адамгершіліктік нормаларын, құндылықтың бағдарларын игереді. Сол себептен, тұлғаның өз этностық мәдениетін кабылдау дәрежесі оның өз этносына тиістілігін қалыптасуынан көрінеді. Қазіргі таңда этномәдени сәйкестілігінің толықтанды қалыптастырылмай, өз этносының ерекшеліктеріне немікүрайдылық сезімі жоғары болған жағдайда, сонымен қатар, этностық менталитет (әр этностың өзіндік түсініктемелері мен таптаурындары, өмір сүру салты мен фольклор, мәдениет, дін, тіл, миф, рухани мұраларының жиынтығы) және этникалық стереотиптер (әр түрлі этникалық қауымдастық өкілдеріне тән адамгершілік, ақыл-ой, физикалық ерекшеліктер жиынтығы) жиынтықтарының индивид бойында сіңбеуінен маргиналдар қалыптасуда. Маргинал тұлға – екі этностың әдәт-ғұрпынан, салт-дәстүрінен мардымсыз хабары бар дүбәра тұлға.

Шындығында, адамның ұлттық белгілері оның құжатынан емес, тілінен, сырт көрінісінен, жүріс-тұрысынан, сез мәнерінен, мінез-құлқынан, әдәт-ғұрпынан, тіпті әзілінен, басқа да қылықтарынан көрінеді. Әрине, осы белгілер біртұтастырының этностық қарым-қатынасқа міндетті түрде айтарлықтай әсері болады.

Этностық қарым-қатынастың нәтижелі болуын қамтамасыз етуде бірқатар маңызды факторларды ұмытпауымыз қажет. Олар:

- этникалық бағыт-бағдар – адамның басқа ұлт өкілдерінің ерекшеліктерін қабылдауға дайындығы, нақты жағдайда осыған сәйкес әрекет жасау;

- эмпатия - өзге адамдардың жан дүниесінің қыры мен сирьна қанық болудың арқасында оған жанашырлық білдіру, оның қуанышы мен сүйінішіне ортақтасу, бұларды өз басында кешіргендей халде болу;

- этностық ауызбірлік – этностық қауымдастықтагы пінімдардың өзара ынтымақтастығы.

Аталмыш факторларды дұрыс бағытта дамытқан жағдайдаған зерттеу жұмысымыздың алғашқы бөлімінде қарастырып откен, қарым-қатынастың «синтоникалық» моделіне қол жеткізуге болары анық.

Ойымызды қорытындылай отырып, қарым-қатынас адам омірінде ауадай қажет әрі, өз бетінше белсенді әрекет ету формасы ретінде жүзеге асырылады. Бірақ көп жағдайларда тәжірибелік әрекеттерге кіріктіріледі, себебі белсенді, жан-жақты қарым-қатынассыз ол мүмкін болмас еді. Адам дамуы, оның тіршілік етуі, оның айналамен байланыс жасауы қарым-қатынассыз мүлде мүмкін емес. Сонымен қатар, «коммуникативтік кәсіп» субъектілерінің, яғни соның ішінде полимәдениетті ұжымдарда жұмыс атқаратын педагогдардың қарым-қатынас жасай білу құзыреттіліктерін дамыту мәселесіне баса назар аудару қажет. Қазактың ұлы ақыны, философы Абай Құнанбаев: «адам оміріндеғі ең гажайып нәрсе – оның басқа адамдармен қарым-қатынасы» деген қағидасы қарым-қатынастың адам өміріне өте қажет екендігінің дәлелі.

### 1.3 Полимәдениетті білім субъектілерін қалыптастырудығы біліктілікте арттыру жүйесінің ролі

Қазақстан Республикасы әлемдегі көпэтности мемлекеттердің қатарына жатады. Сондықтан біздің мемлекеттегі келелі мәселелердің бірі – ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі екендігіне елбасы Н.Ә. Назарбаев өз жолдауларында үнемі аса назар аударып отырады.

Осы ретте ресей ғалымы В.Ю. Хотинецтің, білім беру қашан өз мазмұнына өз қауымдастығының халықтық руханилығын, оның этникалық өзіндік сана-сезімдерін, этникалық мәдениетін, этникалық психологиясын, өмірлік әрекеттері салтын, рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесін қатыстыргандаған, шынайы ұлттық бола алады деген қағидасын негізге алуға болады.

Президенттің Қазақстан халқына жөлдауының жалпы ел ішінде; "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" деп аталуының өзінде де үлкен мән жатыр. Жолдаудағы "оку-ағарту орындары мамандар даярлаудың эталонына айналуға тиіс" деген талаптың түпкі мақсаты осында жатыр. Соган байланысты, білім философиясын өзгертуге байланысты қарқынды іс-шаралар жүргізілуде. Фалым С.Л. Рубинштейннің айтуынша, «философияның негізгі мәні... түрлі формалардагы субъектілерді, тіршілік ету тәсілдерін, қозғалыстың түрлі формаларын ашу».

Осы тұрғыда, білім беру жүйесі субъектілерінің, яғни педагогтардың біліктілігін арттыруды біліктілікті арттыру институттарының маңызы зор екені баршага мәлім. Осыған байланысты бірқатар галымдардың біліктілікті арттыру жүйесіне байланысты зерттеу жұмыстары талданды.

Алдымен, «біліктілік» ұғымының мәнін ашып алайық. Фалым А. Құралулы өз еңбегінде аталмыш ұғымға:

- білікті (сын есім). 1. Әр нәрседен жан-жақты түсінігі бар, білімді. 2. Қөпке әйгілі, танымал;
- біліктілік (зат ес.) – көп білетін білімділік деп анықтама береді.

Осы анықтама негізінде, зерттеу жұмысымыздың мазмұнына сәйкес педагогтардың коммуникативтілік біліктілігін дамытуға байланысты бірқатар еңбектерге шолу жасадық. Коммуникативтік біліктілік дегеніміз білім, іскерлік, дағдының жиынтығын құрайды, оларға:

- қарым-қатынас функциялары мен коммуникативтік процестің ерекшеліктері;
- қарым-қатынас түрлері мен сипаттары;
- қарым-қатынас құралдары;
- көрі байланыс;
- адамдарга ықпал етудің тәсілдері мен технологиялары кіреді.

Қазақстан Республикасындағы білім саласында қоғамдық-әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық білім тұрғысынан маманның кәсіби білім жүйесін жетілдіру бағыттындағы (А.Ш. Абдраман, Г.К. Ахметова, К.М. Арынғазин, Б.

Олбасарімұлы, С.Ә. Әбдіманапов, А.Е. Әбілқасымова, Б.А. Әтімұханбетов, Б.З. Батталханов, Е.І. Бидайбеков, К.Ә. Дүйсенбаев, М.Ж. Жадрина, Т.С. Кушеров, С.Т. Карғин, Ж.Ж. Наурызбай, А. Құсайынов, М.Н. Сарыбеков, Ш. Таубаева, А.П. Сейтшевов, В.Г. Храпченков, Л.К. Қемекбаева) зерттеулер кең орыс аудуда.

Білім субъектілері арасындағы бірлескен іс-әрекетті психологиялық талдау - оның құрылымдық компоненттерін көрсетеді. Оларға мұғалімнің құрастырушылық, ұйымдастырушылық, біннімдік функциялары жатады. Әр бір функцияға сәйкес оқытушы педагогикалық әрекетте құрастыруды, жоспарлауды, өз әрекеттерін, окуышы әрекеттерін, олардың нәтижелерін болжимдайды жүзеге асырады және қарым-қатынас жасайды. Міне, осы жерде «білікті маман» ұғымын қолданудың орайы туындаиды.

Біліктілікті арттыру жүйесін зерттеуші ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, Б.А. Тұрғынбаева, «маман» - белгілі бір материалдық немесе рухани өндірісте еңбек ету үшін теориялық және практикалық дайындықтан откен адам» деп анықтама береді. Ал, маманды теориялық және практикалық дайындықтан өткізетін бірден бір мекеме – біліктілікті арттыру институттары.

Жалпы ТМД елдерінде біліктілікті арттыру институттарының тарихы жарты ғасырға жуық деп саналады, бірақ олар 60-ы жылдардың соңында құрылды, алғашқыда БАИ қызметкерлері және басқарушы мамандарды үшін жасақталған.

Курстық даярлау процесінде кәсіби біліктер кешені жетілдіріліп, дамиды да, тыңдаушылардың әдістемелік ой-өрісі мен шеберлігі негұрлым жогары деңгейге жетеді.

Біліктілікті арттыру жүйесіндегі оқу процесі - бұл нақты немесе басқа кәсіби талаптарды «қайтақұру» процесі, тұлғаның психологиялық қайтақұрулының процесі. Тыңдаушылардың оқу процесі ерекшелігі мақсаттардың, міндеттердің, педагогикалық әсер обьектісі ерекшелігінен шығады.

Біліктілікті жогарылатудағы оқу мақсаты – тыңдаушылардың өзекті негативтік қағидаларын ғылым, техника, тәжірибелің ең жаңа жетістіктеріне сай, жаңаша көзқарасқа ауыстыру.

Кәсіби әрекетте тыңдаушылардың жаңаша көзқарасын қалыптастырmas бүрын, осы сұрақтар бойынша тыңдаушылардың көкейкесті қағидалары сипаттамасын анықтау қажет. Ал ғалым Нғуэн Хыу Тхудің пікірінше, біліктілікті арттыру және қайта даярлау жүйесіндегі мамандар біліктілігін жоғарылатудың мәнін арттыру, көбіне сол қайта даярлау және біліктілікті арттыру процесінің өзіндік тиімділігімен тікелей байланысты.

Оз біліктіліктерін жоғарылатуға келген педагогтарға көп жылдар бойы жүргізілген бакылаулар, оқыту мәселесіне байланысты қынышылықтар олардың басым көшілігінде кездесетінін көрсетті. Тіпті педагогтардың «үнемі бұлай болуы мүмкін емес» деғен пікірлерімен көліскең күннің өзінде де, олардың барлығы түгел өзінің кәсіби әрекетінде оку барысында алған білім, іскерлік, дағдыны пайдалана алмайды.

Сондықтан да ғалым педагогтардың біразы психологиялық кайтақұру мәселесіне баса назар аударады. Психологиялық кайтақұру (адамдардың психологиясының өзгеруі) - бұл адамның нақты немесе басқа ақиқат құбылыстарына субъективті жүйелі қатынасының өзгеруі. Аталмыш аумақта педагогтардың көкейкесті және идеал көзқарастарын өзгерту талабы қойылады. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұндай жағдайлар үш түрлі нұсқада кездесуі мүмкін. Олар:

- «тапшылық» нұсқасы. Көптеген тыңдаушылар өзінің кәсіби қызмет жүйесінде қандай да мәселе жөнінде алғашкы ақпараттану жағдайлары болып тұрады. Бірақ бұл жағдайлар тек теориялық бағытқа байланысты туындауы мүмкін.

- «конгруэнттік» нұсқасы. Термин латын тілінен аударғанда, *congruentis* – сәйкес келу, барлық позицияға сәйкес келу деген мағынаны білдіреді. Яғни, тыңдаушылардың позицияларын анықтау және жаңаша көзқарастар қалыптастыру жағдайында, біліктілікті арттыру мекемесінің оқытушысы өз көзқарасының тыңдаушылардың пікірімен сәйкес келетінін бақылап жатады. Бұл процесс жиі кездесуі мүмкін. Тек, бұл жағдайда оның қаншалықты деңгейде екені туралы сөз қозғалуы тиіс.

- «инверсия» нұсқасы. Яғни бұл жағдайда біліктілікті арттыру жүйесінің оқытушысы мен тыңдаушылардың кез-

сараптасыры, позициялары бір-біріне мүлде қарама-қайшылықта болуы мүмкін.

Сондықтан біліктілікті арттыру жүйесінің негізгі қызметіне жататын: компенсаторлық, бейімдеушілік, түзетушілік, қыннышылық, жаңашылдық, кіріктірушілік функцияларын дамниту қажеттілігі туындаиды.

Қарастырып отырған біліктілікті арттыру жүйесі – қоғам-шының сұраныстарына қажетті уақытында ұсыныс беруге мүмкінлігі бар үздіксіз білімнің ең бір маңызы құрылымдарының бірі болып табылады. Маман үшін ол – қалыптастан кәсіби іс-әрекетіне өзгерістер енгізу, өз тәжірибесін басқа нақты адамдардың және қоғамда жинақталған тәжірибелермен байланыстыру, салыстыру, кіріктіру, кәсіби құзырлылықты және қарым-қатынас іскерлігін қалыптастыру. Осы ретте, ғалым Н.Қ. Тоқсанбаева өз мақаласында мұғалімнің өз кәсіби жұмысына деген қатынасу сипаты ұжымдағы өзара қатынастардың әлеуметтік-өндірістік дамуының өзіндік бір табысты факторы ретіндеғі ролін аткарады. Әрине, басқару стилі мен мазмұны, психологиялық пен өнегелік хал-ахуалдың жағдайы да кәсіби қарым-қатынаска анағұрлым әсер ететіндігіне токтальш өтеді. Ал кепесі ғылыми макаласында ғалым қарым-қатынас іс-әрекетін ұсынылған позициядан ары қарай, нақтылап, микрокұрылымды психологиялық талдау бізге перспективалы болып көрінеді: ол іс-әрекеттің маңызы мен мазмұны түрі – қарым-қатынасты қарастыруда, кепес психологиясының жетекші принципін, іс-әрекет принципін терендете болады.

Біздің мемлекетімізде біліктілікті арттыру жүйесі білім философиясының миссиясын орындау мақсатында республика-мәдениетінде барлық аймақтарында өз қызметін аткаруды. Білім философиясы адамның мәдени ортада ақыл-ой және адамғершілік жағынан дамуын, бұл процеске білім беру жүйесінің әсерін қарастырады. Жалпы философияның бұл саласының негізгі бағыттары білімдік процестері барлық құбылыстардың мәні мен табиғатын: білім дегенін өзі не (білім онтологиясы); ол қалай пайда болады (білім логикасы); білімдегі құндылықтардың табиғаты мен қайнар көзі қандай (білім аксиологиясы); білімдік процестің катысушыларының мінез-құлыктары мен қарым-

катынастары қандай болуы тиіс (білім этикасы); білімдік процеске әсер етудің әдістері қандай болады (білім әдіснамасы) де-ген мәселелерді қарастыру болып табылады.

Біліктілікті арттыру жүйесін түбегейлі өзгерту жалпы дидактикалық ұстанымдар негізінде іске асады, сонымен қатар бұл істі нәтижелі ету арнағы ұстанымдарды басшылықта алуды талап етеді. Ол ұстанымдар мыналар:

- субъектілік ұстанымы;
- даму ұстанымы;
- оқытудың вариативтілік ұстанымы;
- біліктілікті арттырудың үзіліссіздігі.


Аталмыш ұстанымдар негізінде біліктілікті арттыру жүйесі білім беру субъектілерін қалыптастыруды көздейді. Олай болса, білім субъектілерінің қатынасын «субъект – субъект» карым-қатынасина түбегейлі көшіру басты міндет болып табылады. Осы тұста, «субъект» ұғымының мәнін ашудың маңызы зор. Алдымен, білім субъектілері кеңістігіне қысқаша тоқталайық.

Көп уақыттан бері біз үш өлшемді кеңістікте өмір сурекінде есептегенмен, кеңістіктер бір, екі және өз өлшемді бола береді. Кеңістік – уақыт қатынасы теориясы бойынша өзін көп өлшемді кеңістік ретінде көрсетеді. Эксперименттік зерттеулерде тек екі және үш өлшемді кеңістіктер ғана алынып келді. Фалымның қағидасына сүйенсек, кеңістікті тек геометриялық түргыдан ғана емес, психологиялық түргыдан да қарастырган жөн.

**Кеңістік** – заттардың белгілі образда орналастырылып, реттестірілген тұстасығы, оның ішіне субъекттің өзі де кіреді. Бұл субъекттің реттестірілген шенбері. Субъект заттарды олардың көп тұстасығына және реттілігіне қарай қабылдайды. Заттар өлі және тірі әрі суъекттің өзіне ұксас – басқа адамдар да болуы мүмкін... Кеңістік бір топ адамдардан құралады. Адам өзін басқалардың немесе өзін топтың құрамы ретінде қабылдайды. Осы тұста қарым-қатынас кеңістігін ұйымдастыру коммуникативтік процестің маңызды компоненті болып табылады. Бір жағынан, ол өзара қатынастың эмоционалдық және мәндік компоненттерін белгілейді, ал екінші жағынан интенсивтілігіне, сипатына және даму барысына әсер етеді.

Л.В. Брушлинскийдің пікірінше, «субъект – бірте-бірте парым-қатынас барысында қалыптасады» десе, Е.А. Сергиенко «субъект – жеке не топтық болса да – жүйе құруши фактор ретінде кез-келген жүйені басқа қасиеттерімен (ашықтық-тұйықтық, тұрақтылық-өзгергіштік) қамтамасыз ете отырып өзін корсетеді. Субъект – бұл жогары белсенді, толыққанды адам. Субъект автономды болып тумайды, жүре қалыптасады». Эр тұнда субъект болып табылады, бірақ субъект ұғымы тұлғага тәнгерілмейтіндіғін айтады. Субъекттің басқаны түсінуі – бұл мәссағты, ойды, серіктестің тұлғалық сипаттарын, сонымен қатар нақты бір коммуникативтілік жағдайларда жүзеге асыратын оның құндылық-мағыналық бағытын, әлеуметтік нормативтерін жөндеу этикалық ұстанымдарын түсінуі болып табылады.

Накты біздің жағдайымыздың кеңістік субъектілері ретінде - білім беру субъектілерін қарастырамыз. Себебі білім субъектілері арасындағы кеңістік - өзара әрекеттесу процесі үйлесімді болған жағдайда ғана нәтижеге бағыттап оқытуды жүзеге асыра аламыз. Сызба бойынша көрсетер болсак, білім кеңістігі субъектілерінің құрылымы төмендегідей болады:



Сурет 8 - Білім субъектілерінің құрылымы

Субъект категориясы философияда, әсіресе онтологияда, негізгі орын алатыны белгілі (Аристотель, Декарт, Кант; Гегель). Ол қазіргі кездегі психологияда да өзіне үлкен назар аудартуда. Мұның ішінде іс-әрекет субъектілерін қозғалыстың негізгі формаларының бірі ретінде ашып көрсету енеді. Білім беру іс-әрекетінің, яғни, өзіне оның екі өзара байланысты – педагогикалық және оку формаларын қамтитын іс-әрекеттің субъектілерін талдау – жалпы философиялық және нақты педагогикалық міндеттер арнасында жатыр. Фалым еңбегінде жалпы философиялық позиция бойынша субъект сипаттамаларын С.Л. Рубинштейн бойынша келтіреді:

Біріншіден, субъект категориясы әрқашан объект категориясымен сәйкестендіріледі.

Екіншіден, тануши субъект, немесе «ғылыми таным субъектісі – бұл өзі танып отырған болмысты қогамдық-тарихи қалыптастасқан формаларда саналы түсінуші қогамдық субъект».

Үшіншіден, қогамдық субъект іс-әрекетте де, нақты индивид болмысында да тіршілік құрып, жүзеге аса алады.

Төртіншіден, «Мен» және басқа адам мәселесін қарастыра отырып, іс-әрекет және іс-әрекет субъектісі ретінде де талданады.

Бесіншіден, субъект – саналы әрекеттенуші – оның өзіндік сана-сезімі – бұл «өзін дүниені саналы түсінуші және оны өзгертуші тіршілік иесі ретінде түсіну, оның іс-әрекет процесінде әрекеттенуші субъект ретінде – практикалық және теоретикалық, сондай-ақ саналы түсіну іс-әрекеттің субъектісі ретінде түсіну».

Алтыншыдан, әрбір нақты субъект өзінің басқаға қатынаса арқылы танылады.

Жетіншіден, әрбір «Мен» жекеше де, қогамдық та бола тұра, ұжымдық субъект болып танылады.

Субъектінің сегізінші сипаттамасы – іс-әрекет, субъекті осы іс-әрекеттің өзінде өзі қалыптасып, жасалатында болып табылады.

Субъектінің тагы бір, тогызыншы сипаттамасын атап өтейік, ол бейнелеу процесін гносеологиялық және өзіндік

психологиялық талдаудан, «субъективтік» бейне категориясынан туындаиды.

Субъект категориясының білім беру процесіне, барлық мүмкін кескінінде талдау мақсатында оның (субъектінің) негізгі сипаттамаларын тагы да бір рет атайдық. Бұл келесі сипаттамалар (користудің елеулі ырықты, іс-жүзінде бағдарланған формалары): 1) субъект объектіні ұйғарады; 2) субъект өз әрекеттеген формасы (құралдары, тәсілдері) бойынша қоғамдық; 3) қоғамдық субъект жүзеге асуудың нақты да, даралық формасына ие; ұжымдық субъект әрбір индивидте көрінген және керісінше; 4) сипатты реттелінетін іс-әрекет әрқашан да субъектті, онда субъектінің өзі де қалыптасады; 5) даралық іс-әрекет субъектісі сипаттамалық; 6) субъекттілік басқа адамдармен қатынас жүйесінде анықталады, ол – белсенділік, құмарланғыштық; 7) субъекттілік қарым-қатынастың, іс-әрекеттің, өзіндік сана-сезімнің және болмыстың ажырамас тұтастығы; 8) субъекттілік – бұл жараталытын және жойылатын, өзара әрекеттесуден (тұлғааралық, әлеуметтік, іс-әрекеттік) тыс болмайтын динамикалық бастама; 9) субъекттілік – бұл интерпсихикалық категория. Адамның осы субъекттілік сипаттамаларына, субъект түріндегі, тұлға ретінде сапаларын да косу керек.

Субъекттілердің өзара ортақ әрекетке түсіу қарым-қатынас процесін тудырады. Осы тұрғыда психология-ғалым Токсанбаева Нұргул Қорғаджанқызы «қарым-қатынасты зерттеу кезінде «субъект-объект» сыйбасымен салыстырып қарағанда, «субъект-субъект» сыйбасында психикалық процестердің сипаттамалары қарқындылау болып келетінін естен шыгармау керек. Бұл қарым-қатынасқа бірнеше белсенді субъект қатысқандықтан олардың қарым-қатынас барысында өзара әрекеттесуі жеке алғанда әрқайсысының белсенділігін арттыра түскендей болады» деген пікір айтады.

Сонымен, субъект ұғымы төнірегінде айтылған ой-пікірлерді түйіндеуде профессор С.К. Бердібаевың субъект ұғымына берген анықтамасын қолдану өте орынды, ғалымның пікірінше «субъект» - белсенділіктің, тұтастықтың (жүйеліктің) жоғарғы деңгейіндегі адам. Субъект – жоғары жүйелік тұтастық.

Субъект ұғымы өте кең мәғынага ие, табиғи, әлеуметтік, қоғамдық, индивидуалдылықтың бірлігінде үздіксіз дамиды.

Білім беру процесі субъектісінің өзгешелігі, субъектінің басқалармен қатынастар жүйесінде қалыптасуы сияқты маңызды сипаттаманы да бейнелейді. Білім беру процесі кез келген педагогикалық жүйеде әр түрлі адамдармен, топтармен, ұжымдармен көрсетілген (окытушылар, мұгалімдер, сыныптар және т.б.). білім беру процесінің субъектілері таным, іс-әрекет, өмір субъектілеріне тән жалпы қасиеттермен де, сондай-ақ олардың ерекшеліктері айқындалатын және олар үшін ерекше білім беру процесінің субъектілеріне тән қасиеттермен де сипатталады.

Біліктілікті арттыру жүйесінде «педагог – негізгі педагогикалық категория...». Сондықтан бірлескен-диалогтық іс-әрекеттің даралық субъектісі ретінде бола отырып, бірлескен әрекетті ұйымдастырушы, сонымен бірге, қоғамдық субъект – қоғамдық білімдер мен құндылықтарды тасушы да болып табылады. Осыған орай, педагогтың субъективті сипаттамасында үнемі аксиологиялық (құндылықтық) және когнитивтік (білімдік) жазықтықтар бірігеді. Бұл жерде, екіншісі, сонымен катар, жалпы мәдениеттік және пәндік-кәсіби білімдерді қамтиды. Даралық субъект бола отырып, педагог әр қашан, даралық-психологиялық, мінез-құлықтық және коммуникативтік сапалардың алуан түрлілігі түсінда да тұлға болып табылады.

Біліктілікті арттыру жұмысын жаңа парадигма негізінде ұйымдастыруда тұлғаның жеке басын дамытуға бағытталған ғалымдардың идеяларына, оқыту тұжырымдамаларына сүйену қажет. Солардың ішінде Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, Л.В. Занков, Д.Б. Эльконин және т.б. ғалымдардың қағидалары басшылықта алынды.

Осы орайда, тұлға ұғымының мәнін ашуға қыскаша тоқталып еттік.

«Тұлға» (латынша persona) – ертеден келе жатқан ұғым. Тұлға дербес әрекет ететін субъект, адамның қоғамдық өмірінің дара нысанасы. Ол әлеуметтік тіршілік ету әдісі жағынан дара болады, оның мәні индивидтің өзіндік ерекшелігінде, оның өзіндік дүниесін, ерекше өмір жолын белгілейді.

Тұлға - әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекетті жүргізу шыны, нақты қоғам мүшесі, өзін басқалардан ажыратып, өзінің кім екенін түсінетін, есі кірген ересек кісі деген сипаттамаға лайық деп есептейді академик Т. Тәжібаев.

Белгілі психолог К.Б. Жарықбаевтың пікірінше тұлға - оның де, айналасындағыларға да өзгеріс жасай алатын адамдар.

С.И. Ожегов сөздігінде: «Жеке тұлға – адам қандай да бір сипатет, қабілет тасушы» ретінде қарастырылады. Жеке тұлға шынындағы сікі негізгі бағытта қолданылады: 1) кез келген саналы адам; 2) өзінің психикалық даму процесін және мінез-құлық, мүріс-тұрысын басқара алатын қабілетіне сай деңгейдегі психикасы бар адам.

Ал М.Н. Дьяченко, Л.А. Кандыбовицтің «Психология» атты анықтамалық сөздігінде: «Жеке тұлға – саналы, сөйлеу, шығармашылық қабілеттері бар қоғамдағы табиғи тірі организм – адам» ретінде сипатталады.

Тұлға - өзінің ұстанымы, өмірге деген өз көзқарасы, саналы еңбек нәтижесінде қалыптасқан дүниетанымы бар адам. Мұндай адам өз ортасынан оқ бойы озық тұрады. Оның өзіндік обишауы, сезімі, ерік – жігері жинақылық пен ішкі құмарлығы жоғары болады. Тұлғаның терендігі оның басқа адамдармен, ортамен байланысының терендігін қамтамасыз етеді.

Тұлға дегеніміз – ол тұрақты психологиялық сипаттамалар жүйесінде алынған нақты адам. Ондай сипаттамалар қоғамдық байланыс пен қатынастарда көрініс берін, адамның өзімен оны қоршағандар үшін маңызды орын алады, оның адамгершілік қылықтарын айқындауды және оның өзіне, ортасы үшін маңызды мәнге ие.

Тұлға – бұл өзі мүшесі болып табылатын қоғам өміріне өз еңбегімен белсенді қатысатын адам. «Тұлға» ұғымына талдау жасай отырып, түрлі авторлар оның сан қылыш мәғыналарын, белгілері мен негізгі сапаларын белгілік көрсетеді.

Психолог-педагогтардың көрсетуінше, «тұлға» адамның қарым-қатынасы мен әрекеті негізінде қалыптасады, дамиды, ол білім берудің тек өнімдік нәтижесі емес, «тұлға» қоғамдық қатынастар мен әрекеттер субъектісі болып табылады. Тұлғаның оз қажеттіктерін өзіндік таным процесінде анықтай білу оның

өзіндік демуына жол ашады. Тұлға-қоғамдық тарихи жағдайлар барысында қарым-қатынас пен танымның, еңбектің субъектісі, қоғам дамуының индивиді. Адам тұлға болып тумайды, тұлға болып жетіледі және оның тұлғалық жетілуі әлеуметтік болып табылады. Тұлға қоғамдық қатынастың өнімі ғана емес – субъектісі, ол қоғамдық ықпалдарды қабылдай отырып, өзін қоршаған ортаға өзі де ықпал етеді. Енді бір ғалымдар «Тұлға туралы түсінік – субъекттілік тұтастықты білдіреді, тұлға бөліктерден құрастырылмайды, ол ерекше тұтастықта болады. Тұлға болып өмірге келмейді, ол адам дамуының кезеңі, тұлға қалыптасады, ол өнім ғана емес, субъект.

А.А. Ламм адамдардың бір-бірін қабылдауы олардың өзара әрекеттесуінің міндетті компоненті және бірлескен әрекет міндеттерінің нәтижелі шешімін табудағы маңызды алғышарты болып табылады. Тұлға аралық қабылдау мәселесін әр түрлі бағыттарда талдауға болады. Топтардағы қарым-қатынастың психологиялық нәтижелерінің бірі – субъект үшін объект қасиеттерінің бейнеленуінің әлеуметтік-типтік критериилерінің жеке жүйесі негізінде топ мүшесі туралы әсердің қалыптасуы болып табылатындығын дәйектейді.

Ал психологиялық создігікте «Тұлға» (личность) төмөнделгі ұғымдар ретінде берілді:

«тұлға» - дербес әрекет ететін субъект ретінде нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысанасы. Тұлға әлеуметтік, тіршілік ету әдісі жағынан дара болады, оның өзіндік дүниесін ерекше өмір жолын белгілейді және ол мазмұны жағынан әлеуметтік жағдайлармен анықталады.

«Тұлға» - адамдар арасында өзінің орнын еркін және жауапкершілікпен анықтайтын, қоғамның өкілі ретінде адам. Қоршаған ортамен, қоғамдық және адами қарым-қатынастар жүйесімен, мәдениетпен өзара әрекеттестіктіке қалыптасады. Адам тұлға болып тұа алмайды, әлсұметтену процесінде тұлға болып шығады. Тұлға ұғымы- отандық психологиядағы негізгі ұғым, ал оку тәрбие процесінің ізгілендірілуіне орай педагогикада жиі қолданылатын санғатқа айналды. Осыған сәйкес педагогикада «тұлғалық қозқарас тұрғысы» (личностный подход) түсінігі

тәжірибелесті. Ол-педагогтың тәрбиешілерге тұлға ретінде бірізді қозқарасы және өзіндік саналы жауапкершілікті субъектіге тәрбиедей өзіндік қарым – қатынасы. Бұл идея 1980 жылдары нағыза болды.

А.В. Петровский тұлғааралық қатынастар формаларын талдауды, ол талдауды іс-әрекеттік тәсілдеме ұстанымынан бірізді жүргізуе отырып олардың нақты, бірақ өз табиғатынан «аса салынтал» екенін көрсетеді. Ол тұлғаны сырттай «субъект – объектті» байланыста көрінетін, ал іс жүзінде «тұлға үшін жанамалану акті болып табылатын» субъект – субъект – объекттік қатынастар жүйесінде қарастырады. Мұнда тұлға үшін жанамаланып шығындыруышы буын қызмет объекті, оның мағынасы емес басқа адамның тұлғасы болып табылады. Сонымен, «субъект – объектті» байланыс «субъект – субъект – объекттік» қатынас ретінде көрінеді. Екінші жағынан, қатынас үдерісімен анықталатын «субъект – субъекттік» байланыс жанамаланған «субъект – объект – субъекттік» қатынастар ретінде көрінеді.

Тұлғаны осылайша қабылдау тұлғаны топқа қарсы қоюды болдырымайды, оны өзі дамитын, қызметінің заттық мазмұны бар жағе басқа адамдармен өзара қарым-қатынастар субъекті ретінде сезінетін әлеуметтік органдың шарттарымен бірлікте қарастыруға мүмкіндік береді.

Ал М.К. Бапаеваның пікірінше, жеке тұлға түрлі сипаттамалардың қосындысы, қоспасы емес, әрбір адамдағы қайталанбас үйлесім. Осындай аса курделі үйлесімдерді ұғыну нәтижесінде жеке тұлғалар жайында түрлі теориялық қозқарастар пайда болады.

Қазіргі таңда еліміздегі білім жүйесіндегі түрлі реформалар «тұлға» ұғымын тағы бір маңызды түрғыдан қарастыруды қажет етеді. Қазақстан Республикасында 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар өмір сүретіні белгілі. Осыған орай мемлекетіміз полимәдениетті және көп тілді елдер катарына жатады, яғни тарихи тұрғыдан алғанда, түрлі этностар, мәдениет және діни ағымдар қауымдастырын қурайды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім берудің басты міндеттерінің бірі – полимәдениетті, жан-жақты дамыған, толыққанды тұлға тәрбиелеу.

Индивидтердің тұлға болуға қабілеттері әр түрлі болғандықтан, олар жасайтын іс-әрекеттер де әртүрлі болатыны анық. Мұнда қабілеттілік ұғымы жалпы психологияда қабылданғандай: бір индивидтің басқа индивидтен айырмашылығы болып табылатын жеке ерекшеліктері, тиісті сұраныстан туынданған белсенділікті жүзеге асыруда барынша табыстылықта жеткізетін жеке ерекшеліктері, аталған іс-әрекетті орындау серпінін сипаттайтын ерекшеліктері ретінде ұғынылады. Осылай сәйкес, тұлға болуға қабілеттілікті - адамның басқа да тұлғаларға сәйкестенуін қамтамасыз ететін іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке психологиялық ерекшеліктер ретінде қарастырамыз, ал бірақ индивид бірынғай әлеуметтік-этникалық қауымға кіретін болғандықтан, оған жалпылық сипатты бар ерекшеліктер тән болады. Қазак ағартушысы Н. Құлжанова баланы этно-мәдениет тұрғысында тәрбиелуе қажеттігін айта отырып: «...дұрыс тәрбиемен өскен бала тіршілік иессіне икем, бейнетіне берік болып өспек» деген пікір білдіреді, ал А. Байтұрсынов адамның жеке тұлға болып қалыптасуында отбасылық салт-дәстүр, тәрбиенің маңызын ерекше бағалайды.

Тұлға мәселесіне байланысты бірқатар ғалымдардың сәңбектеріне талдау жүргізу барысында, аталмыш мәселенің қазіргі таңда зерттеу бірнеше бағыттарда жүргізу қажеттігін айқындауды. Осы тұста тұлға мәселесінің негізін қалаушы теоретиктердің анықтамаларының негізінде тәмендегі жинақтаушы кестені жасауды үйірдады:

#### *Кесте 1 - Жеке тұлға құрылымына берілген анықтамалар*

Ғалымдар	Анықтамалары
А.Н.Леонтьев	Тұлғаның құрылымдық бөліктері ретінде төрт компонентті ерекше атап корсетеді, олар: бағыты, қабілеті, мінезі, өзін-өзі бакылауы.
Л.С.Рубинштейн	Жеке тұлғаның құрылымын үш бөлікке жіктең корсетеді: - карым-қатынасы және бағыты; - қабілеті; - мінезі.
Б.Г.Ананьев	Тұлғаның өзара әрекетінің негізгі төрт қырын болып корсетеді: - биологиялық ерекшеліктері;

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- дара психикалық процестердің ерекшеліктері;</li> <li>- тұлға тәжірибесі;</li> <li>- тұлғаның әлеуметтік тұрғыдан сипатталған сапасы.</li> </ul>
І.І.Шатонов	<p>Тұлға құрылымы төрт бөліктен тұрады деп қарастырган:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- биологиялық;</li> <li>- психологиялық;</li> <li>- әлеуметтік тәжірибе;</li> <li>- жеке тұлғаның бағыты.</li> </ul>
А.Г.Комилев	<p>Жеке тұлға бітімінің құрылымдық компоненттеріне тәмендегідей адами қадір-қасиеттерді жинақтайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- психикалық процестер;</li> <li>- психологиялық қасиеттер;</li> <li>- психикалық жағдайы;</li> <li>- психологиялық білімі.</li> </ul>

Яғни, тұлға – психологиялық сипаттамалардың көп деңгейлі және көп өлшемді жүйесі, адам мінезінің жағдайға және үзкілгі тұрақтылығын, өзіндік жекелігін қамтамасыз етеді.

Жүргізілген талдау тұлға болу қабілеттері әр индивидте әртүрлі деңгейде корініс беретіндігі туралы тұжырым жасауды қажет етеді, яғни тұлға болу қабілеті оте күрделі немесе мұндағы қабілет болмашығана индивидтерде кездеседі деуге болады.

Олай болса, біз жоғарыда көрткөн зерттеушілердің енбектеріндегі жалпы «тұлға» ұғымына талдау жасап өттік, ендігі көзекте «полимәдениетті тұлғаның» ерекшеліктерін айқындаған корслік.

«Полимәдениетті» ұғымы екі дербес сөздің бірігүйен тұрады: поли және мәдениет. Грек тілінен аударғанда «поли» - ауқымды, көп деп аударылады, яғни жан-жақты қамту немесе қандай да бір заттың не құбылыстың құрамының әр алуандығы. Ал «мәдениет» ұғымы көпқырлы болып табылады. Бір жағынан қарғанда, философия ғылымымен тығыз байланысты үгім және руханилық өлшемін білдіреді, әйтсе де қоғамның материалдық омірінен мәдениетті бөліп таставу мүмкін емес. Соныңған зерттеуші-ғалымдар «мәдениет» ұғымына: сипаттамалық, тарихи, нормативтік, психологиялық, құрылымдық және генетикалық тұрғыда анықтама беріп келеді. Ал аксиологиялық бағыт

бойынша, мәдениет материалдық және тухани құндылықтардың жиынтығы (Г.Г. Карпов, А.А. Зварыгин, Г.П. Францев және т.б.). Әлеуметтану ғылымында атальыш категория бірнеше түргыдан қарастырылады:

- біріншіден, мәдениет – адамның қоршаган табигатқа қатынасы;
- екіншіден, мәдениет – адамның басқа адаммен қатынасы. Адамдар, мемлекеттер, этникалық топтар арасындағы қатынастар мәдениетінің дәрежесі, ұжымдағы, құнделікті тұрмыстағы, отбасындағы өзара қатынастардың рухани ахуалы адамдардың өзара байланысы фактісін жете түсіну дәрежесіне тәуелді;
- үшіншіден, мәдениет – адамның өзіне өзінің қатынасы.

Яғни, «**полимәдениетті тұлға**» - этникалық топ мүшерімен, қоршаган ортамен рухани үйлесімді қатынастар жүйесіне бейімделген тұлға.

Ресейлік зерттеуші Г.Д. Дмитриев полимәдениетті тұлғаңың бастапқы сапаларына түрлі мәдениет өкілдерімен қатынаска тусуде толерантты бола білуді, адамдардың бір-бірінен этникалық, жеке дара айырмашылықтарын жақсы ажыратса мүмкіндіктегін жатқызды. Ал Ж.Ж. Наурызбай: «**полимәдениетті индивид** - өз ұлттың және басқа да мәдениет өлшемдерін менгерген жеке тұлға» деп анықтама береді. Сонымен қатар, ғалым өз енбектерінде полимәдениетті тұлғага тәмен-дегідей мінездеме береді:

- түрлі этностардың мәдениеті мен салт-дәстүрлерін құрметтей білуі;
- өз ұлттық мәдениеті мен тіліне қажеттілігі;
- мәдениет диалогын қарым-қатынастың жоғарғы формасы ретінде қабылдауы;
- әсемдікке, сұлаулыққа құштарлықтың болуы;
- өнер туындыларына деген жоғары қызығушылықтың болуы және т.б.

Полимәдениетті тұлға мәселесін талдай отырып, З. Қабылбекова: «**полимәдениетті тұлға** – өз табиғи, ұлттық ерек-

шілдесінде мен жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде танылатын индивид» деп анықтама бере отырып, полимәдениетті тұлға мен жан-жақты дамыған тұлға – кеңестік білім жүйесінің иелілік прасындағы айырмашылық шегін анықтауга тырысады. Оның пікірінше, мұндағы айырмашылық жан-жақты даму деңгейлінде «әдіни сана-сезімнің» қосылып, «идеологиялық сенімнің» анықтасталуында.

Бұдан өзге, полимәдениетті тұлғаны – «Мен-тұжырымшамасы» позитивті түргыдан қалыптасқан индивид деп атауга болады. Себебі ол өзінің ішкі үйлесімділігімен, өзіне және оның еркептегендеген жағымды қатынасымен ерекшеленеді. Мұндай тұлға бойында еркін көзқарас, ой-пікір, толеранттылық, мақсаттылық иен әрекет мотивтерінің адекваттылығы қалыптасады. Сонымен қатар, мұндай адамға өзіне және өз мүмкіндігіне сәйкесінде, қоршаган ортанды оптимистік түргыдан қабылдау тән жағе оз жеке құндылықтар катынасының байланысты өмірлік масслелерді, қыншылықтарды өзбетімен талдап, шеше отырып, ол қателіктерін түзетуге бейімделеді. Ол өзін бір мезетте бірнеше мәдени топтардың (этникалық, әлеуметтік, аумақтық, әдіни, гендерлік және т.б.) мүшесі ретінде және этносаралық аналогта өзін еркін сезінеді.

Қазақтың қорнекті ғалымы, профессор С.К. Бердібаева өзінің «Творчестволық іс-әрекеттің этнопсихологиясы» атты күндызы еңбегінде, «**полимәдениет пен полиэтностик** өзара әрекет шартында сананың ерекше типтінің дамуын анықтайтын механизмдер» туралы айта отырып, тұлғаның «Мен қасиетін» ұлттық фольклор негізінде тәрбиелеу қажеттігі мәселесін көтереді.

Жоғарыда берілген анықтамаларды қарастыра отырып, «**полимәдениетті тұлға**» ұғымы ете күрделі және көп аспекттілі, бұл оның көптеген компоненттері, көрсеткіштері, өлшемдері мен тұлғалық сапалар жүйесін құрауына қарай қарастырылуы қажеттігі анықталды. Бүгінде білім беру жүйесінің талантарына сәйкес жеке тұлға ғана емес, «**полимәдениетті жеке тұлға**» тәрбиелеу әрине тұлғааралық қатынас барысында, демек этникалық ерекшеліктерді жақсы менгерген полимәдениетті педагогпен қарым-қатынас барысында жүзеге асады. Яғни, бастапқыда атап отілген тұлғааралық қатынастардағы іс-әрекеттік жанама тео-

риясын терең зерттеуден келіп шығатын іс-әрекеттік тұлғалану тұжырымдамасы тұлғалық әсер мәселелері бойынша зерттеудерді мақсатқа бағыттайты және әдіснамалық жагынан қамтамасыз етеді. Екінші жагынан, ол тәрбиеумен және оқытумен айналысатын этно-субъектілердің – мұғалімдер мен тәрбиешілердің полимәденистті тұлғалану қабілеттілігінің қалыптасу механизмдерін барынша мұқият талдау қажеттігін талап етеді.

А.В. Петровский мен В.А. Петровскийдің индивидтің барынша тұлғалануға үмтүлуге туралы болжамы бір қарағанда, аталған мәселе айтارлықтай маңызды тұрган жок деуге негіз болатын сиякты, бірақ өмір тәжірибесі мұғалімдердің кәсіби дайындығы бірдей болса да, олардың педагогикалық қызмет кезіндегі түрлі этнос мұшелеріне тұлғалық әсерінің әртүрлі болуы этностық қарым-қатынас ерекшеліктерін терең зерттеу қажеттігін көрсетеді.

Психологияғының мұғалім тұлғасын зерттеу мақсаттары жеке тұлға мәселесін шешуге бағытталған теориялық өндөулерге негізделеді. Зерттеушілердің (В.Г. Ананьев, В.Н. Мясецева, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Б.И. Теплов, Д.Н. Узнадзе) бұл мәселелерді шешу бағыттары әртүрлі, олардың бірқатары тұлғаның қайталаңбас ерекшеліктеріне адамның іс-әрекетіндегі тұртқілердің жан-жақты көрінісін, жеке биохимиялық қасиеттерін, әлеуметтік ролдерін, жогары нерв жүйесі әрекетінің типтерін, келбетін, қызығушылығын, арман-мұраттарын, қабілеттерін, құшті әсерлерін, ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерін, дүниетанымын, адамгершілік кескінін, өзіндік санасын, шыгармашылық өнімдерін, киялын, дәстүрлерін, түрлі тарихи кезеңдердегі дүниені қабылдауын, әлеуметтік топтардағы орнын, жауап қайтару жылдамдығын, ерік-жігерін, жек көру мен жақсы көруін, қысылтаяң жағдайларды бастан кешіруін, кәсіби біліктірі мен дағдыларын, қылықтарын, әрекеттерін және т.б. жатқызады.

Қазіргі уақытта ең басты мақсат – мұғалімді өзінің тұлғалық, кәсіби қорларын пайдалануга және тұтас педагогикалық қызметтің жеке жүйесін құруға үйрету болып табылады. Осы мақсатта білім мазмұнын ұйымдастыру механизмдерін құруда

шын мәніндегі арттыру жүйесін дамыту мәселелерін зерттеушілердің Н.С. Сарсенова мынадай түйіндерді ұсынады:

1) мақсаттар жиынтығын, оларды диагностикалаудағы жағдайлар мен тәсілдерін анықтау;

2) диагностикаланатын мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін технологиялық іс-әрекет нұсқаларын құру;

3) технологиялық іс-әрекеттердің БАИ оқытушылары мен тыңдаушыларының тұлғааралық арақатынасын белгілеу мүмкіннің психолого-педагогикалық, дидактикалық мүмкіндіктеріне талдау жүргізу;

4) біліктілікті арттыру мазмұнына сәйкес және педагогикалық процеске катысушылар таңдайтын педагогикалық жағдайлар мен құралдар жиынтығын анықтау;


5) тыңдаушылардың қалыптасқан мазмұнды игеруіне рефлексті талдау жүргізу нұсқаларын алдын ала қарастыру.

Шын мәнінде, білім беруші негізгі субъект – бұл ұрпақтар арасындағы байланыстыруышы буын, қогамдық-тариhi тәжірибелі тасуши. Халықтың қогамдық-мәдени тұтастығы, жалпы өркеннесті, ұрпақтардың мираскерлігі көп жағынан Білім мекемесі – ыншым беруші субъект ролімен шартталған. Жалпы саны бірнеше он мындаған саналатын, «Білім беруші» (Педагог) мамандығы, оның мазмұны, еңбек жағдайлары, сандық және сапалық құрамы отырғенмен де, кәсіптердің өзгермелі дүниесі айнымас болып калады.

Олай болса, педагог тек білім беруші субъект қана емес, сонымен қатар ол жан-жақты тұлға қалыптастыруышы, жантануши болуы шарт. Осы тұста Л.М. Фридман және К.Н. Волков ескілді ғалымдардың пікірінше, қалыптасуышы тұлғалардың жеке қатынастарына басқару жүргізу атальыш қатынастардың сипаттары мен шартты ерекшеліктері, себептері туралы нақты үгымдардың болмауынсыз мүмкін емес. Яғни, біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушыларын зерттеу бағыттарына адами қатынастар психологиясын менгеру ауқымы да енгізілуі тиіс деп ойлаймыз.

Осы орайда білім алушы субъектінің жан-жақты қасиеттерінің қалыптасу процесінде білім субъектілері тұлғасының маңыздылығын міндетті түрде ескеру қажет. Эрбір тұлғаға

терең білім мен тәрбие беріп қана қоймай, бойындағы табиғи қасиеттерін ашып, жеке тұлғаны қалыптастыру мақсаты жүктеліп отырған қоғамда, БАИ тыңдаушысын жете зерттеудің төмөндегідей бағыттарын жасауды қажет етеді:



Сурет 9 - БАИ тыңдаушысын зерттеу бағыттары

Сондықтан тыңдаушы тұлғасын зерттеу-дамыту құрделі көңілдердің мәселе. Суретте берілген модель негізінде БАИ тыңдаушысының тұлғасын жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді.

Осылан байланысты білімін тұрақты көтерін отыру – сұрақшадаудың құқықтары әрі міндеттері, білім беру жүйесінің сұрақты дамуының кепілі, мемлекеттің дамуының құралы болып айналады. Сондықтан біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамытып, өз көсібінің шыңына таптауды мүмкіндіктерін ашу бағытында әлі де көп жұмыс жүргізу тиіс, ал Р.Д. Окашев «мамандарды даярлау тек білім мен көсіби бағдар берумен шектелмеуі керек, сондай-ақ олар әзілдеме мен техникалық жаңа жетістіктермен қаруланған, болашақ қызмет барысында кезігетін экстремальды психологиялық жағдайларда дұрыс әрі табысты қымыл етуі қажет. Психологиялық дайындықсыз көсіби даярлық толық қалыптастырылған соғын сапалайды», -деген ойын ортага салады.

Осы тұста біліктілікті арттыру институттарындағы қайта тағырау курстарын жаңа шылдық бағыттарда үйімдастыру қарастырылған тұындауды. Бұл жұмыстарды жаңа парадигмалық негізде үйімдастырудың мақсаты – тыңдаушылардың шеберлігі мен көсіби құзырылышының арттыру; жаңа шылдық бағыттары жұмысқа түрткі болу; курстан кейінгі жұмыс нәтижесі ретінде білім көністігіндегі сапаны арттыру; курстың жұмыстың мазмұншы меншеру; бірлескен іс-әрекеттегі қарым-қатынас іскерлігінде дайын болуын қамтамасыз ету.

Тыңдаушының өз білімін тікелей не қосымша іс-әрекеттер негізінде жетілдіруі білім беру процесін оптимизациялауда әсері зор. Білім процесін оптимизациялау әдістемесі мен әдіснамалық сұрақтарды қарастыру бізді накты шешімге келуге итермелейді, он тыңдаушыларды даярлау және біліктілігін арттыру процесінде олардың ғыльыми және мәдени-құндылыштық бағыттарына арнайы көніл бөле отырып, бірлескен іс-әрекет процесі міндеттерінің оптимальды шешімін тандауды жүзеге асыруына жағдай жасауымыз қажет. Мұнда бірінші орынға оқытушылардың оку процесін оптимизациялау әдістемесі мен әдіснамасын ашатын әдебиеттерді жүйелі оқып-үйрену койылады.

Осы тұжырым негізінде біліктілікті арттыру курстарына келгеннің даушыларды даярлау кезінде курстың ғылыми-әдіснамалық негізіне баса назар аудару қажеттігі туралы түйін жасауды болады.

Осыдан байланысты біз көптеген еңбектерге талдау жасаған отырып және қазіргі біліктілікті арттыру жүйесінің қайта даярлау курстарының құрылымын қарастыра отырып, зерттесу жұмысымыздың дамытушылық эксперимент бөлімінде қайта даярлау курстарының жаңа моделі жасалынды. Ол келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

1. Тындаушылардың бастапқы кәсіби көзқарастарын диагностикалау кезеңі.

2. Тындаушылардың кәсіби қызметіндегі негативті позицияларын түзету кезеңі.

3. Тындаушылардың жаңа кәсіби көзқарастары мен ұстанымдарын қалыптастыру кезеңі.

Ол үшін біліктілікті арттыру институттарының ролін, қоғамда алатын орнын, БАИ-ның нақты статусы мен мүмкіндіктерін; қайта даярлау курстарының мақсат-міндеттерін; оқытываемдын әлеуметтік-психологиялық аспектілерін; тындаушылардың қажеттіліктері мен сұраныстарын жете білу шарт. Сонымен катар біліктілікті арттыру жүйесі оқытушыларының моральдық-этикалық сапаларын дамыту жағын көптеген галымдар қарастыруда. Бірқатар жұмыстарды талдай отырып, Э.А. Урунбасарованаң «Оқытушы этикасы» (2003 ж.) атты еңбегінде жасаган оқытушы этикасының негізгі компоненттерінің құрылымдары моделі біліктілікті арттыру жүйесі оқытушыларына тиімді және колданымды екені анықталды.

БАИ оқытушысы – тек білім дамытушы субъект қана емес, ол сонымен катар біліктілікті арттыру курстарына қатысушылардың жан-жақты сұраныстарына сай келетін, олардың катып қалған негативті ұстанымдарын позитивті бағытта ешқандай қақтығыссыз шеше білетін, жогары мәдениетті тұлға болуы тиис.



*Сурет 10 - Оқытушы этикасының негізгі компоненттерінің құрылымдары*

Біліктілікті арттыру институттары жағдайында білім беру (жер мәғынада қолданылғанда) адам әрекетті түрлерінің көптеген ерекшеліктерін өзіне сіңірген синтетикалық процесс болып табылады. Білім беру және таным процестерінде бірқатар жалпы және маңызды әрекет компоненттерін бөліп көрсетуге болады.

Біріншіден, олардың мақсаттары ортак: танушы адам және білім алушы адам соңғы нәтижеге, яғни құбылыс не процесс екенін түсінуге, себеп-салдарлы бағыныштылық жүйесін құруға, көршіған дүние туралы өз білімдері мен ой-жүйелерін байытуға қызығушылық танытады. Екіншіден, нақты бір не басқа жағдайларда адам таным немесе үйрену объектілерімен белсенді байланыска түседі. Үшіншіден, таным процесінде де, әрі білім алу процесінде де субъект өз алдында пайда болған танымдық немесе оку-танымдық міндеттерді шешудің негізгі құралы ретінде өз ойының бай мүмкіндіктерін пайдаланады. Яғни, біліктілікті арттыру процесінде де курс тындаушыларының

аталмыш әрекет компоненттерін пайдалана білуге үйрету не дағыландырудың маңызы зор болып табылады.

Оймызды тұжырымдай келе, тыңдаушылардың психологиялық өзгеріске ұшырауы немесе қайта құрылуында біз ұсынған модель қазіргі білім саласындағы ізгілендіру, демократияландыру, әлеуметтендіру ұстанымдарына сай, тыңдаушы тұлғасына бағытталған, өзертүге қолайлы жоба болары анық.

Зерттеу барысында жоғарыдағы көрсеткіштер бойынша тәжірибелік- эксперименттік жұмыстар жүргізілді. Олардың нәтижесі жұмысымыздың дамытушылық - тәжірибелік тараудың баяндалатын болады

Бірінші тараудың бойынша қойылған міндеттерді шешуде отандық және шетелдік зерттеуші-галымдардың еңбектеріндегі психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және этнопсихологиялық мәселелерге теориялық тұрғыдан талдау жасалынды. Осы мәселеге байланысты бірінші тарау бойынша төмендегідей тұжырымдар жасалды:

1. Қарым-қатынас процесі адам өмірінде болып жатқан түрлі ақпарат алмасулар, әлеуметтік, этностық, мәдени және рухани құндылықтармен алмасу, адам санасы мен мінез-құлқына озара әсер ету, озара әрекеттесу тәсілдері және т.б. маңызды қызметтерді атқарады. Қарым-қатынас қызметтерінің сан алуштығын қарастыра отырып, қайсыбірін дұрыс не бұрыс деп айтуда болмас, себебі олар бір-бірін жоққа шығармайды. Дегенмен, қазіргі таңдағы өркениеттің қарқынды дамуына байланысты және ұлтаралық экономикалық, мәдени қатынастардың қарқынды даму жағдайында, қарым-қатынас процесі - көп өлшемді және полиқызметті процесс хакында зерттелуі тиіс.

2. Қазіргі таңда Қазақстанның полимәдениетті мемлекеттік статусын ескере отырып, жаппай «коммуникативтік кәсіп» субъектілерінің тікелей қатыстырылуымен этносаралық қарым-қатынас мәселелерін дұрыс дамытқан жағдайда үлттар арасында туындастын қақтығыстардың, түсінбеушіліктердің, алауыздықтың және т.б. жағдайлардың алдын алу мүмкіндігі туындаиды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін біліктілікті арттыру жүйесінде қарым-қатынас шеберлігін арттыруға көмегін тигізетін арнайы курстар үйімдастырылуын, тыңдаушылардың коммуникативтік

ікемдерінің дамытуға арналған белсенді оқыту бағдарламаларын (тренингтік) қамтамасыз ету қажет.

3. Біліктілікті арттыру жұмыстарын полизэтностиқ қарым-қатынастың синтоникалық бағыты негізінде үйімдастыру, алдымен педагогикалық ұжымды соған дайындау, оқу жоспарлары мен бағдарламаларына жаңашылдық тұрғысынан өзгерістер енгізуі, білім көтеру жұмыстарының нәтижелілігін түркесті диагностикаласап отыруды, біліктілікті арттыру шарапалындағы басты тұлға білім көтерушілердің өздері екендігін шапарда ұсташа сияқты мәселелерді шешуді талап етеді.

## **2 БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭТНОСЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ II МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН ЭКСПЕРИМЕНТТЕК ТҮРФЫДА ЗЕРТТЕУ**

### **2.1 Зерттеу бағдарламасы, әдістемелері**

Бұгінгі таңда жаңаған Қазақстанның өндіріс сферасы болсын, рухани даму сферасы болсын өркендеу кезеңдерін бастаң кешіруде. Осыған сәйкес гылым саласы да бірқатар серпілістерді, жаңаша бағыттар мен көзқарастарды қажет етеді.

Психология гылымының танымал ғалымдарының пірікінше, қазіргі оркениеттің қарқынды даму жағдайында этностиқ қарым-қатынас мәселесін зерттеу өзекті және күрделі, сонымен қатар жаңаша бағыттарда зерттеуді қажет етіп отыр. Өйткені арнайы ұйымдастырылған әрекет процесінде констаталық эксперимент нақты психикалық ерекшеліктерді анықтап және тиісті даму сапасының деңгейі туралы болжамды материал береді.

Мәселенің күрделілігі және жаңаша бағытта болуы зерттеуші алдына эксперименттік жұмыстың өзіндік бағдарламасын жасау және зерттеу процедураларын тыңғылтықты таңдау сияқты міндеттерді қояды. Психологиялық зерттеулердің коптеген міндеттері мәселені көпжақты салыстыруды қарастырады. Салыстыру жұмыстарын жүзеге асыруда және зерттеу бағдарламасын жасауда бірқатар ғалымдардың статистикалық-математикалық зерттеулері талданып, бірқатар парадигмалар қарастырылды.

Зерттеу жұмысымыздың гылыми құқықтық процесін Поппердің фальсификациялану ұстанымына сай келесі құрылымда жасауга тырыстық:

1. Зерттеу болжамын ұсыну.
2. Зерттеу жұмысын жоспарлау.
3. Зерттеуді жүзеге асыру.
4. Көрсеткіштерді өңдеу.
5. Болжамды нақтылау, дәйектеу.

Поппердің ұстанымы бойынша зерттеу жүргізу жаңа идея ұсынбайтыны көпшілікке мәлім, сондыктан осы ұстанымды негізге ала отырып, қазіргі көптеген ғалымдар дәлелдеуге

жариялады «моноэтностиқ ортаға қарағанда, полимәдениетті орталық қарым-қатынас процесі нәтижелі болады» деген қағиданы қабылдайтыру.

Осы түрғыда гылыми зерттеуіміздің эксперименттік болжамдарын талдаң, негізге ала отырып, зерттеу жұмысының жалғаған болжамы мен бірнеше жеке болжамдары бекітілді.

*Зерттеудің негізгі болжамы:* этностиқ қарым-қатынастың тиімділігін топтың ұйымшылдығы, мәдени-құндылық бағдарлама, қарым-қатынаста өзін-өзі бақылау арқылы жүргізілсе, онда психологиялық маңыздылығы артады.

Аталмыш негізгі болжамды нақтылау түрғысында бірқатар жеке болжамдар туындалп, солардың негізінде эксперименттік анықтау жұмыстары жүргізілді. Яғни:

- бірінші жеке болжам ретінде, түрлі этнос өкілдерінің қарым-қатынасын дамытуда топ мүшелерінің ұйымшылдығы қомынмасыз етілсе, онда олардың қарым-қатынасының психологиялық маңыздылығы артады; белгілі топ мүшелерінің өзара қарым-қатынасқа түсінің нәтижелі болуы, олардың мәдени-құндылық бағдарына тікелей байланысты;

- екінші жеке болжам ретінде, этнос өкілдерінің тіл тағылыштық деңгейін дамытса, онда топ мүшелерінің қарым-қатынасының тиімділігі артады; түрлі этнос өкілдері өзара қарым-қатынасқа түсі жағдайында өзіндік бағалау деңгейлерін дамытса, онда олар бір-бірімен тепе-тендік жағдайда болады;

- үшінші жеке болжамы, белгілі бір топтағы этнос өкілдерінің коммуникативтік іскерлік деңгейлерін жетілдірсе, онда олардың өзара бірдей болу мүмкіндігіне қол жеткізеді; түрлі этнос өкілдерінен құралған топтарда вербалды емес коммуникациялық әрекеттерін бағалау деңгейлері дамытылса, онда өзара қарым-қатынасқа түсі тиімділігі артады.

Келесі кезекте ұсынылып отырган болжамдарды дәйектеу үшін, зерттеу жұмысының теориялық, эмпирикалық және тәжірибелік міндеттері айқындалды.

*Зерттеудің теориялық міндеті:*

- психология гылымындағы аталмыш мәселеғе қатысты теориялық ережелерге, қағидаларга және ой-пікірлерге ауқымды талдау жүргізу.

**Зерттеудің жеке міндеттері:**

- зерттеу болжамдарына сай зерттеу процедураларын іріктеу, зерттеу көрсеткіштерін, өлшемдерін, көрсеткіштерді өндеу бірліктерін жасау;
- этностық ерекшеліктердің қарым-қатынас процесіне әсер ету деңгейін анықтау.

**Зерттеудің тәжірибелік міндеттері:**

- біліктілікті арттыру жүйесінде, педагогтардың біліктілікті арттыру курсарында, полиэтностиқ топтар тәжірибесінде қолдануға тиімді болатын ұсыныстар беру.

Осыған орай, эмпирикалық міндеттерді шешу мақсатында біліктілікті арттыру жүйесіндегі этностық қарым-қатынасты диагностикалаудың әдістемелері, көрсеткіштері мен өлшемдері, әдістемені талдауга қажетті формулалар тәмендегі кестеде көрсетіліп отыр:

*Kесте 2 – Этностық қарым-қатынасты диагностикалау*

Көрсеткіштері	Өлшемдері	Диагностик алау әдістемелері	Әдістеме нәтижесін өндеуге қажетті формула
Поли және моноэтностиқ топтардағы қарым-қатынас барысында топ мүшелерінің ұйымдастас деңгейін анықтау	Топтың ұйымшылдығын анықтау	Топтың ұйымшылдығын анықтау Мундагы: Ұ-ұйымшылдық индексі; т-ең төм. көрсеткіш; н-тындаушылар салы.	$\Psi = n/t * 100\%$ Мундагы: Ұ-ұйымшылдық индексі; т-ең төм. көрсеткіш; н-тындаушылар салы.
Полиэтностиқ және моноэтностиқ топтардағы қарым-қатынаска этникалық мәдени-құндылық бағдарының әсерін анықтау	Дәстүрлі мәдениет, кәзіргі мәдениет және динамикалы дамушы мәдениет бағдарларына қатынасын бағалау.	Дж. Таусен дтің «Мәдени-құндылық бағдарын анықтау» тесті	$K = t / n * 100\%$

Полиэтностиқ және моноэтностиқ топтардағы қарым-қатынаска этнос мүшелерінің әттикалық ерекшеліктерінің әсерін анықтау	1. Топ мүшелерінің тіл табысқыштық деңгейлерін бағалау. 2. Топтардағы этностардың тіл табысқыштық деңгейлерін бағалау.	Тіл табысқыштық деңгейін бағалау тесті (В.Ф.Ряховский бойынша)	$K = t / n * 100\%$
Топ мүшелерінің жалпы қарым-қатынасқа өзіндік бағалаудың әсерін анықтау	Өзіндік бағалау деңгейлерін қарым-қатынас барысында анықтау	Қарым-қатынаста өзін-өзі бақылаудың анықтау тесті (М.Снайдер бойынша)	$K = t / n * 100\%$
Топ мүшелерінің қарым-қатынас іскерліктерін менгеру деңгейлерін анықтау	Коммуникативтік іскерліктерін бағалау.	Коммуникативтік іскерлік бағалау тесті (І-нұсқасы)	$K = t / n * 100\%$
Топ мүшелерінің өзара қарым-қатынасқа түсү барысында бір-бірінің вербалдың емес коммуникациялық әрекетін бағалаудың анықтау	1. Үйлесімділігінің көрсеткіштері. 2. Вербалсіз әрекетке деген сензитивтілік пен сезімталдық көрсеткіштері. 3. Өз вербалсіз әрекетін бағалаудың анықтау	Вербалды емес коммуникацияны бағалаудың экспергтік әдістемесі (А.М.Кузнецова бойынша)	Тест формуласы: $\square = (1\Pi + 2\Pi + 3\Pi) - (15+8+12+9)$ Жинақтық формула: $K = t / n * 100\%$

Кестеде әр әдістеме бойынша жиынтық көрсеткіштерді анықтаужүргізуде тәмендегі формула пайдаланылды:

$$K = t / n * 100\%$$

Мұндағы: **K** – қарым-қатынас; **t** –ең төменгі жауап көрсеткіші; **n** -эксперименке қатысқан тыңдаушылардың жалпы саны.

Психологиялық эксперимент – бұл экспериментті жүргізу-шінің ұйымдастыруымен және зерттеуші психикасының ерекшеліктерін анықтауга бағытталған, зерттеуші мен экспериментатордың бірлескен әрекеті. Әрекетті ұйымдастырушы және реттеуші – қарым-қатынас процесі болып табылады.

Осылай, психологиялық эксперимент жағдайында ғылымға қажетті құнды жаңалықтар алынады. Психологиялық эксперименттің:

- корреляциялық зерттеу;
- кроссмәдени зерттеу;
- психогенетикалық зерттеу бағыттары болады.

Атальыш бағыттар өзара тығыз байланысты. Осы тұстағы кроссмәдени психологияда Т. Хофтед және Т. Триандис бағыттары танымал, олар түрлі этникалық топ өкілдерінің әлеуметтік мінез-құлқына әсер ететін мәдениеттің психологиялық өлшемдерін сонын қөмегі арқылы шығарады.

Қандай бағытта болсын зерттеу жұмыстары бірнеше кезеңдерден тұрады. Олай болса, зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде негізгі экспериментальды процедуralарға және олардың жүргізілу жолдарына, өндегу ерекшеліктеріне кеңінен тоқталуға тырыстық.

Кез келген психологиялық экспериментті жүргізуде нәтиженің тиімді болуы – қажетті экспериментальды әдістемелерді дұрыс таңдауға тікелей байланысты. Осы тұста бірқатар психолог-зерттеушілер, «зерттеу әдістемесі – бұл әдісті жүзеге асыру құралы, операциялар мен тәсілдердің (олардың жүйелілігі мен өзара байланыстылығы) біртұтастырығы, сонымен қатар ақпаратты талдау және өңдеудің қалыпта келтірілген ережелері» деген анықтама береді. Демек, зерттеу нәтижесінің нақты болуы эксперименттік әдістемелердің бір-бірін өзара толықтыруышы ретінде жүзеге асырылуына байланысты.

Атальыш тұжырымға сәйкес, тәжірибелі – эксперимент барысында біліктіліктерін көтеру курсарына келген тыңдаушы-

лардың барлық категориялық топтарында қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеуге байланысты процедуралар қолданылды.

Зерттеу жұмысының болжамдарын анықтау мақсатына сәйкес төмендегі негізгі әдістемелік процедуралар ірітеліп алынды (көсімшалар: А, Б, В, Г, Д, Е):

1.Топтың ұйымшылдық индексін анықтау (Сишор әдістемесі бойынша);

2.Дж. Таусендтің «Мәдени-құндылық бағдарын анықтау» тесті;

3.Тіл табысқыштық деңгейін бағалау тесті (В.Ф. Ряховский бойынша);

4. Қарым-қатынаста өзіндік бағалауды анықтау тесті (М. Снайдер бойынша);

5.Коммуникативтік іскерлікти бағалау тесті;

6.Вербалсіз коммуникацияны бағалаудың эксперптік әдістемесі (А. Кузнецова бойынша).

Енді осы зерттеу процедураларына және оларды қолдану, өңдеу т.б. жолдарына тоқталып өтеміз.

Топтың ұйымшылдығы – оның мүшелерінің біртұтастығын көрсететін ең маңызды өлшем болып табылады. Соңдықтан зерттеу жұмысымыздың бастапқы кезеңінде курс тыңдаушыларының полиэтностик құрамына қарай психология ғылыминың даму тенденциясына сәйкес топтың ұйымшылдығын көптеген әдістемелердің (социометриялық, референтометриялық және т.б.) қөмегімен анықтауга болады. Сонымен қатар, топтың ұйымшылдық индексін анықтауда Сишор әдістемесін пайдалана отырып, анықталады. Әдістеме сұрақтарының жалпы нәтиже көрсеткіштеріне (жоғарғысы-19; минималды-5) қарай:

- «жоғары» (19-15 үпай);

- «орташа» (14-10 үпай);

- «төмен» (9-5 үпай) деңгейлерге бөлінді. Тыңдаушыларға арнайы нұсқау беріледі. Жауаптар жақшаша ішінде берілген үпайлармен есептеледі. Бірақ жауап алу барысында үпай сандарын көрсетудің қажеті жок. Максималды үпай-19, ал минималды - 5.

Психология ғылымдарының докторы, профессор С.М. Джакупов «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» атты

еңбегінде моноэтникалық және полизетникалық оқу топтарындағы бірлескен таным әрекетінің нәтижелері әр түрлі болатынығына тоқталады. Біздің ойымызша, көп жағдайда бұл нәтижелер ұлттық мәдениет көрсеткіштеріне тікелей байланысты. Сонымен қатар, ғалым Т. Сәрсенбаев ұлтаралық қатынас мәдениеті ең алдымен көпэтносты, не моноулттық болып келетін қатынас ортасына тығыз байланысты болады дейді. Осы айтылған пікірлерге байланысты курс тыңдаушыларының мәдени және құндылық бағдарларын анықтау мақсатында Дж. Таусендтің „Мәдени-құндылық бағдарын“ анықтау тесті жүргізілді.

Тест құрылымы жағынан өте қарапайым және пайдалануга қолайлы. Тест 5 сұрақтан тұрады. Әр сұраққа уш нұсқалы жауап берілген. Тест нәтижесі төмөндегі кілт бойынша есептеледі:

Сұрақ №	ДМ	ҚМ	ДДМ
1	a	b	c
2	a	b	c
3	a	b	c
4	a	b	c
5	a	b	c

Тест нәтижесін өндеуде респондент жауаптарының мәдениет типтеріне қарай орташа пайыздық көрсеткішін шыгару қажет. Алынған нәтиже бойынша топ мүшелерінің қай мәдениет типіне жатқызу керектігін анықтауға болады.

Тест интерпретациясы төмөндегідей үш деңгейді анықтауға мүмкіндік береді:

Бірінші тип – дәстүрлі мәдениет (ДМ) – адамдардың тарихқа, мәдени-тарихи мұраларға, салт-дәстүрге, ұлттық мәдениетке деген жоғары қызығушылық деңгейімен сипатталады. Мәдениеттің осы типіне жататын адамдар табиғаттың тылсым күштеріне, құбылыстарына озынгады, дегенмен оларды шешүгө ұмтылыстары жок деп айтуда болады. Отбасын, діни наңым-санімдерін жоғары қояды. Мұндай мәдениет типінде адамдардың ішкі жан дүниесінің бостандығына жол берілмейді,

ойткені адамдар теріс қылыққа бармау үшін, оғат қылық жаса-мауы үшін өз қоғамдастарының қатаң бақылауында болуы тиіс деп санайды. Шешімді қауым болып табады, ал шешімнің нәтижесі аға ұрпакқа байланысты болады.

Екінші тип – қазіргі мәдениет (ҚМ) – заман ағымына қарай өзгеріске ұшырауға бейім. Табиғатпен үйлесімде омір суруге, табиғат заңдылықтарын сактауға тырысады. Бұл мәдениет типінде басты фактор – адам және оның құқтары, тұлға ретінде дамуы, өмірлік орнын табуы. Адамдар арасындағы өзара қатынастар әлеуметтік жүйедегі ролі мен статусына байланысты қалыптасады. Достық қатынастар өте баяу дамығанымен, уақыт откен сайын терең мәғынаға ие болады. Мұндай қоғамда адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекетін адамғершілік, этикалық нормалар мен ережелер арқылы реттеп отырады. Тұлғааралық қатынаста оздерін ұстай біледі, ролдік және әлеуметтік қашықтық сактауға тырысады. Қандай да жеке шешімдерді қабылдау барысында топтардың, отбасының, еңбек ұжымы мүшелерінің қызығушылығы, жоспары, қажеттіліктері, келісімдері ескеріледі. Өз жұмыс нәтижесіне материалдық емес, моралдық марапат (атақ-данқ, мойындау, табысқа жету) алуға тырысады.

Үшінші тип – динамикалық дамушы мәдениет (ДДМ) – адамдардың болашаққа қозқарастарын, нәтижеге жылдам жетуді көрсетеді. Өз жоспарларын қысқа және тез шешімге жетуге болатындағы етіп жоспарлауға тырысады. Бұл типтегі адамдар үшін «уақыт, ол - ақша». Табиғатқа «жұмбак», тылсым дүние ретінде қарамайды, керісінше табиғат адамға бағынуы қажет деп есептейді. Еркіндікті жөғары қояды, тәуелсіздікті, жеке даралықты, дербестікті маңызды деп түсінеді. Жұмыс нәтижесін материалдық түрғыда бағалау қажет деп есептейді. Көбіне өзін саналы түрде табысқа жету жолында, материалдық құндылықтардың жолында құрбандыққа шалуга дайын.

Американдық әлеуметтік психологияда интеракционистік бағдар шеңберінде референтті топтарды зерттеу 1940 жылдардан басталған. Референтті топтар мәселелерін талқылауда алғашқылар ретінде Т. Хаймен, Т. Ньюком, М. Шериф, Р. Мертон, Т. Келли, Т. Шибутани жіне т.б. зерттеушілерді атауга

болады. Олардың жұмыстарының нәтижесі бойынша референтті топ теориясы белгілі деңгейде танымал болды.

Қарым-қатынас процесінде жеке адамның дамуына бөгет жасайтын әлеуметтік психологиялық факторларды (бұйығылық, ұялшаштық, сенімсіздік) менгеру. Олай болса, тыңдаушылардың тіл табысқыштық деңгейлерін дамытудың маңызы зор болып табылады. Зерттеу жұмысымызда В.Ф. Ряховскийдің «Тіл табысқыштық деңгейін бағалау» тестін алуымыздың басты мақсаты – полиэтностық және моноэтностық топтардағы тыңдаушылардың өзара тіл табысқыштық деңгейлері қандай деңгейде екендігін анықтау. Тест 16 сұрақтан тұрады және оның нәтижесін тест классификаторы арқылы көруге болады. Тест екі түрғыда қолданылды:

- 1) топ мүшелерінің тіл табысқыштық деңгейлерін бағалау;
- 2) топтардағы этностардың тіл табысқыштық деңгейлерін бағалау.

Тыңдаушыларға алдын-ала келесі нұсқау берілді: Тест адамның қарым-қатынас құзыреттілігін анықтауға көмектеседі. Берілген сұрақтарға «иә», «кейде» немесе «жоқ» деп жауап қайтару қажет.

Нәтижені бағалау төмендегідей жүргізіледі:

- «иә» - 2 үпай;
- «кейде» - 1 үпай;
- «жоқ» - 0 үпай.

Тест классификаторы 7 деңгейден тұрады:

30-31 үпай – коммуникативтілігі оте төмен. Топтық жұмысқа мүлде қатыса алмайды. Бұл тек өзіне ғана емес, өзгелерге де зиянын тигізетіні бар.

25-29 үпай – түйік, жалғыздықты ұнататын адам. Жаңа ортага аусысу деген сияқты пікірлерден бойын қорқыныш билейді. Дегенмен, өзіне көнілі толмайды.

19-24 үпай – қарым-қатынасқа барынша ашық, бөтен ортада озін еркін сезіне алады. Дегенмен, топтағы басқа адамдармен қарым-қатынасқа тұсуде өзін абайлап ұстауға тырысады. Пікірталаста өзінен-өзі маңғаздық танытып жататын сәттері кейде болып тұрады.

14-18 үпай – коммуникативтілік құзыреттілігі жеткілікті. Ішек адамдармен қарым-қатынаста қызығушылық таныта биледі, тіл табыса алады. Жаңа адамдармен таныстыққа куанады, дегенмен шулы ортанды және тым көп сейлейтін адамдарды онша ұнатпайды.

9-13 үпай – мұндай адамдар оте коммуникативті. Кейде тіпті шектен де шығып кететін кездері болады. Қызыққыш, көп сөйлейді; түрлі сұрақтарға оған тіпті қатысты болмаса да жауап қайтарып отырады. Өзін копшілік назарының ортасында болғанды ұнатады. Тез ашуланып, тез қайтады. Бірақ шыдамды болуды естен шығармағаны азбал.

4-8 үпай – кез-келген істе, кез-келген сұраққа жауабы дайын тұрады. Пікірталастарға аса белсенділікпен қатысады. Шешімін білмейтін істермен де шұғылдана беруге мақұл. Жұмысты аяғына дейін жеткізуге еркі жетпейді. Осыған байланысты басшылары тарапынан көп жағдайда сенімсіздік танытатын жағдайлар болып тұрады.

3-одан төмен үпай – озіне қатысты болмаса да басқалардың әрекетіне арапасқанды ұнататын адамдар. Құзыреттіне жатпайтын мәселелердің шешімін табуға үмтүла береді. Ашупланып, ренжіп, көп жағдайда шектен шығып жатады. Мұндай адамдармен қарым-қатынасқа тұсу басқаларға оңай еместігін естен шығармаған жөн.

Бірлестікке объективті қажеттілік және қарым-қатынасқа субъективті қажеттілік адамдардың әрекеше ұйымдарының құрылудына альп келеді, олар топтар деп аталады. «Топ» ұғымының оте көп қолданылуына қарай, оған нақты бір анықтама беруге мүмкін емес. Адамның бүкіл өмірі қандай да шартты немесе нақты топтарда өтеді.

Тұлғаның өзін-өзі таныту процесі мен оның этномәдени сәйкестілігі арасындағы байланысты қарастыру тұлға дамуының жекедара және әлеуметтік шартталу мәселесін талдауға альп келеді. Өзіндік бағалау және қарым-қатынас процесі өзара тікелей байланысты, ажырамас процестер болып табылады. Осы тұргыда, зерттеу жұмысымыздың келесі бөлімінде біліктілікі арттыру курстарына қатысушы тыңдаушылардың озіндік бағалау деңгейлерін анықтауды жөн кердік. Осы мақсатта М.

Снайдердің «қарым-қатынаста өзін-өзі бақылауын анықтау» тестін қолдандық.

Тест күрылымы жағынан өте қарапайым және өңдеуге өте қолайлыш.

Нәтижесін өңдеу тәмендегідей :

1, 5 және 7 сұрақтарға «Б» жауабы сәйкес келсе 1 үпайдан, ал қалған 2, 3, 4, 6, 8, 9, 10 сұрақтарға «Д» жауабы сәйкес келсе 1 үпайдан беріледі. Алынған нәтиже көрсеткіштерінің ортақ косындысы есептелінүі қажет.

Тест алдында катысушиларға келесі нұсқау берілуі қажет: тәменде берілген 10 сөйлеммен жақсылып танысып, жауап беріңіз. Әр сұрақты «дұрыс» немесе «бұрыс» деп белгілеп шығыңыз. Дұрыс деп тапсанызы «Д» әріпін, ал керісінше болса, «Б» әріпін әр сұраққа қойыңыз.

Тест классификаторы бойынша келесі үш деңгей анықталады:

0<sup>+</sup> – 3 үпай – коммуникативтік бақылау деңгейі тәмен. Мінез-құлқы бірқалыпты және жағдайға қарай өзін өзгертуге тырыспайды. Қарым-қатынаста шынайы ұстайды. Мұндай адамдардың тікбақайлығына қарай көп адамдар ұната бермейді.

4 – 6 үпай – коммуникативтік бақылау деңгейі орташа. Шынайы болуға тырысқанмен, эмоциясын итере алмайды. Айналасындағы адамдармен санаса біледі.

7 – 10 үпай – коммуникативтік бақылау деңгейі жоғары. Кез-келген ролге оңай кіріп, жағдайдаң өзгеруіне карай бейімділіп отырады. Кез-келген ортада өзін жақсы сезінеді және ортаның өзі туралы ой-пікірін алдын-ала білуге мүмкіндігі жетеді.

Көптеген зерттеушілер құзырлы қарым-қатынас – субъектілердің танымдық іс-әрекеттерін дамытуда, айналасындағы адамдармен тиімді қатынас жасауда, өмірде өз орнын табуда оң ықпалын білдіреді. 12 жылдық білім беру жүйесіндегі педагогтың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту мақсатын қояды. Құзыреттілік - жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі. Яғни, тыңдаушының коммуникативтік құзырлылығы – білім жүйесінің және басқа да субъектілермен еркін, үйлесімді,

белсенді қарым-қатынаска түсे алуы. Осы жағдайга байланысты тыңдаушыларға «коммуникативтік іскерлікті бағалау тесті» жүргізілді. Тесттің екі нұсқасы бар. Зерттеу жұмысымыздың біз тесттің алғашкы нұсқасын пайдалануды үйіндердің.

Тесттің осы нұсқасында барлығы 25 сұрақ берілген. Тыңдаушыларға алдын-ала дайындалған жауап бланкілері тиражылып беріледі және келесі мазмұнда нұсқау берілуі тиіс: «оз көніліңіз толмайтын және кез-келген адаммен қарым-қатынаска түсken жағдайда ашуландыратын жағдайлардың түсініна белгі қойып шығыңыз».

Тест нәтижесін өңдеуде адамды мазасыздандыратын және реніш туғызатын жағдайлар бойынша пайыздық көрсеткіш шығарылады.

Нәтижесін өңдеу барысында белгі қойылған жағдайлардың пайыздық көрсеткішін шығару қажет.

Тест тәмендегі классификаторлар бойынша төрт деңгейде бағаланады:

70 – 100 % - кооммуникативтілік іскерлігі тәмен. Өзгелерді тыңдауга және өзіңізді үстай білуді үйрену қажет.

40 – 69 % - қандай да кемшіліктер кездеседі. Айтылған сындардың наизаның ұшымен қабылдайды. Жақсы әңгімелесуші болу үшін әлі де біраз іскерліктерді менгеру қажет. Асығыс шешімі қабылдауга бейім.

10 – 39 % - жақсы әңгімелесуші болғанмен, кейде өзгелерді тыңдауга шыдамы жетпейді. Ойды аягына дейін, толық тыңдауга дағдылану қажет.

0 – 9 % - өте жақсы серіктес бола алады. Өзгелерді тыңдай біледі. Мұндай адамдардың қарым-қатынас стиліне өзгелер үнемі қызығушылықпен қарайды.

Зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде А.М. Кузнецованың «вербалды емес коммуникацияны бағалаудың эксперттік» әдістемесін пайдалануда алдымызға мынадай мақсаттар қойды:

1. әр этнос оқіліне тән вербалсіз коммуникация сигналдары туралы жалпы түсінік деңгейлерін анықтау;

2. этнос өкілдерінің көзқарастының үйлесімділігін, басқа адамдардың вербальды емес әрекетін танудағы сезімталдықтарын анықтау;

Әдістеме 20 сұрақтан тұрады және әр сұраққа торт варианты жауап берілген. Тыңдаушылар әр сұрақта бір гана жауап вариантын тандауы тиіс. Сәйкесінше, әр вариантқа 1-ден 4-ке дейін ұпай беріледі. Әдістеме нәтижесін өндөуде келесі өлшемдер бойынша нәтиже көрсеткіштері алынады:

1. Көзқарастың жан-жақтылығы мен үйлесімділігінің көрсеткіштері – 1, 5, 8, 12, 15, 17 сұрақтар.

Жалпы ұпай саны +9 –дан -9 –ға дейін болуы мүмкін.

2. Басқа адамның вербальды емес әрекетіне деген сензитивтілік пен сезімталдық көрсеткіштері – 2, 4, 7, 11, 14, 18, 20 сұрақтар.

Жалпы ұпай саны 28 –ден 7 –ге дейін болуы мүмкін.

3. Қарым-қатынас жағдайына байланысты өз вербалсіз әрекетін басқара алу көрсеткіштері – 3, 6, 9, 10, 13, 16, 19 сұрақтар.

Жалпы ұпай саны 23 –тен 2-ге дейін болуы мүмкін.

Әр берілген өлшемдер бойынша респиенттің жеке-жеке нәтижелері есептеліп, 5, 8, 12, 19 сұрақтардың ұпайлары өз өлшемдерінің жалпы көрсеткіштерінен алынып тасталынады.

Әдістеме нәтижесі әр респиентті үш тұргыдан және перцептивті-коммуникативтік даму деңгейін бағалауга мүмкіндік береді. Сонымен жағдайда жалпы ұпай саны 0 –ден 60 –қа дейін болуы мүмкін. Сонымен катар, зерттелушінің вербалсіз коммуникациясы құрылымының сапалық талдауын жасауга болады.

Тыңдаушыларға берілуі тиіс нұсқау: «Сізбен қарым-қатынасқа түскен адамның іс-әрекетіне сәйкес әр сұраққа жауап бланкінде берілген 4 нұсқасының біреуін таңдаңыз».

Тесттің бірнеше өлшемдерді қамтуына байланысты, өндөуде өте мүқият болуды және біршама уақытты қажет етеді.

Тесттің жауап бланкі қосымшада көрсетілген формада алдын ала дайындалады /қосымша Е/.

Сонымен тәжірибелік диагностика жүргізуге алынған жоғарыдағы әдістемелерді іріктеуде әдістемелер бірқатар өлшемдер бойынша таңдалды. Олар:

- әдіснамалық ұстанымдарга сәйкестілігі;
- әдістемелердің нақтылығы;
- түсініктілігі;
- қарапайымдылығы;
- өндөуге ынғайлығы
- әдістемелердің өзара бірін-бірі толықтыруышылық функциясы және т.б.

Яғни, осы анықталған өлшемдерге байланысты әдістемелер бойынша алынған нәтижелердің шынайы және нақты болуына айтулы септігін тигізді деуге болады.

Ал жалпы зерттеу барысында жоғарыда тоқталып өткен негізгі процедуралар бойынша тәжірибелік-эксперименттік анықтау жұмыстар жүргізілді. Олардың нәтижесі жұмыссызының келесі бөлімінде баяндалатын болады.

## 2.2 Зерттеудің салыстырмалы талдауы

(моноэтникалық және полизэтникалық топтар бойынша)

Бүгінгі таңда елімізде әлеуметтік-психологиялық әдебиеттерде белгілі бір бірлескен әрекетті жүзеге асыру мақсатында құрылған екі немесе бірнеше ұлт өкілдерінің өзара қарым-қатынасын зерттеуге байланысты жұмыстар қатары көбесюде. Дегенмен ғалым Р. Нойманнның пікірінше, «көп ұлтты еңбек үжымдарын зерттеу әлі де жалпы сипаттағана қалып отыр. Бұдан шығатын қорытынды, атальыш мәселенің арнайы тұстары ажі де нақтылауды қажет етеді...».

Яғни ғалымның пікіріне сүйене отырып, зерттеу жұмыссызыда этностардың өзара қарым-қатынас мәселесін толық зерттеуғе тырыстық.

Осыған орай, Жамбыл облыстық педагог кадрлардың білімін жетілдіру және қайта даярлау институтында зерттеу тақырыбының байланысты жүргізілген эксперименттік жұмыстардың нәтиже көрсеткіштері мен салыстырмалы-статистикалық талдау жұмыстары жүргізілді.

Жалпы институттың жылдық жұмыс жоспарына сәйкес қайта даярлау курстарына әр жыл сайын 4000 адамды курстан откізу бекітіледі. Бұл курстар оку-тақырыптық бағдарлама

бойынша: 72 сағаттық, 42 сағаттық, 36 сағаттық және 24 сағаттық болып бекітіледі. Сағаттық жүктемесіне қарай:

- 72 сағаттық курстар – екі апталық;
- 42 сағаттық курстар – авторлық;
- 36 сағаттық курстар – бір апталық (12 жылдыққа даярлық курстары);
- 24 сағаттық курстар – интерактивті даярлық курстары (ұш күндік) ретінде откізіледі. Осыған орай, 2007 жылы қайта даярлау курстарынан жалпы саны 3955 тыңдаушы, оның ішінде:
  - екі апталық курстарда – 1875 тыңдаушы;
  - авторлық курстарда – 375 тыңдаушы;
  - бір апталық курстарда – 375 тыңдаушы;
  - интерактивті даярлық курстарында – 1330 тыңдаушы етті.


Зерттеу жұмысымыздың негізгі болжамына сәйкес, яғни көп және бір этностан тұратын топ мүшелерінің өзара қарым-қатынастарын анықтау мақсатында барлығы 375 тыңдаушыны қамтитын 15 топта (әр топта 25 тыңдаушы) эксперименттік анықтау жұмыстары жүргізілді. Топ мүшелерінің жас ерекшеліктері 22 жастан 54 жасқа дейінгі аралықта, орта шамасы 34,7 жасты құрайды.

Жоғарыда атап өткен эксперименттік процедуралар атап мыш курсардың психо-диагностикалық модулінде әр курстарда жүргізіліп отырды. Эксперименттік анықтау кезеңінде 15 топ ( $n=375$ ) тыңдаушыларына жалпы диагностикалық анықтау процедурулары жүргізіліп, соның ішінде нәтиже көрсеткіштеріне байланысты бес топты ( $n=125$ ) тәжірибелік және бес топты ( $n=250$ ) бақылау тобы етіп бекітуді үйіфардық.

Осыған сәйкес, қарым-қатынас - білім мен мәдениеттің компоненті, оның болінбейтін бөлшегі іспепті жалпы адамзаттың өзара әрекеттес болуы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы болғандықтан келесі кезекте тәжірибелік топтардың ұлттық құрамының әр түрлілігіне байланысты топтың тыңдаушылардың ( $n=375$ ) өзара қатынасқа тұсу барысындағы үйымшылдық индексі анықталды (сурет - 11):


Нәтиже көрсеткіштері бойынша №1, 4, 11, 13, 15 топтарда үйымшылдық индекстерінің төмен деңгейін байқауга болады. Бұл топтарда тыңдаушылар категориясы төмендегідей:

- 1 – топ: биология пәні мұғалімдері – полигэтникалық орыс тілді топ;
- 2 – топ: тәлімгерлер – моноэтникалық қазақ тілді топ;
- 3 – топ: казақ мектептеріндегі орыс тілі пәні мұғалімдері – полигэтникалық орыс тілді топ;
- 4 – топ: тәлімгерлер – полигэтникалық орыс тілді топ;
- 5 – топ: қазақ тілі пәні мұғалімдері – моноэтникалық қазақ тілді топ.




*Сурет 11 - Тыңдаушылардың өзара қатынасқа тұсу барысындағы үйымшылдық индексі*

Жалпы диагностикалық топ ( $n=375$ ) тыңдаушыларының құрамында келесі ұлт өкілдерінен: қазақ -150 адам, өзбек-32 адам, қыргыз-26 адам, үйғыр-21 адам, дүнген-36 адам, көріс-35 адам және славян-75 адам болды. Ұлттардың пайыздық көрсеткіштері (сурет - 12) төмендегідей:



*Сурет 12 – Тәжірибеге қатысқан ұлттардың пайыздық көрсеткіштері*



Зерттеу жұмысымыздың екінші жеке болжамын анықтау мақсатында, яғни белгілі топ мүшелерінің өзара қарым-қатынасқа түсінің нәтижелі болуына олардың мәдени-құндылық бағдары қаншалықты әсер ететіндігін анықтау үшін Дж. Таусендең «Мәдени құндылық бағдарын анықтау» тесті жүргізілді:



*Сурет 13 (а) – Жалпы топтар бойынша тыңдаушылардың жалпы мәдени-құндылық бағдарын анықтау*

Дж. Таусендең әдістемесін тыңдаушылардың мәдени-құндылық бағдарын анықтау мақсатында үш түрлі позицияда пайдалануға мүмкіндігіміз болды. Олар:

- 1) топтар бойынша тыңдаушылардың жалпы мәдени-құндылық бағдарын анықтау (сурет -13 (а));
- 2) этникалық ерекшеліктеріне қарай мәдени-құндылық бағдарларын анықтау (сурет - 13 (б));
- 3) тыңдаушылардың жас ерекшеліктеріне қарай мәдени-құндылық бағдарын анықтау (сурет - 13 (в)).



*Сурет 13 (б) – этникалық ерекшеліктеріне қарай қарай мәдени-құндылық бағдарларын анықтау*

*Сурет 13 (в) – жас ерекшеліктеріне мәдени-құндылық бағдарларын анықтау*

Одістеме нәтижесі көрсеткендей, жалпы топтық тыңдаушылардың 39,4 %-ы дәстүрлі мәдениетті, 33,8 %-ы казіргі мәдениетті таңдаса, ал 26,6 %-ы динамикалы дамушы мәдениетке таңдау білдірді. Осы тұста, зерттеу жұмысымыздың жеке болашамы бойынша белгілі топ мүшелерінің өзара қарым-қатынасқа түсінің нәтижелі болуына олардың мәдени-құндылық бағдары тапшылышты әсер ететіндігін анықтау белгіленген, яғни топ түрлі әтнос өкілдерінен құралған политоп болғандықтан, олардың мәдени құндылық бағдарында да айырмашылық болуы заңдылық. Осыған байланысты, әдістеме көрсеткіштерін этникалық ерекшеліктеріне қарай бөліп талдауга тырыстық. Талдау нәтижесі көрсеткендей (сурет 13 (б)), тыңдаушылардың таңдаулаудың едәуір айырмашылықтар анықталды. Диагностикаға кіткескен 7 ұлт өкілдерін жауап нәтижелеріне қарай үш категорияға болуға тұра келді. Өйткені өзбек-ұйғыр-дунген; казак-қыргыз; славян және кәріс ұлт өкілдерінің жауаптарының нағызыздық көрсеткіштерінде өзара сәйкестіктер анықталды, яғни, дастүрлі мәдениетті жақтаушы (өзбектер -76 %, ұйғыр-68 %, дунген-72 %), қазіргі мәдениетті жақтаушы (казактар -44 %, қыргыздар-65 %) және динамикалы дамушы мәдениетті жақтаушы ұлт өкілдері (славяндар-48 %, кәрістер-56 %).


Алғынған нәтижелер бойынша тұжырымымызды терендете тұсу мақсатында келесі кезекте полиэтностик топтыңдаушыларының жас ерекшеліктеріне қарай мәдени құндылық бағдарын нағыздауды жөн көрдік. Бұл үшін тыңдаушылардың жауап нәтижелері 18-29 ж.; 30-39 ж.; 40-45 ж.; 46-53 ж. және 54 пен одан жоғары жас ерекшеліктеріне қарай іріктелді. Жауап нәтижелері көрсеткендей (сурет 13 (в)), жас үлгайған сайын барлық әтнос өкіліне тән қасиет өз этникалық дәстүрлі мәдениетті бағалау деңгейлері және қажеттіліктері артады.

Бұл жерден шығатын тұжырым - этникалық ерекшеліктерінде өзара үқсастық байқалатын үлттардың мәдениет өлшемдеріне (түр, тіл, салт-дәстүр, территориялық аумак) байланысты өзара ой-пікірлерінің сәйкес келуі, сонымен қатар тыңдаушылар жалпы техникалық прогресстің дамуына қарсы емес, деғенмен әтностар арасындағы ізгілік қарым-қатынасты сактап қалу және

дамыту үшін қазіргі заман ағымына ілесе отырып, дәстүрлі мәдениетті ұмытпау қажеттің естен шығармауымыз қажет.


Зерттеуіміздің келесі болжамын В.Ф. Ряховскийдің «Тіл табысқыштық деңгейін бағалау» тестінің көмегімен анықтау барысында төмендегідей нәтиже көрсеткіштерге жеттік (сурет – 14 (а)).

Тест нәтижесі көрсеткендей, тыңдаушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерінің төмен деңгейлік көрсеткіштері №1, 4, 7, 11, 13, 15 топтарда анықталды. Сонымен қатар аталмыш тестті тыңдаушылардың этникалық ерекшеліктеріне қарай тіл табысқыштық деңгейлері анықталды. Таңдау нәтижелері бойынша анықталған мәліметтерге сүйенетін болсақ, тіл табысқыштық деңгейі қандай да этникалық ерекшеліктерге байланысты болатынын көруге болады.



Сурет 14 (а) - «Тіл табысқыштық деңгейін бағалау» тестінің нәтижесі

Сонымен қатар өзбек, үйғыр және дүнген ұлттарында жауап шкаласының 30-31 мен 25-29 үйлар аралығында пайыздық арасалмағы басқа ұлт өкілдеріне қарағанда басымырақ екенін төмендегі суреттен (14 (б)) көруге болады:



Сурет 14 (б) – «Тіл табысқыштық деңгейін бағалау» тестінің отностық ерекшеліктерге байланысты нәтиже көрсеткіштері


Бұл жерден шығатын тұжырым – тіл табысқыштық деңгейі қандай да бір этнос өкілінің этникалық ерекшеліктеріне байланысты болмаганымен, адамның этникалық менталитеті қарым-қатынасқа тұсу процесінде белгілі бір ізін қалдырады. Мысалы, алғынан көрсеткіштер аталмыш ұлт өкілдерінің діни көзқарастарына және тәрбие ерекшеліктеріне қарай болуы мүмкін: өзбек, дүнген және үйғыр халқында «бөтен ортада сыр бермеуге тырысу», ал қазақ-қыргыз халқында «орнымен сөйлеу», көріс халқында «қарым-қатынаста ашық болу», славян халықтарында «сөз торғай емес, ұшып кетсе ұстай алмайсың» деген қагидаларды негізге ала отырып, бөтен ортада басқа адамдармен қарым-қатынасқа тұсу барысында өздерін абайлап ұстауға тырысатыны анықталды.

Зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде түрлі этнос өкілдері өзара қатынасқа тұсу жағдайында өзіндік бағалау деңгейлерін анықтауды жүзеге асырудық. Аталмыш мақсатты жузеге


асыруда М. Снайдердің «Қарым-қатынаста өзін-өзі бақылау» тестін екі жағдайда колдандық:

- 1) жалпы топ тыңдаушыларының қарым-қатынаста өздерін бақылау деңгейлерін анықтау;
- 2) топ құрамындағы этнос өкілдерінің қарым-қатынас процесінде өздерін бақылау деңгейлерін салыстыру.

Тест нәтижесі көрсеткендегі, алғашқы диагностикалық жұмыстарда төмен көрсеткіштер байқалған №1, 4, 11, 13, 15 топтарда осы әдістеме нәтиже көрсеткіштері бойынша коммуникативтік бақылау деңгейлерінің төмөндігі 30 %-дан артық болса, №2, 9 топтарда шағын ауытқу көрсеткіштері анықталды (сурет 15 (а)). Бұл көрсеткіштер бойынша топтардағы тыңдаушылардың басым көпшілігі қарым-қатынаста өздерін бақылай алғындығын көрсетеді, дегенмен қарым-қатынас барысында өз эмоциясын игере алмайтын тыңдаушылардың жоқ екенін теріске шығармайды. Осы көрсеткіш тыңдаушылардың этникалық ерекшеліктеріне қарай өзгеріске үшірауды анықтау мақсатында, тест нәтиже көрсеткіштеріне екінші талдау жасалынды (сурет 15 (б)):



*Сурет 15 (а) - Жалпы топ тыңдаушыларының қарым-қатынаста өздерін бақылау деңгейлерін анықтау*




*Сурет 15 (б) - Топ құрамындағы этнос өкілдерінің қарым-қатынас процесінде өздерін бақылау деңгейлерін салыстыру*

Сызбада көрсетілгендей, қарым-қатынас процесінде өзін бақылау деңгейінің төмен болуы этникалық ерекшеліктерге байланысты болмайтындығы анықталды. Қарым-қатынаста өзін-өзі бақылай алмау субъектілердің жеке психикалық ерекшеліктеріне байланысты болады, алайда графикте жасыл түспен берілген «ортаса» деңгейдегі көрсеткішті тыңдаушыларда кей жағдайда өз эмоцияларын игере алмау мүмкіндіктері бар.

Адамның өзгелермен қарым-қатынаска түсу барысындағы шеберлігін, өз эмоциясын игере алуын және түсіністік таба білу іскерлігін қазіргі кезеңде «коммуникативтік құзыреттік» үгымымен жиі алмастырып жүрміз. Олай болса, анықтау экспериментіздің келесі кезеңінде курс тыңдаушыларының коммуникативтік іскерлік деңгейлерінің бірдей болу мүмкіндігін анықтау мақсатында «Коммуникативтік іскерлікі бағалау» тестін (n = 375) топ тыңдаушыларына колдандық. Тест нәтижесі бойынша №1, 4, 11, 13, 15 топтың тыңдаушылары корсеткіш шкалаларының 70 – 100 %, аралығында болса, №3, 5, 6 топтар шкалаларының 40 – 69 %, №2, 9, 12, 14 топтар 10 – 39 %, ал

№7, 8 топтар шкала көрсеткішінің 0 – 9 % аралықтарында жоғары деңгейлері анықталды (сурет -16):



*Сурет 16 - «Коммуникативтік іскерлікті бағалау» тестінің нәтижесі көрсеткіштері*

Кез келген ақпаратты тасымалдау тек белгі беру құралдары арқылы мүмкін (белгілік жүйелер). Осы тұргыда: вербальды (белгілік жүйе ретінде сөйлеу қолданылады) және вербалды емес (түрлі тілдік емес белгілік жүйелер – жест, мимика, пантомимика қолданылады) болып ажыратылады. Олай болса, қарым-қатынас процесінде адамдар тек сөйлеу арқылы ғана емес, тілдік емес белгілермен де өзара ақпарат алмасады. Сөз арқылы айтылған ақпаратты есту қабілеті жақсы адам тез қабылдайтыны баршага белгілі, ал вербалды емес белгілерді кез келген субъект ез деңгейінде түсінбеуі мүмкін. Осы тұста, вербальды емес белгілік жүйелерді түсінуде адамның қандай сезімдері басылдық таныту қажет? Ал бұл жағдай этникалық ерекшеліктерге байланысты болғанда қалай болады? деген сұрақтарға жауап беру үшін зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде түрлі этникалық ұлт өкілдерінен құралған топтарда өзара қарым-қатынасқа тұсу

барысында бір-бірінің вербальды емес коммуникациялық әрекеттерін бағалау деңгейлерінің этностық ерекшеліктерге байланысты немесе байланысты еместігін анықтау. Мақсатымызға жету үшін А. Кузнецованың «Вербалды емес коммуникацияны бағалаудың эксперттік» әдістемесін қолданып, нәтиже көрсеткіштері бойынша үш түрлі өлшемдерге байланысты талдау жасалуды:


- 1) этнос өкілдерінің көзқарастарының жан-жақтылығы мен үйлесімділігі;
- 2) басқа адамның вербальды емес әрекетіне деген сензитивтілік пен сезімталдығы;
- 3) қарым-қатынас жағдайына байланысты өз вербальды емес әрекетін басқара алуы.

Нәтиже бойынша топтардағы этнос өкілдерінің көрсеткіштері төмендегідей болды:

Бірінші өлшем, яғни көзқарастың жан-жақтылығы мен үйлесімділігі қазақтарда – 36 %, славян өкілдерінде – 44 %-ды құрады;

Екінші өлшем - өзге адамның вербальды емес әрекетіне деген сензитивтілік пен сезімталдық бойынша, өзбектерде – 48 %, үйғырларда -52 %, дүнгендерде – 48 %, қыргыздарда – 36 %, корістерде – 40 %-ды құрады;

Үшінші өлшем, яғни өз вербальды емес әрекетін басқара алу көрсеткіштері ешқандай этнос өкілдерінде доминанталық позицияны көрсеткен жоқ (сурет -17):



*Сурет 17 - «Вербалды емес коммуникацияны багалаудың эксперименттік» әдістемесі бойынша нәтижесі көрсеткіштерінің үш өлшемдік нәтижесі*

Аталмыш әдістеме көрсеткіштері бойынша тәмендегідей тұжырым жасауға болады:

- біздің республикамыздағы негізгі ұлт өкілдері қазақ және орыс халықтары болғандыктан өз көзқарастарын еркін жеткізе алушан қызыншылық кормейді (тіл білімі faktory да әсер етуі мүмкін), сонымен қатар қарым-қатынаста өздерін үйлесімді сезінеді, алайда екі ұлт өкілдері де өз вербальды емес әрекетін басқара алмайды. Өйткені вербальды емес әрекетін басқара алу не алмау этникалық ерекшеліктерге емес, адамның жеке дара ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

- ұйғыр, өзбек, қырғыз, кәріс және дүнген ұлт өкілдерінің сензитивтілік және сезімталдық көрсеткіштерінің жоғары болуын, біріншіден, аталмыш ұлт өкілдерінің ұрпақ тәрбиелене ерекшеліктерін; екіншіден, республикадағы негізгі ұлт өкілдерінің доминанталық позициясына ыңғайлануы деп тұжырымдадық. Бірақ бұл этнос өкілдеріне де жоғарыда аталып өткендей, өз вербальды емес әрекетін басқара алмау тән. Яғни вербальды

емес әрекетті басқара алмау этникалық емес, адамның жеке дара ерекшеліктеріне байланысты болатындығының тағы бір дәлелі.

Топтарда жүргізілген процедуралардың жалпы нәтиже соресткіштерін салыстыра отырып, жоғарыда анықталған ең тоғенге көрсеткіш берген топтар іріктелініп, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар үшін №1, 4, 11, 13, 15 топтар таңдалғанында. Ал бақылау топтарына №2, 3, 4, 9, 10 іріктелді.

Сонымен бірге N-1 және N-2 топтарының нәтиже көрсеткіштеріне жекелей статистикалық талдаулар жасалып, салыстырмалы түрде қарастырылды. Аталмыш мәселе ауқымы және барысы туралы зерттеу жұмысының «Дамытушы экспериментке дейінгі және дамытушы эксперименттен кейінгі нәтижелердің корреляциялық көрсеткіштерін статистикалық өндөу» болімінде толық сипатталатын болады.

### **2.3 Дамытушы экспериментке дейінгі және дамытушы эксперименттен кейінгі нәтижелердің корреляциялық көрсеткіштерін статистикалық өндөу**

Әдетте, ғылымдар арасында өзара тығыз байланыстылық болады, яғни, бірінен бірі жеке дара тұрып нақты шындықты далалдей алмайды. Сол секілді психология да математика ғылыми мен тығыз байланысты. Себебі, психологиялық зерттеу барысында анықталған қандай да нәтижелер шынайы және нақты болуы үшін міндетті түрде математикалық өндөуден өтетіні баршага мәлім. Математикалық өндөу – зерттелушіден алынған көрсеткіштер мәнін түрлі операцияға ұшырату болып табылады. Математикалық өндөу әдістері карапайым болуына байланысты зерттеу барысында алынған нәтижелер де соғұрлым шынайы, түсінікті және дәлелді болады.

Психология ғылымының атақты ғалымдары: В. Вундт, С.Л.Рубинштейн, Б.Г.Ананьев, В.Н.Дружинин, М.Д. Дворяшина, Б.С. Одорышев, В.К. Горбачевский, Е.Ф. Рыбалко, Н.Н. Обозов, Е.В. Сидоренко, О.М. Анисимова, Н.М. Владимирова, К.Д. Шафранская, Н.М.Лебедева, Е.С.Кузьмин және т.б. математикалық-статистикалық өндөу заңдылықтарын зерттеумен айналысады. Аталмыш ғалымдардың еңбектерінде математикалық өндөу

әдістерінің маңыздылығына мән беріле отырып, психолоғ-зерттеушілердің колдануына ынғайлы тұстарын ойластыру қажеттігі және т.б. мәселелер көтеріледі.

Аталған және тағы көптеген ғалымдардың қағидаларын басшылықта ала отырып, зерттеудің осы бөлімінде негізгі экспериментальды процедуラларының нәтиже көрсеткіштерін талдауға тырыстық. Нәтижелерді төмендеңгідей ретте қарастыру көзделді:

- біріншіден, топтың даушыларының нәтиже көрсеткіштерін этнос өкілдерінің үлттық ерекшеліктеріне қарай статистикалық талдау;
- екіншіден, алынған нәтиже көрсеткіштерінің өзара айырмашылықтарын салыстыру;
- үшіншіден, зерттеу жұмысының болжамына сәйкес алынған нәтижелердің мәніне сандық және сапалық талдау жасау.

«Корреляция» терминінің алғашқы мағынасы - өзара байланыс деген ұғымды береді. Ұғым корреляциялық байланыс және корреляциялық тәуелділік терминдерінің түп төркіні болып табылады. Мұндағы корреляциялық байланыс – бұл екі не одан да көп көрсеткіштердің өзгермелі бірлігі, ал корреляциялық тәуелділік – бір көрсеткіш мәнінің негізінде екінші көрсеткіштің бірнеше мәнін анықтаудағы өзгерістер. Корреляциялық анализ – зерттелетін белгілер немесе факторлардың формасын, белгісін және байланыс тығыздығын бағалаудың статистикалық әдісі. Корреляциялық талдау бір мезгілде көрсеткіштің бірнеше мәнін анықтауға мүмкіндік береді, яғни оның басқа әдістемелерден артықшылығы осында. Корреляциялық рангілеу әдістемелерінің бірі – Спирменнің корреляция коэффициентінің рангілеу. Әдістемені тандауда:

- біріншіден, оның әмбебаптылығына;
- екіншіден, қарапайым өндөлетіндігіне;
- үшіншіден, жеке не топтың көрсеткіштер иерархиясын салыстыру міндеттерін шешуде мүмкіндігінің басымдылығына басты назар аудардық. Сонымен қатар, әдістеме жеке не топ зерттелушілерінің әрқайсының рангтік көрсеткіштерін салыстыруға мүмкіндік береді. Осыған орай, ғылыми жұмысының

тергеу әдістемелерінің беріктілігі, дұрыстығы және статистикалық мәнділігі Спирменнің коэффициентті рангілеурінің аранындағы байланысты салыстыру арқылы тексерілді. «Спирменнің корреляциялық рангілеу әдісі иерархияның екі бағдары шамесе екі белгілер арасындағы корреляциялық байланыстар дағыда мен тығыздығын (кушін) анықтауға мүмкіндік береді». Соныңған, зерттеу жұмысыныңда Спирменнің корреляция коэффициентінің рангілеудің төменде берілген формуласын көпшандық:

$$Rs = 1 - \frac{6 * \sum (d^2)}{N - (N^2 - 1)}$$

Мұнда:  $Rs$  – Спирмен бойынша коэффициенттік рангілеу формуласы;

$d^2$  - әр зерттелушінің озгермелі екі рангілер арасындағы айырмашылығы;

$N$  - зерттелушілердің жалпы саны.

Психологиялық жалпы зерттеу жұмыстарының обьекті ретінде жеке индивид немесе топ алынса, кроссмәдени зерттеу обьекті ретінде полимәдениетті топ өкілдерінің этникалық ерекшеліктері қарастырылады. Екі жағдай тұтастығы - әлеуметтік-психологиялық экспериментті жузеге асыруға мүмкіндік береді. Яғни, осы бағыттарды негізге ұстай отырып, зерттеу жұмысының статистикалық талдауында тәжірибелік топтың даушылары жеті этностық категорияларға болінді.

Зерттеудің алғашқы әдістемесі, яғни «Топтың ұйымшылдығын анықтау» тесті нәтижелерін коэффициенттік рангілеу формуласы бойынша дамытушы экспериментке дейін төмендеңгідей мәліметтер алынды (косямша Ж):

**Кесте 3 - «Топтың ұйымшылдығын анықтау» тестінің дамыту эксперименттіне дейінгі корреляциялық көрсеткіштері**

№	Зерттелушілер	Зерттеуге катыскандар саны		Дамытушы экспериментте дейінгі корреляциялық көрс. бірлігі	Теориялық көрсеткіш бірлігі Rs
		N 1	2		
1	Қазақтар	33	3	0.28	0,33-0,42
2	Славяндық этностар	33	3	0.39	0,33-0,42
3	Өзбектер	11	1	0.52	0,55-0,68
4	Үйгүрлар	12	2	0.52	0,53-0,66
5	Қыргыздар	11	1	0.57	0,55-0,68
6	Дүнгендер	13	3	0.45	0,51-0,66
7	Кәрістер	12	2	0.32	0,53-0,66


Кестеде және суретте (сурет -18) көрсетілген айырмашылықтар полиэтностиң топтарда ұйымшылдықты дамытушы эксперименттік жұмыстарды жүргізуіндегі қажеттілігін дәлелдейді.

Ал дамытушы эксперименттен кейінгі нәтиже көрсеткіштері төмендегідей сипатта болды (кесте 4):

#### Кесте 4 - Дамытушы эксперименттен кейінгі нәтижесі көрсеткіштері

№	Зерттелушілер	Зерттеуге катыскандар саны		Дамытушы эксперименттін кейінгі корр. көрс. бірлігі	Теориялық көрсеткіш бірлігі Rs
		N 1	N 2		
1	Қазақтар	33	33	0,68	0,33-0,42
2	Славяндық этностар	33	33	0,69	0,33-0,42
3	Өзбектер	11	11	0,89	0,55-0,68
4	Үйгүрлар	12	12	0,86	0,53-0,66
5	Қыргыздар	11	11	0,82	0,55-0,68
6	Дүнгендер	13	13	0,78	0,51-0,66
7	Кәрістер	12	12	0,82	0,53-0,66

«Топ ұйымшылдығын анықтау» тестінің дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі корреляциялық көрсеткіштерінің айырмашылық көрінісін төмендегі суреттен көруге болады:



Сурет 18 - «Топ ұйымшылдығын анықтау» тестінің дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі корреляциялық көрсеткіштері

Зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде Спирменнің корреляциялық коэффициентті рангілеу формуласы бойынша тыңдаудың таралып жүргізілген «Мәдени құндылық бағдарын анықтау» тестінің нәтижесі өндөлді. Математикалық өндеуде зерттелушілердің этностиң құрамын еске ре отырып, мынадай статистикалық болжамдар қойылды:

$H_0$ : этнос өкілдерінің мәдени бағдарлар бойынша таралудағы айырмашылықтары нолге тең.

$H_1$ : этнос өкілдерінің мәдени бағдарлар бойынша таралудағы айырмашылықтары нольден едәуір жогары.


Нәтиже көрсеткіштеріне математикалық талдау жасалып, статистикалық  $H_1$  болжам дәлелденді, ал  $H_0$  болжам теріске шығарылды. Яғни, болжам негізінде мынадай тұжырым жасалынды:

- этнос өкілдері этникалық ерекшеліктеріне байланысты мәдени-құндылық бағдарларында да айырмашылықтар болады. Бұл айырмашылықтар қарым-қатынас процесіне қандай да әсерін (жагымды, жағымсыз) тигізеді.

Сондықтан, осы тұста полимәдениетті білім беру мақсатына сәйкес топтардағы мәдени-құндылық бағдарды поликонфессиялық сипатта дамыту қажеттігі туындаиды. Талдау көрсеткіштері кестеде тіркеліп, суреті сәйкесінше бейнеленді:

*Кесте 5 - «Мәдени-құндылық бағдарын анықтау» тестінің корреляциялық көрсеткіштері*

№	Зерттеушілер	Зерттеуге катысқан-дар саны		Дамытушы экспериментке дейінгі корреляциялық көрс. бірлігі	Дамытушы эксперименттен кейінгі корреляциялық көрс. бірлігі	Айырма-шылық бірлігі
		N 1	N 2			
1	Қазақтар	33	33	0,29	0,58	0,33-0,42
2	Славяндық этностар	33	33	0,32	0,68	0,33-0,42
3	Өзбектер	11	11	0,48	0,82	0,55-0,68
4	Үйгірлар	12	12	0,51	0,88	0,53-0,66
5	Қыргыздар	11	11	0,52	0,83	0,55-0,68
6	Дүнгендер	13	13	0,48	0,84	0,51-0,66
7	Керістер	14	12	0,51	0,81	0,53-0,66



*Сурет 19 - Этностиқ топтардың мәдени-құндылық бағдары бойынша*

Келесі зерттеу әдістемесі, яғни «тіл табысқыштық деңгейлін бигілуа» тестін корреляциялық өндөу барысында мынадай статистикалық болжамдар жасалды:

И <sub>0</sub>: этностар арасындағы тіл табысқыштық деңгейлері бойынша тандауларда айырмашылықтар нолға тең.

И <sub>1</sub>: этностар арасындағы тіл табысқыштық деңгейлерінде шоғыр едәуір мәнді айырмашылықтар болады.

Статистикалық болжамдарды дәлелдеу мақсатында топтың өзара сәйкес келетін қазақ және орыс; үйгыр және кәріс; өзбек және қыргыз; дүнген және қыргыз этностары салыстырмалы түрде алынды. Мәселен monoэтностиқ (казак) топтың тіл табысқыштық деңгейіндегі айырмашылықтарды рангілеу бойынша келесі кесте (кесте -6) жасалды:

*Кесте 6 - Monoэтностиқ (қазақ) тобының тіл табысқыштық деңгейіндегі айырмашылықтарды рангілеу бойынша кестесі*

Зерттеушілер	Тәжірибелік топ		Бакылау тобы		Ранг -A - Ранг -B	$d^2$
	№1 әдістеме б/ша	ранг	№1 әдістеме б/ша	ранг		
I. Ж.С.	1	6	2	2	4	16
І. Г.Л.	3	19	4	15,5	3,5	12,25
ІІ. А.	5	27,5	3	6,5	21	441
ІІІ. Д.Р.	1	6	5	26	20	400
ІV. Ж.А.	3	19	4	15,5	3,5	12,25
V. Б.Л.	6	30,5	6	31,5	1	1
VI. Р.С.	1	6	4	15,5	9,5	90,25
VII. Ж.П.	3	19	7	33	14	196
VIII. К.П.	1	6	3	6,5	0,5	0,25
IX. С.З.	2	14	4	15,5	1,5	2,25
X. Т.Г.	3	19	6	31,5	12,5	156,25
XI. Т.А.	1	6	3	6,5	0,5	0,25
XII. Қ.А.	1	6	4	15,5	9,5	90,25
XIII. Ә.Д.	7	32,5	5	26	6,5	42,25
XIV. Қ.Г.	1	6	4	15,5	9,5	90,25
XV. М.Р.	5	27,5	5	26	1,5	2,25

17	А.Ж.	2	14	2	2	12	144
18	Е.А.	1	6	5	26	20	400
19	Э.Н.	3	19	4	15,5	3,5	12,25
20	К.Ш.	4	23,5	5	26	2,5	6,25
21	С.Д.	1	6	4	15,5	9,5	90,25
22	Д.Е.	2	14	3	6,5	7,5	56,25
23	Д.Б.	4	23,5	4	15,5	8	64
24	Т.Б.	1	6	5	26	20	400
25	С.А.	7	32,5	4	15,5	17	289
26	А.Қ.	5	27,5	3	6,5	21	441
27	Қ.Д.	1	6	5	26	20	400
28	Р.Ә.	4	23,5	4	15,5	8	64
29	К.Р.	6	30,5	5	26	4,5	20,25
30	Н.Е.	5	27,5	2	2	25,5	650,25
31	Н.Ф.	2	14	5	26	12	144
32	Ә.Ж.	4	23,5	4	15,5	8	64
33	У.Д.	2	14	3	6,5	7,5	56,25
Барлығы			561		561	0	4854,5

Алынған көрсеткіштерді Спирменнің формуласы бойынша есептегендегі нәтижені алдық:


$$Rs = 1 - (6 * 4854,5) / (33 - (33^2 - 1)) = 1 - 29127/35904 = 1 - 0,81 = 0,19$$

Статистикалық талдау барысында қол жеткізген нәтиже рангілеу корреляциясының таңдамалы коэффициентінің критикалық мәнін анықтау таблицасына сәйкес, яғни зерттелушілер саны 33 болғанда  $0,05 = 0,34$  ал  $0,01 = 0,45$  болады. Яғни,  $H_0$  болжамы дәйектелмәді, ал  $H_1$  бойынша этностар арасындағы тіл табысқыштық деңгейлерінде нолден едәүір мәнді айырмашылықтар болады болжамы дәлелденді және мәнді болып табылады. Осы ретпен жоғарыда аталған этнос өкілдерінің қатарына түгел талдау жасалынып, нәтижесі төмендегі кестеге енгізілді:

Кесте 7 - Этностық топтардың дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі корреляциялық көрсеткіштері

Тип топтар	N 1	N 2	Дамытушы экспериментке дейінгі рангтік көрсеткіш		Дамытушы экспериментке дейінгі рангтік көрсеткіш	
			Тәжір және бак. топтары	Теор. бірлік	Тәжір. және бак. топтары	Теор. бірлік
Китайдар	33	33	0,19	0,33-0,42	0,80	0,66-0,78
Синий окілдері	33	33	0,21	0,33-0,42	0,82	0,66-0,78
Ойбектер	11	11	0,48	0,55-0,68	0,86	0,68-0,80
Ұйғырлар	12	12	0,51	0,53-0,66	0,89	0,64-0,76
Дунгандер	13	13	0,53	0,55-0,68	0,89	0,68-0,80
Қыргыздар	11	11	0,47	0,51-0,66	0,72	0,42-0,53
Карастер	12	12	0,52	0,53-0,66	0,68	0,42-0,53

Нәтиже көрсеткіштерінің графикасы төмендегідей көріністе болады:



Сурет 20 - «Тіл табысқыштық деңгейін бағалау» тестінің дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі корреляциялық көрсеткіштері бойынша

Атальыш әдістемені статистикалық талдауды қорыта келе, белгілі топ мүшелерінің түрлі этностық ерекшеліктеріне байланысты тіл табысқыштық деңгейлері әр түрлі болады деген тұжырым жасаймыз, яғни ғылым жұмысымыздың зерттеу бөлімінде белгіленген екінші жеке болжамы толық дәлелденді.

Келесі кезеңде алғашкы әдістемені талдау құрылымы бойынша «Қарым-қатынаста өзін-өзі бақылауын анықтау» тестінің нәтижесіне статистикалық талдау жасалды. Статистикалық талдау болжамы ретінде:

$H_0$ : қарым-қатынаста этностық ерекшеліктеріне байланысты өзін-өзі бақылау деңгейлері бойынша таңдаулардағы айырмашылықтар нолге тең.


$H_1$ : этностық ерекшеліктерге байланысты қарым-қатынаста өзін-өзі бақылау деңгейлерінде нолден едәуір жоғары мәнді айырмашылықтар болады.

Нәтиженің корреляциялық мәнін есептей отырып, келесі кестеде бейнеледік (кесте -8):

**Кесте 8 - «Қарым-қатынаста өзін-өзі бақылауын анықтау» тестінің дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі корреляциялық нәтижесі көрсеткіштері**

№	Этност	N 1	N 2	Дамытушы эксп. дейн		Айыр. бірлік	Дамытушы эксп. кейін	
				Тәж. және бақ. топ.	Теориялық бірл.		Тәж. және бақ. топ.	Теор. бірл.
1	Қазақта	33	33	0,32	0,33-0,42	0,50	0,82	0,66-0,78
2	Слав.	33	33	0,33	0,33-0,42	0,51	0,84	0,66-0,78
3	Ұйғырл	12	12	0,54	0,55-0,68	0,32	0,86	0,68-0,80
4	Кәрісте	12	12	0,52	0,53-0,66	0,34	0,88	0,64-0,76
5	Қыргыз	11	11	0,49	0,55-0,68	0,37	0,86	0,68-0,80
6	Дүнген	13	13	0,48	0,51-0,66	0,25	0,73	0,42-0,53
7	Өзбекте	11	11	0,49	0,53-0,66	0,22	0,71	0,42-0,53

Кесте нәтижесі бойынша төмендегі график құрылды:



**Сурет 21 - «Қарым-қатынаста өзін-өзі бақылауын анықтау» тестінің дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі корреляциялық нәтижесі көрсеткіштері бойынша графикі**

Яғни, жоғарыда берілген статистикалық болжам бойынша алғынан нәтижелерге мынадай тұжырымдар жасауга болады:

- біріншіден, ұйғыр, көріс, қыргыз, өзбек және дүнгендік халықтары қарым-қатынастағы өзіндік бақылау деңгейлері бойынша таңдаулардағы айырмашылықтары нолге тең. Демек атальыш этнос өкілдері қарым-қатынаста өздерін бірқалыпты және жағдайға қарай өздерін өзгертуге тырыспайды. Сонымен қатар өзіндерін қарым-қатынаста шынайы ұстаяға тырысады;

- екіншіден, казақ және славян ұлт өкілдерінің нәтиже көрсеткіштерінде нолден едуір жоғары айырмашылықтар анықталды. Демек атальыш этнос өкілдері қарым-қатынаста шынайы болуга тырысқанмен, көп жағдайда өз эмоцияларын игере алмайды, бірақ өзге адамдардың пікірімен санаса білетіндігін дәлелдейді;

- үшіншіден, алғынан статистикалық мәліметтер дамытушы эксперимент жағдайында зерттелушілердің қарым-қатынаста өзіндік бақылау деңгейлерін арттыру іс-шараларын жүргізу қажеттігін дәлелдейді.

Зерттеу жұмысымыздың үшінші жеке болжамына сәйкес келесі статистикалық талдау болжамы ұсынылды, яғни:

$H_0$ : белгілі топтагы этнос өкілдерінің қарым-қатынастағы коммуникативтік іскерлік деңгейлері бойынша таңдаудағы айырмашылықтары нолге тең.


$H_1$ : белгілі топтагы этнос өкілдерінің қарым-қатынастағы коммуникативтік іскерлік деңгейлері бойынша таңдауда едәуір нолден жоғары айырмашылықтар болады.

Талдау жүргізу барысында топтың таңдаушыларының саны өзара тең этностық топтар салыстырмалы түрде алынды, ал дүнген этносының нәтиже көрсеткіштеріне жеке талдау жасалды. Нәтиже темендеңгі кестеде ұсынылып отыр (кесте 9):

**Кесте 9 - «Коммуникативтік іскерлікті бағалау» тесті бойынша дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелердің корреляциялық көрсеткіштері**

№	Этностық топтар	N 1	N 2	Дамытушы эксп. дейін		Дамытушы эксп. кейін	
				Тәж. және бак. топ.	Теориялық бірл.	Тәж. және бак. топ.	Теор. бірл.
1	Қазақтар	33	33	0,32	0,33-0,42	0,82	0,66-0,78
2	Славян өкілдері	33	33	0,33	0,33-0,42	0,83	0,66-0,78
3	Ұйғырлар	12	12	0,53	0,55-0,68	0,85	0,68-0,80
4	Көрістер	12	12	0,52	0,53-0,66	0,82	0,64-0,76
5	Қыргыздар	11	11	0,54	0,55-0,68	0,86	0,68-0,80
6	Дүнгендер	13	13	0,51	0,51-0,66	0,68	0,42-0,53
7	Өзбектер	11	11	0,52	0,53-0,66	0,56	0,42-0,53

Кестедегі мәліметтер жүргізілген статистикалық талдау болжамдарының алғашқысын теріске шығарады, яғни екінші болжамға сәйкес этнос өкілдерінің коммуникативтік іскерлік деңгейлерінде ұлттық ерекшеліктеріне байланысты айырмашылықтар болу мүмкіндігін дәлелдейді. Осы дәлел график сзығында былай көрінеді:



**Сурет 22 - «Коммуникативтік іскерлікті бағалау» тесті бойынша дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелердің корреляциялық көрсеткіштері бойынша**

Зерттеу жұмысымыздың 2.2. - бөлімінде А.Кузнецованың «Вербалды емес коммуникацияны бағалаудың эксперименттік» әдіс-тәсісін қолданып, нәтиже көрсеткіштері бойынша үш түрлі ошешмдерге байланысты талдау жасалынғын болатын, яғни нәтиже бойынша топтардагы этнос өкілдерінің көрсеткіштері томендеңгідей болған:

бірінші өлшем, яғни көзқарастың жан-жактылығы мен үйлесімділігі қазақтарда – 36 %, славян өкілдерінде – 44 %; екінші өлшем - өзге адамның вербальды емес әрекетіне деген сензитивтілік пен сезімталдық бойынша, өзбектерде – 48 %, ұйғырларда -52 %, дүнгендерде – 48 %, қыргыздарда – 36 %, көрістерде – 40 %;

үшінші өлшем, яғни өз вербальды емес әрекетін басқара алу көрсеткіштері ешқандай этнос өкілдерінде доминанталық позицияны көрсеткен жоқ.

Осы үшінші өлшемді негізге ала отырып, статистикалық талдаудың келесі болжамын ұсынамыз:


$H_0$ : қарым-қатынас барысында өз вербальды емес әрекетін басқара алу көрсеткіштері барлық этнос өкілдерінде нолдік мәнге тең.

Н<sub>1</sub>: түрлі этнос өкілдерінде қарым-қатынас барысында озвербалды емес әрекетін басқара алу көрсеткіштер айырмашылығы нольден едәуір жоғары мәнге ие.

Нәтижелер Спирмен корреляциялық коэффициенттің рангілеу формуласымен есептеліп, келесі кестеге көрсеткіштері енгізілді:

**Кесте 10 - Вербалды емес коммуникацияны бағалаудың эксперимттік әдістемесінің дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің корреляциялық көрсеткіштері**

№	Этностик топтар	N 1	N 2	Дамытушы эксп. дейін		Дамытушы эксп. кейін	
				Тәж. және бак. топ.	Теориялық бірл.	Тәж. және бак. топ.	Теор. бірл.
1	Қазақтар	33	33	0,34	0,33-0,42	0,83	0,66-0,78
2	Славян өкілдері	33	33	0,32	0,33-0,42	0,86	0,66-0,78
3	Үйгырлар	12	12	0,55	0,55-0,68	0,88	0,68-0,80
4	Көрістер	12	12	0,51	0,53-0,66	0,83	0,64-0,76
5	Қыргыздар	11	11	0,54	0,55-0,68	0,87	0,68-0,80
6	Дүнгендер	13	13	0,51	0,51-0,66	0,69	0,42-0,53
7	Өзбектер	11	11	0,52	0,53-0,66	0,72	0,42-0,53



**Сурет 23 - Вербалды емес коммуникацияны бағалаудың эксперимттік әдістемесінің дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің корреляциялық көрсеткіштерінің графигі**

Н<sub>0</sub> болжамы қабылданады, ал Н<sub>1</sub> болжамы теріске айналысады. Себебі, талдау көрсеткіші бойынша зерттеуге қарастырлады. Барлық этнос өкілдерінің көрсеткіштері мәнсіз болып түр. Үнді статистикалық талдаудан шығатын тұжырым:

біріншіден, этнос өкілдерінің барлығында өз вербалды емес әрекеттерінде басқара алу көрсеткіштері нольдік мәнге тең;

скіншіден, атаалмыш дәйек полиэтностық топтардағы қарым-қатынас процесінде тыңдаушылардың өзара вербалды емес әрекеттерін басқара алу деңгейлерін дамыту қажеттігінің пікірі.

Тәжірибелік және бақылау топтарының дамытушы экспериментке дейінгі нәтиже көрсеткіштері бойынша төмендегі салыстырма кесте жасалды:

**Кесте 11 - Тәжірибелік және бақылау топтарының дамытушы экспериментке дейінгі және дамытушы эксперименттен кейінгі нәтижелерінің корреляциялық көрсеткіштерінің жалпы салыстырмалы кестесі**

	Дамытушы экспериментке дейінгі рангілік көрсеткіштер							Дамытушы эксперименттен кейінгі рангілік көрсеткіштер						
	N 1 (1-2)							N (1-2)						
	1	2	3	4	5	6	7	1	2	3	4	5	6	7
0,28	0,39	0,52	0,52	0,57	0,45	0,42	0,68	0,69	0,89	0,86	0,82	0,78	0,82	
0,19	0,32	0,48	0,51	0,52	0,48	0,51	0,58	0,68	0,82	0,88	0,83	0,84	0,81	
0,19	0,21	0,48	0,51	0,53	0,47	0,52	0,80	0,82	0,86	0,89	0,89	0,72	0,68	
0,12	0,33	0,54	0,52	0,49	0,48	0,49	0,82	0,84	0,86	0,88	0,86	0,73	0,71	
0,12	0,33	0,53	0,52	0,54	0,51	0,52	0,82	0,83	0,85	0,82	0,86	0,68	0,56	
0,14	0,32	0,55	0,51	0,54	0,51	0,52	0,83	0,86	0,88	0,83	0,87	0,69	0,72	

Сонымен, дамыту экспериментіне дейінгі жүргізілген үйніштегі жұмыстарының нәтиже көрсеткіштерінің негізінде тәжірибеле алынған полиэтностық және моноэтностық топтарда дамыту экспериментін жүргізу қажеттігі туралы қорытындыға сәйкес, дамытушы эксперимент жүргізілгеннен кейінгі көрсеткіштердің аралығында едәуір даму динамикасын жоғарыда бейнеленген кестеден көруге болады.

Осы тұста дамытушы экспериментке дейінгі және дамытушы эксперименттен кейінгі алынған нәтижелерді анық көрсету үшін тағы бір статистикалық талдау әдістемесін пайдаландық. Мұнда статистикалық талдау құралы ретінде Розен-

баум (Q) әдістемесі таңдаап алынды. Аталмыш көрсеткіштердің қызметі - сандық өлшенген екі таңдаудың арасында қандайда бір белгінің деңгейі бойынша айырмашылықты бағалау. Әр таңдауда 11 сынаушыдан кем болмауы керек.

Розенбаум (Q) әдістемесі қандайда бір белгі бойынша таңдаудың арасындағы айырмашылықты тез бағалауға мүмкіншілік беретін өте қарапайым параметрикалық емес көрсеткіш. Бірақ Q көрсеткіші сенімді айырмашылықты көрсетпесе, олар шын мәнінде жоқ екендігін көрсетпейді. Көрсеткіштің қолданылуы белгінің мәнін таңдауда белгінің өсу немесе азаю бойынша жинақталуынан басталады. Әр сынаушының мәліметтері бөлек карточкаларда көрсетілуі дұрыс. Онда бізді қызықтыратын белгі бойынша 2 қатар мәндерді жинақтыруы жеңіл болады. Осылайша біз қаншалықта мәндер диапазоны сәйкес болатындығын көре аламыз, ал жоқ болса бір мән қатары (S1) қаншалықта «жогары», ал екіншісі (S2) - «төмен» болатындығын көре аламыз. Осы және басқа критерилерді шатастырмау үшін бірінші қатарды (таңдау, топ) мәні көп, ал екінші қатар – мәндері төмен деп санауға ұсынылады.

Осылайша сәйкес төмендегі статистикалық талдау болжамдары ұсынылды:

H0: 2 таңдаудағы белгі деңгейі 1 таңдаудың белгі деңгейінен аспайды;


H1: 2 таңдаудағы белгі деңгейі 1 таңдаудың белгі деңгейінен асады.

Статистикалық болжамдарды дәлелдеу үшін әр тәжірибелік топта келесі процедуралар орындалды:

біріншіден, тәжірибелік топтың дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелері салыстырылды. Мәселен, өзбек этностарын алып Розенбаум формуласы бойынша есептегендеге:


$$Q \text{ кр.} = \begin{cases} Q = S_1 + S_2 = 6+6 = 12 \\ 6 \quad (p = 0,05) \\ 9 \quad (p = 0,01) \end{cases}$$

Одістеме қорытындысы  $Q = 12$  - ге тең, яғни, Q мәні статистикалық талдаудың H1: 2 таңдаудағы белгі деңгейі 1 таңдаудың белгі деңгейінен асады. болжамы қабылданып, 0 болжамы теріске шығарылды. Демек, өзбек этносы өкілдерінің дамытушы эксперименттен кейінгі нәтиже көрсеткіштері мәнді болып табылады. Статистикалық өндөу барынша анықталған нәтиже бойынша төмендегі график жасалынды:



Сурет 24 - «Топтың ұйымышылдығын анықтау» тесті нәтижелерін Розенбаум әдістемесі бойынша өзбек этносы өкілдерінің дамытушы экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштері

Осы аталған ретпен қыргыз, кәріс, дүнген және ұйғыр этнос өкілдерінің де нәтиже көрсеткіштері Розенбаум әдістемесі бойынша есептелді. Алынған нәтижелер төмендегі графикті күргуга негіз болды:



*Сурет 25 - Көріс, қыргыз, дүнгөн, ұйғыр этнос өкілдерінің нәтижелерін Розенбаум формуласы арқылы есептегендегі көрсеткіштерінің графигі*

Графикте көрсетілген нәтижелер статистикалық талдау барысында қол жеткізген жеке бірліктердің барлығы да мәнділік аумағында орналасқандығын көрсетеді. Демек, дамытушы экспериментке дейінгі нәтижеге қараганда дамытушы эксперименттен кейінгі көрсеткіштерде динамикалы өсу байқалады, яғни этностық қарым-қатынасты дамыту мақсатында жүргізілген шаралардың тиімділігін айқындайды.

Сонымен, зерттеу жұмысының статистикалық талдау бөлімін қорыта отырып, төмендегі тұжырымдарға токтаңық:

- біріншіден, түрлі этнос өкілдерінің өзара қарым-қатынастар тиімділігін қамтамасыз етуде, топ ұйымшылдығын дамыту жұмыстары үйлесімде және жүйелілікте жүргізілсе, тындаушылар нәтижелерінің корреляциялық көрсеткіштерінің даму динамикасының өсуіне қол жеткізу мүмкін;

- екіншіден, белгілі топ мүшелерінің өзара қарым-қатынаска түсі нәтижелерінің корреляциялық көрсеткіштерін көтеру

үшін, олардың мәдени-құндылық бағдарына әсер ететін дамыту жұмыстарын жүргізу қажет;

- үшіншіден, этнос өкілдерінің қарым-қатынаска түсі бағысындағы тіл табысқыштық, коммуникативтік іскерлік және иербалды емес коммуникациялық әрекеттерін дамытуда қарым-қатынас психологиясы бойынша арнайы бағдарламаларды тиімді қолданған жағдайда, аталмыш мәселелер бойынша наложелердің корреляциялық көрсеткіштерінің едәуір жоғары динамикасына жету мүмкін.

Ғалым Н.Қ. Тоқсанбаева өзінің «Танымдық іс-әрекетке кіріспе» атты оку құралында «Оқытудың белсенділігі ... біріккен диалогтық танымдық іс-әрекетінде көрінеді және оның дамуы осы іс-әрекеттің мәні мен маңыздылығы негізінде жоғары деңгейді көрсетеді» деген пікір айтады.

Осыған сәйкес, зерттелушілердің коррекциялық нәтиже көрсеткіштерінің даму динамикасына тікелей әсер етуге бағытталған дамытушы эксперименттің жалпы сипаты, оның маңыздылығы және құрылымы туралы зерттеу жұмысының үшінші тарауына толық баяндалатын болады.

Қазіргі еліміздің халықаралық стандарттар жүйесіне сай болуға үмтүліс жасау кезеңінде түндаған экономикалық, азаметтік қындықтар тұлғаның адамгершілік қадір-қасиетінің тәміндеуіне, адамдар арасындағы катынастардың бұзылуына, халықаралық қактығыстардың жиі көрініс беруіне өз әсерін тигізуде. Эрине, бұл процес еліміздің полимәдениетті білім беру рәсемінде көрініс беруінде әсерін тигізетінің айдан анық. Мұндай жағдайда тұлға арасы қарым-қатынастардың үйлесімде дамуын камтамасыз ететін қоғамдық институттардың ролі ерекше. Соның ішінде қоғамдық институттардың үштеген екі бөлігін құрайтын білім субъектілері арасындағы қарым-қатынас жасау деңгейлерін зерттеу, дамыту қажеттігі түндейдайды. Өйткені қарым-қатынастың бір түрі болып табылатын этностық қарым-қатынас жоғарыда аталып откен полимәдениетті тұлғаны қалыптастыру саясатына көрініс беруін тигізеді. Зерттеу жұмысының екінші бөлімінде анықталғандай, тұлғаның этностық ерекшеліктері оның бірлескен іс-әрекеттегі қарым-қатынас деңгейіне байланысты болады. Яғни этностық қарым-қатынастың позитивті

дамуына полиэтностиқ төптардың ұйымшылдығы, мәдени-құндылық бағдары, қарым-қатынаста өзін-өзі бағалауы, коммуникативтік іскерліктері, өзара вербальды емес қатынас құралдарына этнос өкілдерінің сезімталдығы, олардың тіл табысқыштық деңгейлері тікелей әсер етеді. Сонымен, атапмыш мәселелерге эмпирикалық және статистикалық талдау жасай отырын, мынадай түйіндерге тоқталдық:

біріншіден, этностиқ қарым-қатынас мәселесінің күрделілігіне байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде арнайы зерттеу бағдарламасын құру, соның ішінде зерттеу жұмысының жоспарын, болжамдарын, әдістемелерін, психологиялық талдау және статистикалық өндөу процедураларын экспериментальды психологияның негізгі парадигмаларына сәйкестендіру қажет;

екіншіден, көп ұлтты еңбек ұжымдарын немесе поли этностиқ топтарды зерттеу нәтижесі көрсеткендей, адамның этникалық менталитеті, мәдени-құндылық бағдары, этностиқ ерекшеліктеріне қарай өздерін бағалауы, ұлттық мінез-құлқына қарай коммуникативтік құзыреттіліктерінің қалыптасуы, этнос өкілдерінің бір-бірінің вербальды емес коммуникациялық әрекеттерін бағалауы поли этностиқ және моно этностиқ топтарда да қарым-қатынаска тұсу процесінде өзіндік маңыздылығын атқарады;

үшіншіден, статистикалық талдау көрсеткіштері көрсеткендей, түрлі этнос өкілдерінің этникалық ерекшеліктеріне қарай:

- түрлі этнос өкілдерінен қураған поли этностиқ топтардың қарым-қатынаска тұсу барысында ұйымшылдық деңгейлерін дамытушы эксперимент жүргізуі қажет етеді;

- этнос өкілдерінің этникалық ерекшеліктеріне байланысты міндетті түрде олардың мәдени-құндылық бағдарында айырмашылықтар болуына байланысты, дамытушылық бағдарламалар этностиқ ерекшеліктерге сай құрылуы тиіс;

- этностиқ қарым-қатынас барысында этнос өкілдерінің тіл табысқыштық деңгейлерінде нолден едәуір мәнді айырмашылықтағы көрсеткіштердің анықталуына байланысты дамыту бағдарламасында тіл табысқыштық деңгейін жөғарылатуга

барынша ықпалын тиғізетін белсенді оқыту технологияларын қолдану қерек;

- этностиқ қарым-қатынаста түрлі ұлт өкілдерінің өздерін байланысу деңгейлерін анықтау нәтижелерін зерттеу бойынша анықтап статистикалық мәліметтер дамытушы эксперимент жағдайларында зерттелушілердің қарым-қатынаста өзіндік бағалау деңгейлерін арттыру жұмыстарын жүргізуі қажет етеді;

- зерттеу жұмысының үшінші жеке болжамына сәйкес статистикалық талдау нәтижелерінде анықталған көрсеткіштерге сай дамытушы бағдарламаның этнос өкілдерінің ұлттық ерекшеліктеріне (мінез-құлқы, сана-сезіміне, салт-дәстүрлеріне) байланысты құрылуы ескерілуі тиіс;

- түрлі этнос өкілдерінің қарым-қатынас процесіндегі өз тарбиялдарды емес әрекетін басқара алу көрсеткіштеріндегі айырмашылықтар дамытушы экспериментте атапмыш мәселеге атапайы назар аударуды қажет етеді.

Сонымен, дамыту экспериментіне дейінгі жүргізілген статистикалық талдау нәтижелері көрсеткендей, тәжірибеге анықтап поли этностиқ және моно этностиқ топтарда дамыту экспериментін жүргізу қажеттігін және де дамытушы бағдарламалының құруда жоғарыда атапы өткен жағдайларды ескеру маңызды болып табылады.

## **3 БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЭТНОСЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ДАМЫТУ ЭКСПЕРИМЕНТИНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫГЫ**

### **3.1 Біліктілікті арттыру процесінде этностиқ қарым- қатынас ерекшеліктерін психологиялық және педагогикалық диагностикалау**

Адам мамандығы, жынысы, үлтты бойынша кім болмасын, әрқашанда ұш негізгі тіршілік әрекетінің бірлігінде болады - еңбек, таным, қарым-қатынас. Педагогтың тұлғалық қасиеттері, өзге мамандар мен түрлі қызмет атқаратын адамдардан айырма-шылығы мынадай қасиеттерімен ерекшеленеді:

- педагогтың білім субъектілеріне деген ықылас-ынгасы, оларға сүйіспеншілігі мен жаңашырлық көзқарасы;
- педагогтың ұстамдылығы мен байсалдылығы;
- мінез-құлқын, сезім күйін билеу алуы және т.б.

Сонымен қатар, педагогтың әр алуан іс-әрекеттерді орындауға жаттықтырып үйретуі және олармен үйлесімді қарым-қатынас орнатуы - оның ұйымдастыруышылық - коммуникативтік қабілеттіне байланысты. Тыңдаушылардың коммуникативтік қабілеттін дамыту – педагогикалық ынтымақтастыққа жетудің негізі бола отырып, білім беру жүйесінің ең өзекті мәселелерінің бірі ретінде саналады. Осыған байланысты психология ғылыми-ның докторы, профессор С.М. Жақыпов «білім беруді демократияландырудың белгілерінің бірі соңғы жылдары қалыптасып пайда болған педагогикалық ынтымақтастық. Тіпті осы тақырыпқа арналып, жарияланған еңбектерге тез шолу жасаған сәтте байқағанымыз, оның қаншалықты авторлары болса, оған деген көзқарас та соншама көп екендігіне сендерді» деген пікірін ортаға салаады.

Аталмыш пікір – бұл білім беру саласында педагогтардың бірлескен іс-әрекеттегі кәсіби коммуникациялық іскерліктерін қалыптастырудың жан-жақты зерттеліп жатқандығының айқын дәлелі. Осы ретте, психология ғылымдарының кандидаты, доцент Н.Қ. Тоқсанбаева өзінің «Қарым-қатынастағы кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық маңыздылығы» атты

макаласын негізге алуға болады. Фалымның пайымдауынша, мұғалімнің кәсіби қарым-қатынасында әрқашан бір-бірімен ынтым байланысты екі топқа бөлуге болады. Біріншіден, бұл оның мен тәрбиелеудің бірдей мақсатын, мұғалімнің педагогикалық іс-әрекеттің жүзеге асыратын, өткеннен қалған құндыштың, қоғамдық сипаттымен қатар салынған қарым-қатынастың жалпы принциптері. Екіншіден, қарым-қатынастың индивидуалды принциптері мұғалім стилі, яғни жеке білімдер, кәсіби өткізулер, қабілеттер негізінде өз іс-әрекеттің жүзеге асыратын оның мен тәрбиелеудің нақты шарттары мен мүмкіншіліктеріне қарап, нақты тәсілдер мен құралдардың жиынтығы» ретінде сипатталады.

Осы екі топтың біртұтастығы педагогтың өз кәсіби коммуникативтік шеберлігін шындауға көп септігін тигізеді десек өткізулерінде. Осы орайда, өзінің кәсіби шеберлігін шындағысы көмейтін мұғалім жоқтың қасы деуге болады. Білім беру процесін жаңарту барлық субъектілеріне жоғары талаптар қоя отырып, салт-дәстүрді, мәдени мұраны, жалпы ұлттық құндыштардың көздің қарашығындаңай сақтау және дамыту қажеттігін айыппадайды. Қазақтың біртуар ағартушысы, жантану ғылыми-ның негізін салушы галым Ж. Аймауытұлы өзінің «Психология» атты еңбегінде: «Білімге деген ынталанушылық – адам бойындағы ой еңбегі күшінің қайнар көзі, сондай көздердің көбірек ашу, өркендешу өнері – мұғалімнің бойына біткен қасиет болуы керек» деген терең магыналы ой тастайды. Яғни, педагогикалық қызметте жетістікке жету үшін тек білім мен қабілет жеткілікіз екенін үғыну – қазіргі заманға сай кәсіби, коммуникативтік іскерлігі дамыған мамандарды қалыптастыру қажеттігін туындалады. Сондықтан жаһандану заманына лайық, өмірлік дағдылары қалыптасқан, бейімді, іскер маманды қалыптастырудың кәсіби біліктілігін арттыру және даярлаудың жаңаша бағыттарын тереңдете ендіруді қарастыру жүйелі әрі нәтижелі іске асырылуы қажет. Ол үшін қандай да мәселелер төңірегінде приайы дамытушы бағдарламалардың катарын көбейту мен мазмұндылығын арттыруға мән беруіміз тиіс.

Осы мақсатта педагогтардың кәсіби есүіне тікелей жауапты әрі ықпал етуші - біліктілікті арттыру жүйесінде зерттеу

жұмысымыздың дамытушы экспериментін тәжірибеден өткізуді жоспарладық. Дамыту экспериментінің әдіснамасы негізінде, аталмыш дамытушы бағдарлама біліктілікті арттыру жүйесінің сапалы жаңа құрылымын, оқу әрекетін ұйымдастырудың, педагогтардың психологиялық ұстанымдарының кайта құрылуын (карым-қатынас, қызығушылықты арттыру, қажеттілік туындуату және т.б.) түбекейлі көрініше қалыптасуын ұсынады. Осы мәселе теңірегінде психологиялық-педагогикалық анықтау жұмыстарын облыстық педагог кадрлардың білімін жетілдіру және кайта даярлау институты базасында ұйымдастырылған томендегі:

- «Әтностық карым-қатынас – білім процесіне қатысушылардың өзара түсіністігі мен өзара сыйластырының және нәтижелі оқытудың негізі»;
- «Педагогикалық қарым-қатынастың этникалық ерекшеліктерге байланысын зерттеу жолдары»;
- «Мұғалімдердің жеке тұлғалық кәсіби өсуін синтоникалық карым-қатынас моделі арқылы ұйымдастыру жолдары» және баска да:
  - жергілікті біліктілікті арттыру курстарында;
  - көшпелі (аудан орталықтарында) біліктілікті арттыру курстарында жүзеге асыру көзделді.

Жоғарыда аталып өткен біліктілікті арттыру курс тақырыптарын және оқу-тақырыптық мазмұнын, топтардың құрамын жоспарлау кезеңінде профессор С.М. Жақыповтың «оқу процесіндегі студенттердің танымдық іс-әрекетінің нәтижелелігін монодиагностикалық және полидиагностикалық топтарды салыстырмалы талдау, жалпы ұғымдық білімдер қорының дамуы мен қалыптасуындағы айырмашылықтарды көрсетті» деген пайымдауы басшылыққа алынды.

Жалпы біліктілікті арттырудың жоғарғы сапасына қол жеткізу үшін қажетті шарттардың бірі – педагогтарды психологиялық қолдау және кәсіби икемділіктерін, қызығушылықтарын айқындау, кайсыбір кәсіби қарым-қатынас шеберліктерін менгерудегі шынайы мүмкіндіктерін анықтау болып табылады. Осыған байланысты, аталмыш біліктілікті арттыру курстарының диагностикалық модулдерінде психологиялық-педагогикалық

анықтау шараларын міндетті жүргізіп отыру алға қойылды. Зерттеу жұмысының осы бөлімінде осы жұмыстарға кеңінен токтасып өтуді жөн көрдік. Осы орайда, зерттеу жұмысының I тарауының екінші бөлімінде сәйкес тұлға мәселесіне анықты бірқатар анықтау жұмыстары өткізді.

Тұлғаны тұлға тәрбиелейтіні заңдылық. Қазактың ұлы педагог ағартушысы М. Жұмабаевтың «...бала ылғи іске ұмтылады. Дені сау бала тіпті қарап отыра алмайды. Бірақ бала не істеуге һәм қалай істеуге білмейді. Сондықтан ол ересек адамдардың не істегенін һәм қалай істегенін өнеге қылады...» деген шикірі осы мәселенің дәлелі емес ие?! Олай болса, тұлға тәрбиеесу мәселесінде педагогтардың ой-пікірлерін анықтау мақсатында жоғарыда аталып өткен біліктілікті арттыру курстарында (125 мұғалім) «Тұлға дамуында кім көбірек әсер етеді?» тақырыбында экспресс-сауалнама жүргізілді (Қосымша 3). Алынған нәтиже төмендегі көрсеткіштерді берді:




*Curret 26 - «Тұлға дамуында кім көбірек әсер етеді?» сауалнамасының нәтижесі*

Мұғалімдердің 30 %-ы ата-ана, 9 %-ы, коршаган орта, 34 %-ы үстаз, 9 %-ы мектеп, 9 %-ы достары, 9 %-ы отбасы-туистары деген пікір айтты. Сауалнама нәтижесінің талдауы мынадай корытынды жасауға мүмкіндік береді, яғни окушы тұлғасының

калыптасуында педагогтардың тұлғалық ерекшеліктерінің әсері едәуір және ата-анамен тең түседі деуге болады.


Тұлғалану процесі әрине қарым-қатынасқа түсу барысында дамитыны белгілі. Әрине, білім беру жүйесі субъектілерінің бірін-бірі қабылдауы, тұсіну манызды факторлардың бірі Себебі, субъектілердің бірін-бірі негативті қабылдауы немесе дұрыс тұсінбеуі арқасында тұлғалану процесінде кері кету жағдайы туындауы мүмкін. Осы тұста курс тындаушыларның «Білім беру жүйесі субъектілерінің бірін-бірі қабылдауы үшін қажетті факторлар қандай?» тақырыбында экспресс-сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі көрсеткендегі курс тындаушылары аталмыш факторлар көтірілген: тұсіністік, сөйлеу әдебі, дауыс ыргағын, қарым-қатынасқа түсे білу шеберлігін, имиджді, ортақ пікірде болуды, мінезді, парасаттылықты, тіл білімін (бірнеше тілдерді білу), тәрбиелілікті, адам бойындағы қасиеттерді бағалай білуді жатқызады. Соның ішінде, ең қажетті факторлар ретінде қарым-қатынасқа түсе білу шеберлігін 21% тындауши таңдаған және тіл білімін (бірнеше тілдерді білу) 19% мұғалім таңдаған. Ал осы сұраққа қарама-карсы «Қарым-қатынасқа кедергі келтіруші факторларды атаңыз» деғен сауалға мына факторларды атап көрсетеді: тұсініспеушілік, дөрекілік, конфлікт, ойды дұрыс жеткізе алмау, қызғаныш, әр халықтың өзіне тән спецификасын білмеу, тіл білмеу, тіл табыса алмау, ауызбіршіліктің болмауы, менмендік, тәкаппарлық, өзін басқалардан жоғары санау немесе эгоизм. Бұл жерде тындаушылардың басым копшілігі тұсініспеушілік, әр халықтың өзіндік ұлттық спецификасын жетеп білмеу, конфлікт, тіл білмеу факторларын атап көрсетеді (қосымша И).

Сурет 27 - «Білім беру жүйесі субъектілерінің бірін-бірі қабылдауы үшін қажетті факторлар қандай? сауалнамасының нәтижесі



Сурет 27 - «Білім беру жүйесі субъектілерінің бірін-бірі қабылдауы үшін қажетті факторлар қандай?» сауалнамасының нәтижесі

Қарым-қатынасқа кедергі жасауышы факторлар



Сурет 28 - Қарым-қатынасқа кедергі жасауышы факторлар

Сауалнама нәтижесі көрсеткендегі (сурет-28), қарым-қатынастың тиімділігіне кері әсерін тигізетін жоғарыда анықталған факторларды болдырмау және де білім беру жүйесіндегі

субъектілердің бірін-бірі дұрыс қабылдап, түсінуі үшін бірнеше тілдерді меңгеруі және қарым-қатынасқа түс шеберлігіне машиқтануына жағдай жасау қажет. Осындай қарым-қатынас барысында әрбір тыңдаушының ішкі жан дүниесіне біртіндеп еніп, мінез-құлқын, мәдениетін, өмірге деген көзқарасын, тәрбиелігін анықтауға болады. Ал, кейбір жағдайларда қыншылықтарға да тап болып отырады. Психолог В.А. Лазурскаяның тұжырымдамасы бойынша қын қарым-қатынас - әлеуметтік – психологиялық феномен ретінде, педагогтардың өзара түсініспеушілік жағдайында шынайы байқалатындығын көруге болады.

Осы ретте, психолог-ғалым Н.Қ. Тоқсанбаевың „қарым-қатынас – бұл белгілі бір өзара қатынас қалыптастыру мақсатындағы – мазмұн мен идеялармен, қызыгулармен, көзқарастармен, көңіл-күйлермен және т.б. әрекеттермен дамиды“ деген тұжырымын негізге аламыз. Яғни, қарым-қатынас - білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттың өзара әрекеттес болуы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы.


Олай болса, біліктілікті арттыру процесіндегі мұғалім мен мұғалімдердің өзара әрекетін ұйымдастыруды қарым-қатынастың маңызы ерекше. Ал біліктілікті арттыру жүйесіндегі қарым-қатынастың ұйымдастырылуы педагогтардың білім дәрежесінің сапасы мен шеберлігіне байланысты.

Адам табиғатында өзінде жоқ, болуы мүмкін емес күбылыстарға, қасиеттерге қызығатыны белгілі. Сонымен қатар, топтың ұйымшылдығы - позитивті қарым-қатынас негізінде мұғалімдер мен курс тыңдаушыларының бірін бірі қабылдай алуы, түсінуі және бағалаудың байланысты. Сондықтан қарым-қатынас процесін ұтымды басқару үшін педагог ең алдымен тыңдаушылармен байланыс жасау құралдарын игеруі тиіс. Мұндай педагогикалық әрекет қарым-қатынастың бірнеше қырларында жүзеге асырылады, олар:

1. Психологиялық байланыс, бұл индивидтердің өзара қабылдау процесінде пайда болады (мұны кейде перцептивалы көрініс дейді);

2. Ақпараттамен алмасу (коммуникативті әрекет);

3. Бір-біріне өзара әрекет пен өзара ықпал ету (интеракциалық) (сурет-29):



Сурет 29 - Коммуникативтік біліктілік құрылымдары

Осы және тағы да басқа жүргізілген диагностикалық жұмыстардың нәтиже көрсеткіштері бойынша келесі тұжырымдар жасалды:

- респонденттердің тіл табысқыштық деңгейін этникалық әрекшеліктеріне қарай, соның ішінде салт-дәстүр, тәрбиелеу әдістеріне және ұлттық мәдениетіне байланысты бағалауда да болады, өйткені қазақ және қырғыз; өзбек және ұйғыр; кәріс және дүнген; славян ұлт өкілдерінің нәтиже көрсеткіштері бір-біріне сәйкес келеді. Мәселен, жоғарыда аталған ұлт өкілдерінің этникалық әрекшеліктерінің өзара ұқсастықтарын жоққа шығара алмаймыз.

- педагогтардың коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға байланысты дамытушы жұмыстарды біліктілікті арттыру шараларына барынша енгізу мәселе сіне көңіл бөлу қажет, себебі нәтиже көрсеткіштерін екінші бағытта қарастыратын болсақ тыңдаушылардың коммуникативтік құзыреттілігін анықтайтын шкаланың (14-24-ке дейінгі аралықтағы жауап) көрсеткіштері 12 %-дан – 20 %-ға дейін ғана.

Сонымен қатар дамытушы бағдарлама негізінде үйимдастырылған біліктілікті арттыру курстарында поли және моно этностиқ топ ерекшеліктері міндепті түрде ескерілуін ұстандық. Мұндай топтардың үйимшылдығын, өзара қарым-қатынасқа түсін тиімді жолға қою мақсатында арнайы тренингтер колданылды. Соның ішінде, әлеуметтік – психологиялық тренинг курсың дайындыққа келген барлық категориядағы топтарға икемдей отырып жүргізуге өте қолайлы. Курстың алғашқы күні осылайша жұмыс жүргізілген топтар курс аяғына дейін топтастып, бірлесіп жұмыс жасауда нәтижеге жететін, өздерін де озгелдерді түсіне алушылық, толеранттылық қасиеттерінің жогары болатынын тәжірибе көрсетті. Адамдық ресурстармен жұмыс жасауда бұл қарым-қатынас іскерліктерін дамытушы тренингтер мен іскерлік ойындарды тұрақты қолданып отырудың пайдасы ерекше.

Курстың мониторингтік модулінде тыңдаушылардың өз біліктіліктерін бағалау, алған білім мазмұнына қанагаттану, жалпы курстың үйимдастырылуына және т.б. іс-шаралар бойынша қанагаттану деңгейлерін анықтауға байланысты жұмыстар жүргізілді.

Осы бағытта жүргізілген тыңдаушылардың өз біліктіліктерін бағалауда томендеғі жадынаманы қолдану өте тиімді деп табылды:

#### *Кесте 12 - Тыңдаушылардың өз біліктіліктерін бағалауда жадынамасы*

Оғанис берген бағам	Өте жогары	Ортадан жогары	Орта	Ортадан томен	Томен
Ұйымдастырушылық қабілетім					
Бесенділігім					
Шеңнім қабылдай білу құзыреттілігім					
Жаңбаша коммуникациялық іскерлігім					
Ауызша коммуникациялық іскерлігім					
Бейнделілшілігім					
Кәсіби құзыреттілігім					
Басқа адамдармен бірлесіп жұмыс жасай алуым					
Энтузиазмым					
Сенімділігім					
Табандылығым					

Сонымен қатар, курс тыңдаушыларына құнделікті рефлексия ретінде қолданған «құнделікті қатынас парагының» да ерекше комегі болды. Құнделікті қатынас парагында төмендегідей сұуалдар қамтылды (косымша С):

- Осы тақырып туралы не білетінмін;
- Осы тақырып бойынша мына жаңалықтарды білдім;
- Алған мәліметтерді мынада пайдаланамын;
- Аталмыш тақырып бойынша тагы қандай мәлімет қажет.

Бұл қатынас парактарының сонында тыңдаушылар өздері рефлексиялық сызбаларды толтырып, ой-пікірлерін түрлі схема, графиктер арқылы білдіріп отырды. Мәселен, Н. Энгельманидің «Озінді білу адамгершілікке жеткізеді» қағидасы бойынша «ОЗИНДІК ҚАБЫЛДАУ» рефлексиясы мынадай тапсырмадан тұрды:

Тапсырма: Этностиқ қарым-қатынасты дамытудың жетістіктері мен кемшіліктері.

Уақыты: 5 минут.

## Жетістіктері

## Кемшіліктері

### Релаксациялық (демалыс сәті) жағдай

- 1- Қатар: үйлесімді этностиқ қарым-қатынастың мәнін көрсететін өлең шумағын жолдаңыз.
- 2- Қатар: сарапшылар: қарым-қатынастың синтоникалық моделінің әмблемасын салыңыз.
- 3- Қатар: аталмыш мәселелеге байланысты ұран даярлаңыз.  
Аталмыш іс-шараларында қарым-қатынасты дамытудың функциясын жүзеге асыру былайша қамтамасыз етілді:
  - оқытушы мен тыңдаушының тығызы психологиялық байланысы;
  - оқытушының тыңдаушымен біліктілікті арттыру процесін бірлескен шығармашылық әрекетіне айналдыруы;
  - оқытудың қолайлы жағдайларын қалыптастыру;
  - Ұжымдық-тәнімдық ізденис пен бірлесіп ойластырудың психологиялық жағдайының пайда болуы.Сонымен бірге, қарым-қатынасқа түсү барысында курстардың тәрбиелік функциясы былайша қамтамасыз етілді:
  - біліктілікті арттыру процесінде білім субъектілері арасындағы психологиялық байланысы негізінде тәрбиелік қарым-қатынас жүйесін орнату;
  - поли этностиқ топтарда оку әрекетін өйдағыдан қамтамасыз ететін қарым-қатынас жүйесін қалыптастыру;
  - жеке адамның тұтастай танымдық бағытталушылығын қалыптастыру;
  - оку әрекеті процесінде (танымдық, жас ерекшелік, эмоциялық, дидактикалық және этностиқ, т.б.) психологиялық кедергілерді жену;
  - тыңдаушылар ұжымындағы өзара қарым-қатынасты ойдағыдан қалыптастыру.

Ал қарым-қатынасты дамыту функциясы былайша жүзеге асырылды:


- оку әрекетінде жеке адамның жан-жакты тұтастай тимуның әлеуметтік-психологиялық негізін орнату;
- жеке адамның дамуының қозғаушы күші ретінде гарнитур қарама-қайшылықтың диалектикалық жүйесін орнату;
- жеке адамның өз ойын жасырмай айтудына және өзінше дамуына (өз бетінше білім алуына және өзін-өзі тәрбиеленуіне) мәннен ететін, әрі мүмкіндік беретін психологиялық жағдай орниту;
- жоғарыда жүргізілген психологиялық анықтау әдміністарына сәйкес, қарым-қатынас процесінде жеке адамның дамуына бегет жасайтын әлеуметтік психологиялық факторларды (бұйығылық, ұялшақтық, сенімсіздік) менгеру.

Курс тыңдаушыларымен көрі байланысты жүзеге асыруда «Анған әсерім» парактартарында мынадай ой-пікірлерді коруге болады:

- негұрлым қолайлы үйлесімі ортак, істің табысты болуын жөнне әр адамның тіршіліктері жан рахатына бөлінуін қамтамасыз етеді;
- А.С. Макаренконың пікірінше, үйрету – білімді қалай болса солай бере салу емес. Бұл аса күрделі адамдық қарым-қатынас;
- аз уақытқа болса да өзің туралы, өз мұқтажың туралы ойлаганды қоя тұрып, басқалар туралы, соның мұқтажы жайлы ойлаганың жөн;
- сенің басқалар туралы нақты ойың, сенің олармен қарым-қатынасың кате болуы мүмкін екендігі есінде болсын, басқалар туралы білмейтінінді білуге тырыс;
- әрбір ойластырған нәрсең ұнамды, тартымды немесе жүрт таңырқайтындағы болсын, бакылағыштықты және жоғарыда аталған дағыларды қалыптастыруға тырыс;
- ынтымақ - адамдар арасындағы қарым-қатынасты пығайтады, ал көліспеушілік оны шиеленістіре түседі, кейде адамдарды бір-біріне дүшпан етеді;
- педагогтар мен оқушылардың бойындағы жағымсыз мінез-құлық ерекшеліктерін үйлесімсіздікті туыннатудың

баспалдағы деуге болады. Мәселен, қазымырлық, менмендік, тәкәппарлық, ерекше тұйықтық, бейімпаздылық т.б.


Сонымен кері байланыс парактарында көрсетілгендей, аталмыш дамытушы бағдарлама негізінде ұйымдастырылған біліктілікті арттыру курстарының маңыздылығы бар. Оның дәлелі ретінде курс соңында тыңдаушылардан алынатын «Курсты аяқтау сауалнамасының» нәтижелерін төменде график ретінде ұсынып отырмыз (сурет -30):



*Сурет 30 - Курсты аяқтау сауалнамаларының қорытынды нәтижелері бойынша көрсеткіші*

Және де зерттеу тақырыбына байланысты авторлық біліктілікті арттыру курсы тыңдаушыларының сұраныстарына сәйкес келу мақсатында бірнеше психо-диагностикалық анықтау жұмыстары жүргізілді:

- тыңдаушылардың сапалық құрамы (сурет -31);
- курстың ұйымдастырылуына қанағаттану деңгейлерін анықтау;
- институт оқытушыларының берген ақпараттарына қанағаттану деңгейлерін анықтау және т.б.



*Сурет 31 - Тәжірибелік топтың тыңдаушыларының сапалық құрамы*

Соңғы кездері гылымының дамуы - көптеген жаңашыл биыктарды ұсынумен ерекшеленеді. Сол жаңа бағыттардың бірі бағалау-бакылау, анықтау жұмыстарында тест-фреймдерді пайдалануды енгізу. Тест-фреймдерді пайдалану арқылы тыңдаушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамытудың маңызы зор. Осы уақытта дейін ресейлік ғалымдар жұмыстың бұл түрін ЖОО-да студенттерге пайдаланып, оң нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізіп келген. Бақылау қуралы бола отырып, сонымен қатар:

- ақыл-ой қабілеттерін;
- коммуникативті-когнитивтік қабілеттерін;
- интегративті-коммуникативтік іскерлік пен дағдыларын дамытуды жүзеге асырады.

Фреймдер мазмұны жағынан «ассоциативтік байланыстар» және «семантикалық жазбалар» әдістемелеріне ұқсас келеді. Соган байланысты тест-фреймдерді сәйкестей отырып, ара-нас этнос өкілдерінен қуалған топтың тыңдаушыларының қарым-қатынас ерекшеліктерінің өзгеру динамикасын бақылауда пайдаландық. Біліктілікті арттыру курстарында тест-фреймдерді қарым-қатынас бірліктерін пайдалана отырып, жағдаяттар формасында құруға болады. Мұндай тесттерді қолдану барысында томендеғі көрсеткіштерді ұстану қажет:

- қызметтік бағытталу көрсеткіші – кәсіби қарым-қатынас жағдайында тек ақыл-ой түрғысында гана емес, сонымен

қатар аналитикалық, проективтік, ойындық сипаттагы жағдайларды да жасау;

- мәселелік бағытталу көрсеткіші – мәселелерді шеше білу күзыреттілігімен қатар, тыңдаушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыттын жағдаяттарды моделдеу;

- мазмұндылық көрсеткіші – жағдаяттардың өмірлік тәжірибеге сай және белгілі бір мәселелерді шешуде пайдаланы болуын ескере отырып, жасау.

Тәжірибелік жұмыс барысында кәсіби әрекетке байланысты тест фреймдердің бірнеше бағыты құрастырылды:

1. Әзіл негізінде жасалған, бірақ ұлттық философиялық құндылыктарды пайдалана отырып, тыңдаушылардың әдеп нормаларын сақтауын анықтауга арналған тест-фрейм (қосымша K);

2. Сөйлеудегі сөздердің пайдалану орындылығын менгеру деңгейлерін анықтауга арналған тест-фрейм (қосымша L);

3. Этностик қарым-қатынасқа вербалсыз коммуникациялық сигналдардың тигізетін әсерін анықтауга арналған тест-фрейм (қосымша M).

Тест-фрейм нәтижелерін шығаруда курс тыңдаушылары тәжірибелік және бақылау топтарына бөлінді, ортақ жалпы нәтиже көрсеткіштері мына формула бойынша есептелді:

$$T/F = (T_1+T_2+T_3+\dots+T_n)/S$$

Мұндағы:

$T/F$  – тест-фрейм көрсеткіші;

$T_n$  – топ мүшелерінің жеке нәтиже көрсеткіштері;


$S$  – топ мүшелерінің жалпы саны.

Атамыш тесттердің негізгі сипаттамаларын келесі беттегі кестеден көруге болады:

*Kесте 13 – Тест-фреймдердің негізгі сипаттамалары*

Тест-фреймнің типі	Максаты	Орындалу көрсеткіші	Қалыптастыру көзделінген коммуникативтік дагдылар
Топтың тыңдаушыларының архитектуралдағы сипаттау ережелерін тест-фрейм	Курска катысушылардың адеп сақтау нормаларын дамыту, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту	Топтың тыңдаушыларының құрамына карай ұлттық философиялық құндылықтарды өзара байланыстыру, берілген соң тіркестерінің ассоциативтік ұқсастықтарын табу	Ақпарат алмасу, тіл табыса білу, пікір алмасу білу, әр этностың ортақ мәдени ережелерін пайдалана алу
Сөйлеудегі сөздердің нормаларын сипаттауға арналған тест-фрейм	Мәтіндең акппараттық-коммуникативті бағытты айқындау отырып, коммуникация ережелеріне сәйкес трансформациялау, сөздердің пайдаланылу орындылығын сақтай білуді дамыту	Қарым-қатынас әрекетін түрлі сөйлеу мәдениеті нормаларына сай үйымдастыра білу іскерлік-дагдыларын игерту	Субъект – субъект қатынасы ережелеріне сай коммуникация құралдарын менгеру
Етностик қарым-қатынасқа вербалсыз коммуникациялық сигналдардың негізгі әсерін анықтауга арналған тест-фрейм	Тыңдаушылардың ұлттық ерекшеліктеріне байланысты өзіндік спецификалық вербалсыз қатынас сигналдарын өзара дұрыс түсіне, қабылдай білуге дагдышаныру	Вербалды және вербалсыз қарым-қатынас құралдарын өзара сәйкестікте пайдалану, респонденттердің бірін-бірі түсіну қабілеттерін дамыту	Вербалсыз коммуникация құралдарын менгеру

Сонымен қатар, олардың нәтиже көрсеткіштері бойынша томендердегі салыстырмалы график жасалды:



*Сурет 32 - Тест-фреймдерді қолдану арқылы тыңдаушылардың үлтаратық коммуникативтік сапаларының қалыптасу динамикасының салыстырмалы нәтижесі көрсеткіштері*

Тәжірибеден алғынған сапалық және статистикалық нәтижелер тыңдаушылардың қарым-қатынас іскерлік, дағдыларын дамытуда және коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда тест-фреймдердің едәуір пайдалы екенін көрсетеді.

Атамыш тест-фреймдерді колданбас бұрын ғалым Р.С. Немовтың «зерттеу жұмыстарындағы психолого-педагогикалық анықтау шынайы болуы үшін, сенуге болатын нақты нәтижелер алу мен олардың көмегімен дұрыс тәжірибелік корытындылар шыгаруға тиімді болуы үшін, психодиагностикалық әдістемелер ғылыми негізделуі тиіс» және сонымен катарап, профессор С.М. Джакуповтың «оку процесін ұйымдастыру жағдайында тұлғаның этникалық әлемін ескеру өзекті болып отыр, өйткені ол оның басқа да қасиеттерімен бірге білім алушылардың бірлескен танымдық әрекеттің дамуына және қалыптасуына әсер етеді. Бірлескен танымдық әрекетте өзара әрекетке түсуші және білім алушы тұлғалардың этникалық ерекшеліктерінің көрініс

беруі жалпы ақпарат қорының субъективті-мағыналық мазмұнымен сипатталады» деген пікірлерін басшылыққа алдық.

Яғни, ғалымдардың пікірлеріне сәйкес тест-фреймдерді пайдаланудың артықшылығы дұрыс тәжірибелік корытындылар шыгаруда және зерттелушілердің этностиқ ерекшеліктеріне қарал бейімдеуге қолайлылығында болып табылады. Әрі тыңдаушылардың қарым-қатынас, соның ішінде этностиқ қарым-қатынас жасау маңыздылығын арттыруға көмегін тигізеді. Себебі, қарым-қатынас – бұл тек әрекет емес, ол сонымен бірге әр қатынның белсенділігі мен серіктестігінен туындастырылған өзара әрекеттесу. Олай болса, осы жағдайда әр адам өзгелермен өзара әрекеттесу барысында қарым-қатынас іскерліктері мен өмірлік әмбиджерліктердің мәнгереді. Осы тұста коммуникативтік құзыреттілік қалыптастыратын арнайы дамыту бағдарламаларының маңызы зор.

Сонымен, адам – «әлеуметтік қогамның негізгі өкілі». Ол оз өмірінде кәсіптік, туыстық, достық, ғашықтық, әріптестік жөн т.б. қарым-қатынас аумақтарында белсенді әрекет жасауға тырысады. Және де осы аумақтарда қарым-қатынас үйлесімділігіне жетуге үмтүлайды. Соның ішінде үйлесімді қарым-қатынас жисай білу көп жағдайда біліктілікті арттыру жүйесіндегі оқу-тәрбие процесінің тиімділігін қамтамасыз етуге зор ықпал етеді. Тыңдаушылармен өзара әрекетке түсу – бұл талассыз актерлік өнер. Бір дәрістің өзінде үйлесімді қарым-қатынасты ұйымдастыруды шешуге тұра келетін қаншама коммуникациялық айла-әрекеттер, қарама-қайшылықтар, қактығыстар, көкейтесті мәселелер туындауды десенізші. Осылың барлығы қаскагын сәтте ойластырылуы тиіс. Міне, сондықтан біліктілікті шарттыру процесіндегі оқытушы мен тыңдаушылардың өзара әрекет арқылы байланысуы - әрине, жоғары коммуникативтік құзыреттілік болып есептеледі. Сондықтан, атамыш мәселенің маңыздылығын айқындаі отырып, зерттеу жұмысының келесі болімінде тыңдаушылардың қарым-қатынас іскерліктерінің деңгейін дамытушы бағдарламага толық токталып өтеміз.


### 3.2. Педагогтардың этностық қарым-қатынастағы коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға арналған авторлық бағдарламалардың біліктіліктерін арттыру процесіндегі тиімділігі

Әдетте кез келген қарым-қатынас адамға потенциалдық мүмкіндіктер береді. Соларды қолдана білуге оның нәтижесі тікелей байланысты болмак. Біздің жетістікерге жетуміз де, жетпеуіміз де көп жағдайда қарым-қатынас барысында өз нақты және потенциалдық мүмкіндіктерімізді дұрыс не бұрыс пайдалануымызга байланысты болады. Осы ретте, психология ғылымдарының кандидаты, доцент Н.Қ. Тоқсанбаева «қоғамдық әлеуметтік өмір тіршілігінде қарым-қатынас арқылы бірлескен әрсекет белгілі психологиялық маңыздылыққа ие болып отырады» дейді. Олай болса, қарым-қатынас процесінің маңыздылығын арттырып отыру қоғамдық әлеуметтік өмір тіршілігіне жағымды әсерін тигизетіні анық. Ол үшін адамдармен тиімді қарым-қатынаска тұсу шеберлігін менгеру қажет. Осылай байланысты зерттеу жұмысының дамытушы эксперименттің білім субъектілерінің озара педагогикалық әрекеттестігін жетілдіруші үйім, яғни педагогтардың біліктілігін арттыру институтында жүзеге асыруды.

Біліктілікті арттыру өзара әрекеттестік жағдайында жүзеге асатыны белгілі. Педагогикалық өзара әрекеттестік – педагогикалық процесстің катысушыларының танымдық әрекеттерін қалыптастыратын және олардың тұлғалық мәнді сапаларын дамытатын, түрлі өзара ықпал ету әдістерімен алмасу процесі.

Біліктілікті арттыру курсарында мұғалім өзінің күнделікті тәжірибесін өзгертуге бағытталады, жаңа ақпараттар мен педагогикалық тәжірибелермен алмасады. Біліктілікті арттырудың курсары әдетте төмендегі кезеңдерден тұрады (сурет -33):

Дәстүрлі біліктілікті арттыру курсары



Сурет 33 - Қазіргі кездегі дәстүрлі біліктілікті арттыру курсарының құрылымы

Ал қазіргі таңда білім мазмұнын жаңартуға сәйкес педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағытын модернизациялауға байланысты, зерттеу жұмысының дамытушы эксперименттік

бөлімінде біліктілікті арттыру курсаралық кезеңдегі екі сессиялы модельнің іске асрыу көзделді (сурет -34).

Осы тұстағы инновациялық бағыт – курсаралық кезеңдегі «байланыстың үзілү тұсын» - үздіксіз білім жетілдіру іс-шараларымен қамту болды. Яғни, бірін-бірі жалғастырушы және толықтырушы курсар арасындағы мерзімде тыңдаушылармен ИНТЕРНЕТ желісі арқылы үздіксіз байланыста болу; үйге берілген тапсырмаларды орындау бойынша ұсыныстар, кеңестер; ақпараттық сауаттылығын арттыру және т.б. көмектер көрсету үйимдастырылып отырды.



Сурет 34 - Біліктілікті арттыру курсарының екі сессиялы модель

Аталмыш модельде білім беруді жаңғырудың негізгі талаптары толық ескеріледі. Сонымен қатар, осы курсар келесі ұстанымдар негізінде құрылуы тиіс:

a) диалектикалық тұстастану ұстанымы: әр тыңдаушының әнностық, ұлттық мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, «бімәденилік» тұлға қалыптасуына ықпал ету;

b) тарихи-мәдени және динамикалы өзгермелі мәденилік ұстанымы: ұлттық тарих, мәдениет, өнер және салт-дәстүрдің негізге ала отырып, ұлттық және полимәдениетті білім беруді қамтамасыз ету;

c) тұлғаның өзін-өзі өзектендіруі мен полимәдени сәйкестену ұстанымы: қоғам талабы, жергілікті халық және әнностар арасындағы ортақ ерекшеліктердің өзара байланысын шығайту;

d) полимәдени толеранттылық ұстанымы: тұлғаның әнномәдени сәйкестену механизмін айқындайтын этносаралық қатынастардың үйлесімділік құрылымын қалыптастыру.

Білім – адамның сапаларының өзгеруін басқаратын процесс, олай болса жұмысымыздың осы бөлімі педагог мінандардың этникалық ерекшеліктерін ескере отырып, қарым-қатынасқа тусу құзыреттіліктерін дамытуға бағытталады. Осы миссияны жүзеге асрыу мақсатында дамытушылық орта қалыптастыру міндетін қойдық. Біліктілікті арттыру жүйесінде гілдемдердің шығармашылық жағдайындағы өзара әрекеттесетін аймағы екендігі аталау өтіліп, ондай органың төмөнде ғана сипатты көрсетіледі.

Фалым Н.Қ. Тоқсанбаева келесі бір ғылыми мақаласында «дамыта оқытудың жетекші бір ұстанымы – оқушының оку арқыларынан субъектісі деп қарастыру» дейді. Яғни осыған байланысты дамытушы орта, яғни біздің жағдайымызды біліктілікті арттыру жүйесінде «субъект-субъекттілік» ұстанымын басшылыққа аламыз. Ал дамытушылық органдың негізгі аспекттеріне:

- кәсіби және тұлғалық, этнос аралық әрекеттесу;
- кәсіби және тұлғалық есу;
- кәсіби ізденісті ынталандыру;
- кәсіби шебер түрлі этнос өкілдерінің қарым-қатынасқа тусу барысында өзара ынтымактасуы.

Дамытушылық орта жасаудың негізгі қағидалары:

- поли этностық және моно этностық топтардың ұйымшылдығы;

- этностық қарым-қатынастың синтониялық моделін қалыптастыру траекториясын анықтап, педагогтардың этникалық ережеліктеріне және сұраныстарынана негізделуі;

- білім алу үшін поли және моно этностық топтарда жағымды психологиялық ахуалдың болуы;

- ашық пікір алмасулар мен білім алудағы еріктілік пен еркіндік.

Органың өлшемдері:

- білім алушының өзімен, өзге этнос өкілдерімен әрекеттесу кеңістігі;

- қатысушылар, олардың мәдени-құндылық бағдарлары, қызығушылықтары мен мүмкіндіктері, этникалық ерекшеліктері.

Органың позициялары:

- өзгелерге үлгі көрсету;
- басқалармен біртұастықта болуга ұмтылу;
- жағдайды органың ортақ көзкарасына сай бағалау және бақылау;

- өзгенің этностық ерекшеліктерін бағалай білу.

Сонымен бірге қарым-қатынас іскерліктерін эксперименттік тәжірибе арқылы дамыту құрылымын төмөндегідей реттілікте белгіледік:

1. қажеттілік;
2. мотив;
3. әрекет;
4. нәтиже;
5. рефлексия;
6. жаңа қажеттілік.

Жоғарыда атальып еткен авторлардың пайымдарымен келісе отырып және қазіргі біліктілікті арттыру жүйесін модернизациялау шарттарына сүйене отырып және тындаушылардың біліктілігін арттыруға қолайлы дамытушы орта жасау мақсатында біліктілікті арттыру курстарының келесі моделін жасау қолға алынды (сурет -35).

1. Психодиагностикалық модуль. Мақсаты: курс тындаушыларының аталмыш курс бойынша жалпы ақпараттану деңгейлері мен коммуникативтік іскерліктерін анықтау. Бұл кезеңде төмөндегідей диагностикалық шаралар ұйымдастырылды:

- тындаушылар туралы мәліметтер банкін құру;
- тындаушылардың қажеттіліктерін анықтау;
- тақырып бойынша тындаушылардың ақпарат қоры деңгейлерін анықтау.

2. Концептуалды-методологиялық модуль. Мақсаты: курс тындаушыларының тақырып бойынша гылыми-методологиялық білім деңгейлерін жетілдіру. Ұйымдастырылатын шаралар:

- лекциялар;
- семинарлар;
- видео-лекциялар.

3. Тәжірибелік модуль. Мақсаты: тындаушылардың коммуникативтік құзыреттіліктері мен қарым-қатынас іскерліктерін дамыту. Негізгі қамтылған шаралар:

- қарым-қатынас әрекетін дамытушы тренингтер;
- тақырып мазмұнын толықтыратын шеберханалар;
- белсенді ойындар.


4. Мониторингтік модуль. Мақсаты: зерттеудің дамытушы бағдарламасына сәйкес біліктілікті арттыру курсының нағызелілігіне сараптама жүргізу. Мақсатқа орай жүзеге насырылған шаралар:

- шығу сауалнамасы;
- құнделікті-рефлексиялық қатынас парагы (қосымша Н);
- қорытынды тест;
- курсты бағалау сауалнамасы.

Курстың негізгі, яғни концептуалды-методологиялық модулы толықтай курс тақырыбын ашуға бағытталды, ал тәжірибелік модульде тындаушылардың қарым-қатынасқа түсудегі құзыреттіліктерін дамытуға арналған белсенді оқыту технологиялары, соның ішінде қарым-қатынас тренингтері жоспарлашып, ұйымдастырылды. Сонымен катар, тындаушылардың тұлғалық және этникалық ерекшеліктері ескерілген, кәсіби дамуды жүзеге асыруға бағытталған әдістер мен формалар арқылы

ұйымдастырылды. Оларға мына әдістер жатады: шеберханалар, тренингтер, жағдаятқа талдау жасау әдісі, пікірсайыс әдісі, семинарлар мен тәжірибелі жұмыстар, жобалау әдісі т.б. Енді солардың кейбіріне тоқталып өтеміз.

Зерттеу жұмысының тақырыбына байланысты біліктілікті арттыру курсарының оқу-тақырыптық мазмұны төмендегідей құрылымда жүзеге асырылды:



*Curret 35 - Біліктілікті арттыру курсарының модульдік моделі*

Тренингтер – қазіргі таңдағы белсенді оқыту әдістерінің бір түрі болып табылады. Олар өз құрылымы және мағынасына қарай дәстүрлі оқытуға да, психологиялық кеңес беру мен терапияға да қатысты емес. Кей жағдайда оқытудың бұл түрі «экспериенциалды оқыту» (ex`ierenbe, ағылшын тілінен әударғанда - өмірлік тәжірибе) деп те айтылып жүр. Ағылшын шынындары Баркли мен К. Мейплдің пікірлерінше, оқытудың бұл түрінде білім алушы міндетті түрде ақиқатпен түйісуге мүмкіндік алады. Осы ой-пікірдің негізінде келесі анықтама ерікіз түніндайды, яғни әлеуметтік-психологиялық тренинг – білім омірлік тәжірибелі игеру мақсатында белсенді оқыту, тек тоңтық қатынаста адамдардың өзара әрекеттесу нәтижесінде жүзеге асуы тиіс. Педагогикалық әрекетте әлеуметтік-психологиялық тренингтер білім беруші және білім алушы субъектілер арасындағы педагогикалық қарым-қатынасты реттеуге көмегін тигізді. Ал психолог-галым М.П. Оспанбаевың шығармасында белсенді әдістерінің бірі. Басты мақсаты – қарым-қатынас іске жеткілігін дамытуға; сезімталдықты жетілдіруге және мінез-құлықты реттеуге бағытталған.

Психологиялық тренингтердің ерекшеліктері:

- топтық жұмыс ұстанымдарын сақтау: қатысушылар белсенділігі, серіктестік қатынас, басқалардың көзімен өз мінез-құлқына обьективті көзқараспен қарай алу мүмкіндігінің тууы, көрі байланыс;
- топтық жұмыстың белсенді әдістерін қолдану: ойындар және топтық талқылаулар;
- тұрақты топ мүшелерінің болуын қамтамасыз ету;
- топ мүшелерінің өзара қарым-қатынастарына баса пазар аудару;
- кеңістікті қамтамасыз ету (тренинг өтетін орынды дұрыс таңдай білу);
- топ мүшелеріне психологиялық көмек көрсетуге бағытталуы (білім беру процесіне бағытталуы міндетті емес);
- еркін қарым-қатынасқа түсү мүмкіндігін түзүзу: интенсивтілігі, эмоционалдығы, ашықтығы, шынайылығы.

Л.А. Петровская психологиялық тернингтегі қарым-қатынаста келесі ұстанымдардың қажеттілігін ескертеді:

- Эр жағдай туралы нақты әңгіме жүргізу, жалпы ламалыққа және абстрактілікке жол бермеу.
- Ой - пікірлерді жалқы есім тұрғысында айтып үйрену.
- Сөз нақтылығын сактау, дәйекті және дәлелді сойлеу.
- Белсенділік таныту.
- Сенімді қарым-қатынас орнату.
- Құпия сақтай білу: тренинг барысындағы қарым-қатынас мазмұнын сыртқа шығармау.

Қарым - қатынас тренингтерінің тәмендегідей ерекшеліктері бар:

- біріншіден, қатысуышылардың әлеуметтік дамуышынталандырады, өзін-өзі тануға, рефлексиялық деңгейлерін көтеруге мүмкіндік береді;
- екіншіден, конструктивтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады, мінез-құлық моделдерін үйренуге көмегін тигізеді.

Сонымен қатар, осы аталған ерекшеліктермен тұспа-тұс тұлғаның ішкі өзгерістері мен сыртқы өзгерістердің жүруіне әсерін тигізеді. Осы ерекшеліктерге байланысты қарым-қатынас тренингтерінде психологиялық түрлі бағыттағы технологияларды қолдану мүмкіндігі туады. Тұлғааралық қатынастар сипаттамасына қарай отырып, тренингтерді төрт парадигмаға бөледі:

- жаттықтырушы тренингтер;
- үйретуші тренингтер;
- тәрбиелеуші (тәлімгерлік) тренингтер;
- субъектілікті дамытушы тренингтер.

Қарым-қатынас тренингерінде көбіне келесі мақсаттар койылады:

1. Адамдармен тиімді және үйлесімді қарым-қатынас негіздерін құруға арналған тұлғааралық өзара әрекеттесудің механизмдерін, тәсілдерін және психологиялық заңдылықтарын үйрену.

2. Тұлғалық даму процесіне, шығармашылық потенциалдың жүзеге асуына әрекет ету.

3. Қатысуышылардың өзін-өзі сезінуі мен өзін-өзі зерттеу процесін дамыту, эмоционалдық бұзылуардың алдын алу.

4. Топ мүшелерінің психологиялық мәселелерін анықтау және шешімін табуга көмек көрсету.

5. Психологиялық саулықтың алдын алу және субъективті шаралық сезінуін жақсарту.

Қарым-қатынас тренингтеріне негізінде алғашқы мақсат берілген, ал тұлғалық даму тренингтері үшін екінші мақсат берілген келеді. 3-5 мақсаттар психотерапевтік және психопрофилактикалық сипатта болып келеді, сонымен қатар қосымша мақсаттар ретінде қойыла береді.

Қарым-қатынас үдерісінің маңыздылығын түсіндіру, кері байланысқа түсіде акпараттардың түрленуін түсіндіру, тыңдай білу дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Қарым-қатынас әнне тыңдай білу» тренингі жүргізілді.

Тренинг барысы:

1. «Сәлем! Сәлем! Сәлем!» сергіту жаттығуы. Топ мүшелері, арқасымен шенбер жасап тұрады да, жайлап өз-өздерін айналады. Жүргізуші қасындағы қатысуышыға өзі бүтін естігісі келетін сәлемдесу түрін қасындағы келесі қатысуышыға сыйырмен айтуы тиіс. Тапсырма жүргізушіге қайтып келгенше жиңіласады. Келесі қатысуышылар да өз сәлемдерін араға 2-3 адам салып жіберіп отырады. Жаттығуды музика әуенімен жүргізген дүрыс болады.

Жаттығуды талқылау:

- Өз сәлемдеменізді қайтып алғанда қандай күйде болдыңыз?

- Жіберген сәлемдеменіз сол күйінде қайтты ма?

- Олардың өзгеріске ұшырауына қандай әсер болды деп обілайсыз?

- Ақпарат өзгеріске ұшырамай қайтуы үшін не әрекет жасауға болады?

2. «Бұзық телефон» жаттығу. Жаттығуға қатысуышылардың біреуінен басқасының бәрі бөлмеден шығуы тиіс. Қалған жалғыз қатысуышыға жүргізуші бір акпарат береді. сол акпаратты келесі қатысуышыны шақырып айтуы тиіс. Жаттығу барлық қатысуши акпаратты естігенге дейін жалғасады.

Үлгі: «Біздің мектепке жаңа компьютерлер сатып алышында Бір айдан соң қазір кітапхана тұрған бөлмемде компьютер кілемші орнатады. Ал кітапхананы бірінші қабаттағы басқа болмеге ауыстырады. Кешкін компьютерлерде түрлі ойындар ойнауды болады. Ол үшін мектеп учаскесінде көгалдандыру жұмыстары на қатысу қажет».

Талқылау:

- Ақпаратты бір қатысушы екіншісіне бергенде неліктен өзгеріске ұшырады деп ойлайсыздар?

- Ақпараттың қай бөлігі өзгеріске ұшырады және неліктен?


- Қанша адамнан өткен ақпарат көздеріне сене беруге болады ма?

3. «Қарым-қатынас психологиясы» ақпараттық блок. Қатысушыларға қарым-қатынас психологиясы туралы 15-20 минуттық ақпарат берілуі керек.

4. «Нұсқау бойынша сурет салу» жаттығу.

Қатысушылар бір-біріне арқасымен екі-екіден бөлініп отырады. Әрбір жұптан бір қатысушыға суретбейнеленген карточкалар беріледі. Қатысушы сол карточкадағы суретті нұсқау бере отырып, екінші қатысушыға бейнелетуі тиіс. Алғашында сурет салып отырган қатысушы нұсқаушыға ешқандай сұрақ қоймауы тиіс. Кейінгі айналымда сұрақ қоюларына болады.

Сурет үлгілері:



Талқылау:

- берілген ақпаратты дұрыс түсіндіре алу үшін қандай көрсеткіштер қажет?

- қарым-қатынаста дұрыс түсіндіре алушың маңызы бар

5. «Сіз тыңдай білесіз бе?» сауалнама /қосымша №/.

6. «Әр түрлі қымыл жағдайларында тыңдай білу» жаттығу.

Қатысушылар жұпқа болінеді. Әр жұптагы бір қатысушы айналуши, ал екіншісі – тыңдаушы болады. Қатысушылар бір-біріне қарама-карсы отырып, жүргізуші бұйрық бергенде айналуши өткізу мүмкін болады (не айтқысы келсе, соны айта беруге болады). 1 минуттан соң сөйлеушілерге «тұру» туралы бұйрық беріледі, ал тыңдаушылар өз орындарында отыра береді. Тағы 1 минуттан соң екі қатысушы да орындарынан тұрады, бірақ бір-біріне теріс қарап тұрулары тиіс. Бұдан соң екі қатысушы өз ролдерін ауыстырып, жаттығуды кайталайды.

Талқылау:

- Әңгілемені қандай жағдайда жүргізген орынды? Неліктен?

- Неліктен қыл жағдайы өзгеріске ұшырағанда қарым-қатынас тиімділігі өзгереді?

Осы тұста, белсенді талқылау барысында тыңдаушылар бір мақсатты шешуге бағытталған бірлескен әрекетте жұмысады. Ал «бірлескен әрекет психологиялық шындық ретінде тікелей әрекеттің жалпы мақсаты мен жалпы мотивтердің қалыптасу нәтижесіне байланысты мүмкін болады».

Сонымен қатар, өзара вербальді әрекеттесуге дағдыландыру, әлеуметтік бақылағыштықты дамыту мақсатында «Түсіністікке үйренеміз» тренинг жүргізілді.

Тренинг барысы:

1. «Қымылдарды көшіру» сергіту жаттығуы. Қатысушылар шенбер жасап тұрады.

Жүргізуші белгі берген кезде әр қатысушы қыынға соқнайтын қымыл-қозғалыстар жасауы тиіс. 5-10 секундтан соң жүргізуші келесі белгі бергенде, әр қатысушы өзінің сол жағында тұрған қатысушының қымылын жасауы тиіс. Ойын әр қымыл өз авторларына қайтканша жалғасады.

Ойынның психологиялық мәні: катысушылардың белсенділігін арттыру, байқағыштық кабілеттерін дамыту, тоғызмасына қызығушылықтарын арттыру.

Талқылау:

- Жаттығуды орындағанда қандай әсерде болдыңыздар?
- Жаттығу киынға соклады ма?

2. Ақпараттық блок: «Уш мүсін». Тыңдаушыларға ежелі аңыз-әңгіме ұсынылады.

3. «Бип» жаттығу.

Катысушылар бір-біріне өте жақын аралықта шенбер күрүп отырады. Бір қатысушының көзін байлап ортаға жібереді. Ол 2-3 рет айналып, шенбердегі бір қатысушының аяғын отыруы тиіс. Аяқтың иесі «БИП» деген дауыс шығарады. Ал көзі жұмұлы қатысушы дауыс кімдік екенін табуы тиіс. Дұрыс тапқан жағдайда екеуі орындарын ауыстырады, ал дұрыс таппаса, ойын ары қарай жалғасады. Жаттығуды ойынға қатысушылардың қызығушылығы бәсендегенше жүргізуге болады.

Талқылау:

- Дауыс иесін табу оңай болды ма? Неліктен?
- Катысушылардың аяктарынан кім екенін сеінуге бола ма?

4. «Ғажайып қолданыс» жаттығу. Қатысушыларды бірнеше топқа бөліп, оларға қолдарында бар заттарды басқа мақсаттарда қалай қолдануға болатынын анықтау туралы тапсырма беріледі. Эр топқа 10 минут уақыт беріледі. Бір-бірінің айтқандарын қайталауга болмайтынын ескерткен жөн. Идеяны айтқаны үшін – 1 ұпай, ал көрсетіп бергені үшін – 2 ұпай беріледі.

Талқылау:

- Топта ролдер қалай бөлінді?
- Идеяны ұсынуда кім басымдық танытты?
- Бір-бірлерінзіге олдау көрсете алдыңыздар ма?

5. Жүректен жүрекке» ойын–жұмбақ. Қатысушылар шенбер жасап тұрып, бір-біріне ым-ишара (пантомима) арқылы сыйлықтар сыйлайды, ал сыйлықты қабылдаушы оның не екенін табуы тиіс.

Тренинг жұмыстырының корытынды кезеңінде әр түрлі әдеби улар арқылы рефлектикум ұйымдастырылып, жалпы атқылау жұмысы жүргізілуі тиіс.

Бұл жұмысқа кеңінен тоқталып отырғанымыз білім көтөрдікелген педагогтардың алғашқы күннен белсенді әрекет жағдайында қоюдың мысалы болғандығынан және өзара әрекеттестік процесстің тиімді шешууге ықпалы тиетіндігіне байланысты.

Рефлектикумдар және тренингтер жүргізу нәтижелерін көрсеткендегідей, тыңдаушылардың көшілікпен қарым-қатынасқа түсінде байқалатын кедергілер тәмендегідей:

1. әңгімені қалай бастауды білмеушілік;
2. толық ұғынықты, әрі түсінікті айтып бере алмаймынан деген қобалжу;
3. қарым-қатынас мақсатындағы еленбейтін өзгерістер;
4. бұрын пайдаланылған қарым-қатынас амалдарын оғеруга қажеттігі жайлы түсінік;
5. жұрт алдында сойлеуге дагдыланбағандықтан;
6. бұрын табиги болып келген дene қимылдының, қозғалыстың, жалпы мінезд-құлқының ерсілеу сияқты болып сезілуі;
7. қарым-қатынастың өзгерген формадағы, мәнерлі атқару компоненттерін қажет етуі;
8. өзінді дұрыс түсінуі үшін жоспарланған хабардың түрлім сол қалпында жеткізуге талпынушылық;
9. тыңдаушыны қызықтыруға тырысу.

Жоғарыда атаптап кедергілерді педагогтар басшылыққа отырып, қарапайым қарым-қатынас іскерліктерін барынша жаттықтыра түсінік қажет. Тек қана осындай кәсіптік – педагогикалық қарым-қатынаста, оған қоса өз кәсібін шынайы жақсы коре білгенде ғана біліктілікті арттыру процесінің бүкіл мәні айқындала түстептің анық. Сонымен қатар, полиэтностиқ топтардаты қарым-қатынастарды нәтижелі қалыптастыруда арнайы тәжірибелік нұсқаулар қажеттігін пайымдай отырып, зерттеу жұмысымыздың келесі тарауында толық тоқталып оттік.

### 3.3. Полиэтностиқ топтардағы қарым-қатынастардың нәтижелі қалыптастыруға бағытталған ұсныстыр мен ережелер

Ұлт саясатындағы маңызды мәселенің бірі – азаматтық тұлық пен ұлтаралық көлісімді қамтамасыз ету. Елімізде жүргізіліп жатқан саясат – көп ұлтты халқымызды өзара жақындастыру, олардың қарым-қатынастарын нығайту.


Нәтижелі этносаралық қарым-қатынасқа тән критерийлер дің бірі – біліктілікті арттыруға келген тыңдаушылардың тобында қолайлы психологиялық ахуал туғызу, жеке тұлғалар арасында айқын және үйлесімді қарым-қатынастарды қалыптастыру. Оқу топтарындағы түрлі ұлт өкілдерінен құралған топ мүшелері арасындағы қарым-қатынастар шын мәнінде оқытушының ықпалымен мақсатты түрде қалыптасуы тиіс. Мұндай жағдайда белгілі бір жоғары деңгейдегі қарым-қатынастардың негізі ұжымның өзін-өзі дамытуы болып табылады. Бірақ бастапқы кезеңдерде топ мүшелері арасында жоғары деңгейдегі қарым-қатынастарды қалыптастыруда топ жетекшісі басты рол атқарады.

Біз қарастырып отырған қарым-қатынас – белгілі бір байланыс орнату мақсатындағы жүзеге асырылатын өзара көзқарас алмасу мақсатындағы полимедениетті тұлғааралық іс-әрекет. Қарым-қатынас барысында басқа адамның қажеттілігі жүзеге асырылып, адамдар практикалық және теориялық қызметтің алудан түрін ұйымдастырып, ақпарат алмасады, белгілі бір мақсатқа сай іс-әрекеттер бағдарламасын жасап, біріне-бірі өзара ықпал етеді. Қарым-қатынас процесінің барысында түрлі мәдениет өкілдері арасындағы байланыстар қалыптасады. Қарым-қатынас мәссесесінің зор әдіснамалық маңызы бар. Жеке тұлғалар ғана емес, тұтас полиэтническі топтар да қарым-қатынасқа түседі, соның нәтижесінде адам көптеген қарым-қатынастардың субъектісі болып табылады. Кейбір жағдайларда түрлі этнос өкілдерінің бір-бірімен қарым-қатынасы барысында қурделі психологиялық, адамгершілік, мәдени және идеялық дәлелдерден, көңіл-күй мен сезімдерден құралатын қарым-қатынастың мағыналық ерекшеліктерін түсінбеуішлік болуы

мүмкін. Бұған, сонымен қатар, қарым-қатынастың мазмұны мен оның алеуметтік-психологиялық формасын біршама деңгейде айқындастырып материалдық-экономикалық шарттардың қурделі аныптаңысін де қосу керек.

Ұлтаралық қарым-қатынас – бұл түрлі ұлттар (этническі топтар) арасындағы өзара әрекеттесу. Әрбір ұлттың өз тарихи мәнінде отырып, әрбір ұлттың, халықтың өзінің тарихи әмбаптың тасқан дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, салт-сана жүйелері туралы білімнің болуы тиіс.

Біліктілікті арттыру курстарының диагностикалық мотивінде полиэтностиқ топтарда бірқатар этностиқ қарым-қатынас және оның ерекшеліктеріне байланысты әңықтау үсүмystары жүргізілді. Соның ішінде «Қандай ұлттық құрамды үжымда қызмет атқарғыныз келеді?» деген сұраққа курс тыңдаушыларының 72 пайызы – ұжымның ұлттық құрамы еш мәнінде емес деп жауап берсе, 15 %-ы – аралас ұлттық құрамы үжымда деп жауап берді. Ал 8 пайызы – бір ұлттық құрамды үжымда іс қағаздарын жүргізу оңайға түсетіндігін алға тартты, тыңдаушылардың 5 %-ы – жауап беруге қиналды. Демек, полиэтностиқ топтыңдаушылары өзара қарым-қатынасқа түсі барысында бір-біріне түсінушілікпен, сыйластықпен қарайды. Және де ұлтаралық конфликтік жағдайлардың туындауына негіз жоқ деп түйіндеуге болады. Үлес арасалмағын келесі беттегі суреттен көруге болады.



4- ұжымның ұлттық құрамы еш мәнінде емес; 3 - аралас ұлттық құрамды таңдағандар; 2 – бір ғана ұлттық құрамды үжымды таңдағандар; 1 - жауап беруге қиналғандар

*Сурет 36 - «Қандай ұлттық құрамды ұжымда қызмет атқарғынан келеді?» деген сұрақта курс тыңдаушыларының берген жауаптарының корсеткіші*

Сонымен қатар, моноэтностиқ топтарда да жоғарыда көрсетілген курс модулінде диагностикалық жұмыстар жүргізілді Соның ішінде «Топта қандай ұлт өкілдерінің болғанын қалайсыз?» деген сауалдың нәтижелері бойынша 48 пайыз тыңдаушылар тек «қазақтардың» болғанын көрсетсе, 36 %-ы «бәрі бір» деген жауап берді, ал қалған 16 пайызы «тіл кедергісі болmasа көп ұлтты топта әлдеқайда қызық» деген жауаптар берді.

Осыған сәйкес респонденттерге келесі «Қандай ұлт өкілдері бір-бірімен ұқсас келеді?» деген сұрақ берілді. Нәтижесі бойынша мынадай жауаптар алынды:

- тіл ұқсастығына байланысты: қазақтар және қырғыздар, үйгырлар мен өзбектер;
- салт-дәстүрлеріне карай: орыстар мен кәрістер, дүңгендер мен үйгырлар, қазактар және қырғыздар.

Осы және басқа да анықтау жұмыстарының нәтижелеріне карай отырып, полиэтностиқ топтарда бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру шыдамдылық пен өте сезімталдықты және жоғары біліктілікті кажет ететіндігі туралы тұжырым жасалды. Соған байланысты полиэтностиқ топтардағы қарым-қатынастарды нәтижелі қалыптастыруға бағытталған тәжірибелі нұсқаулар жүйесін жасалынды.

Түрлі этнос өкілдері арасындағы қарым-қатынастардың деңгейлері мен динамикалық көрсеткіштерін айқындау үшін және олардың аракашықтығын тандауда қарым-қатынас жасаушылардың әлеуметтік беделіне, жынысына, жас мөлшеріне мән беріп, әріптестердің қарым-қатынас сипатын айқындаپ, кеңістіктік қатынастардың 4 түрлі категориясын бөліп корсетуге болады:

I. Жақын қатынас аумағы (0,5 метрден жақын қашықтық). Бұл аралықта, әдетте, туыстар және жақын достар араласады. Жақын адамдардан басқа, бұл аумаққа күзетші, медбикелер, аспазшы және тікелей тығыз байланысты қажет ететін мамандық иелері жатады. Араласу барысында біреудің осы аумаққа енүіне мүмкіндік беру арқылы сіз оны дос тұтқыңыз келетінін

шарттаса, Біз зерттеу жұмысының барысында бақылау әдісін қолдана отырып, жақын қатынас аумагында қазақ, орыс, кәріс үшін өкілдері көбірек араласатынын анықтадық. Ал өзбек, ұйғыр, үшін этиносының өкілдері өздерін қарым-қатынаска түсүші субъектіден алшак ұстайтындығы байқалды. Бұл жерден шығатын тұжырым, екінші топтағы этнос өкілдері өздерінің тарихи-мәдени құндылықтарын алғашқы топтағы ұлт өкілдеріне көриганды әлдеқайда катаң ұстайтындығында болуы мүмкін.

II. Жеке қатынас аумағы (0,5 метрден 1,5 метрге дейін). Бұл аумақтың шекарасы түрлі мәдениеттерде әр түрлі. Әдетте, үндай аумақта бірін-бірі өте жақсы танитын адамдар араласады. Бұл қашықтық оларға бір-бірімен қол алысуга, иығынан сатуға мүмкіндік береді. Көптеген адамдар бұл аумақты өзінің жеке кеңістігі деп санайды және бөгде жандарды оған кіргізуғе шарт танытпайды. Аталмыш қатынас аумагында этностиқ ерекшеліктерге байланысты бөлінулер байқалған жок.

III. Қалыпта сай (формальды) қатынас аумағы (1,5 метрден 3 метрге дейін). Мұндай арақашықтықта әдетте қызметтік, сонымен қатар кездейсөк, елеусіз әңгімелер өтеді. Мұндай арақашықтық қалыпта сай пікірлесу немесе қызметтік көлісіздерге көбірек сәйкес келеді. Тәжірибе қатыскан этнос өкілдерінің бәрінде де қалыпта сай (формальды) қатынас аумагында араласу көрініс береді.

IV. Бұқаралық қатынас аумағы (3 метрден қашық). Оқытушы мен тыңдаушы арасындағы қатынас аумағы. Мұндай кезде сырлас жағдайдағы әрекеттер мен әңгімелер артық, әрі ыңғайсыз болады. Тәжірибе барысында мұндай қашықтық пайдапынанылған жок. Себебі, қарым-қатынас процесінің тиімділігіне көрі әсерін тигизді деп есептелді.

Жоғарыда көрсетілген қарым-қатынастың қолайлы арақашықтығының бұзылуы полиэтности топ мүшелері үшін жағымсыз болып табылады, олар арақашықтықты өзгертуге тырысады. Осы арқылы адам әр түрлі қарым-қатынас жағдайларында өз кеңістігін өзгертіп, обьективті және субъективті өзгерістерге сәйкес өзіне ыңғайлы арақашықтық орнатуға бейімделеді.

Көптеген адамдар өзге этнос өкілдерімен қатынас жасау кезінде олардың мәдени құндылықтарына қарағанда өз этно-

сының мәдени құндылық өлшемдерін ғана үлгі ретінде баға лайды. Мұндай өлшем арқылы қабылдау – этноцентризм деп аталады. Демек, этноцентризм - өз этносының мәдениеті оған берден жоғары деген көзқараста болу. Этноцентризм мәселесін зерттеу нәтижелері бойынша көбіне төмендегідей сипаттамалар беріледі:

- біріншіден, тек өз этносында болып жатқаның бар шынайы және дұрыс, ал өзге мәдениет өкілдерінде көрінше дұрыс емес деп тұжырымдау;
- екіншіден, өз салт-дәстүрлерін әмбебап ретінде қабылдау, демек, ол өзгелерге де жарайды деп ойлау;
- үшіншіден, өз этносының ережелері мен құндылықтарын ғана дұрыс деп қабылдау;
- төртіншіден, тек өз этносының өкіліне ғана жан-жақты көмек беру жеткілікті деп пайымдау;
- бесіншіден, басқа этнос өкілін жек көру және т.б.

Эрине, жоғарыда аталған сипаттамалар полиэтностиң топтардағы психологиялық ахуалға кері әсерін тигізетіні анық. Сондықтан, осы мәселенің алдын алуда полиэтногстық топтарда қарым-қатынасты жағымды үйымдастырудың кезендерін басшылыққа алу қажет.

I. Қарым-қатынастың бірінші кезеңі – қарым-қатынасты үлгілеу деп аталады. Бұл кезең жоспарланған іс-әрекеттің мазмұнымен және әдістемелік компоненттерімен тығыз байланысты болады. Әрбір топта қарым-қатынас процесінің өзгешелігі болады, демек, сол топтағы дәрістің етілуйне де қарым-қатынас әсер етеді. Дәріске дайындалудың белгілі үлгісі келесідей: бағдарламамен танысу, материалды сұрыптау, біліктілікті арттыру тәсілдерін белгілеу, бұған қоса алдағы уақыттағы қарым-қатынасты қалыптастыруды болжаяу.

II. Топпен бастапқы байланыс жасау кезеңі – тікелей қарым-қатынасты үйымдастыру деп аталады. Тәжірибеде және жүргізілген зерттеулерде қарым-қатынастың бұл кезеңінің ерекше маңызды екендігі аңғарылады. Бұл кезеңді «коммуникативті шабуыл» деп те айтуда болады.

Біліктілікті арттыру курстарында тыңдаушылардың өзара қарым-қатынас жасауын үйимдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Зерттелін отырған мәселелерге байланысты теориялық ойдаулар барысында бірлескен іс-әрекет процесінде оқытушының полимәдениетті топтардағы этносаралық қарым-қатынасты қалыптастыруына төмендегі нұсқаулардың ықпалы тиеді деп аныміз:

- топпен бастапқы байланысты жедел үйымдастыру;
- үйымдастыру шараларынан (амандасу, отырғызу т.б.) нақты іс пен жекелей қарым-қатынаска дереу аудыс;
- топтағы психологиялық бірлікті жедел қолға алу, «біз» деген ортақ сезімді қалыптастыру;
- жекелеген тыңдаушылардың жаттанды және келенсіз қылыктарын болдырмауға тырысу және оны жою;
- топпен тұтастай байланыс жасауды үйымдастыру;
- өзара қарым-қатынастың бастапқы кезеңінде топтыңдаушыларын жұмылдыруға ықпал ететін міндеттер мен мәселелерді қою;
- сыртқы коммуникативтік түрлерді: ұқыптылықты, жинақылықты, белсенділікти, тілектестікти, жарқын жүзділікти т.б. барынша енгізу;
- топтагы әрбір этнос өкіліне деген он көзқарасты, тілектестіктеңдей көрсете білу;
- айқын, тартымды іс-әрекет мақсаттарын қою және оған жету жолдарын көрсету;
- тыңдаушылармен ашық қоңілді жағдайда өзара пікір алысады қалыптастыру.

III. Қарым-қатынасты басқару кезеңі – кәсіби қарым-қатынастың аса маңызды элементі. Мұны ықпал етудің белгілі бір әдіс-тәсілдерін коммуникативтік тұрғыдан қамтамасыз ету ретінде түсіндіруге болады. Мұнда оқытушы шартты түрде психологиялық байланысы бар толып жатқан коммуникативтік міндеттерді шешеді, мәселен, қарым-қатынас арқылы зейін-ділікті менгереді. Бұл негізінен қарым-қатынас алдындағы жағдайдан, яғни қарым-қатынасты болжайдан тікелей әрекеттестікке көшу кезеңі болып табылады. Қазіргі заманғы

әлеуметтік-психологиялық зерттеулер адамның қарым-қатынас жасау барысында әр түрлі қырынан көрінуі мүмкін екенин көрсетеді:

- біріншіден, қарым-қатынастың бастамашысы болуы мүмкін;
- екіншіден, қарым-қатынастың субъектісі;
- үшіншіден, әр түрлі жағдайларда әрекеттестіктің белсенді немесе селкос қатысушысы болуы мүмкін;
- тортіншіден, мәселен, трансактілі анализ тұжырымдамасына сәйкес негізгі үш рөлдің бірін орындауды мүмкін.

Полимәдениетті топ мүшелерінің қарым-қатынас жасауды барысында курс ақпаратын нақтылаудың оны бірлескен іс-әрекет процесінің өзгермелі жағдайына ыңғайлай білудің, тыңдаушылардың дербес ерекшеліктерін ескерудің айрықша маңызы бар. Өлармен қарым-қатынас орнатқан уақытта оның қай үлт өкіл өкендейтімен санаға отырып, соған лайық қарым-қатынас орнатудың мәні ерекше.

IV. Жүзеге асырылған қарым-қатынасты талдау кезеңі. Оқытушы қарым-қатынастың осал жақтарын да айқындаі білуғе, озара әрекет жасаудағы байланысына қаншалықты қанағаттанғандығын талдап, топ тыңдаушыларымен алдағы болатын қарым-қатынас жүйесін жоспарлауды тиіс. Өз жеке басы мен тыңдаушы арасындағы ынтымактастықты өрістетуге үнемі күш салу керек, онсыз қолайлы этносаралық қарым-қатынастың болуы мүмкін емес.

Біз этностиқ қарым-қатынастың құрылымын негізге ала отырып, аталмыш қарым-қатынасты төрт кезеңнен тұратын байланыс ретінде қарастырамыз:

- 1) өзге мәдениет өкілімен қарым-қатынаска ұмтылу және бейімделу;
- 2) жеке тұлғаның әрекет ету жағдайын нақтылау, өзге этнос өкілінің психикалық бейнесі;
- 3) әрекет – ) өзге мәдениет өкіліне ақпарат беру және одан ақпарат алу;
- 4) өзге этностиқ топ мүшесімен байланысты тоқтату.

Ал этностиқ қарым-қатынастың мәніне біз оның қызметері, түрлері, қырлары, формалары мен кедергілерін жатқыздық.

Көптеген зерттеулердің көрсетуінше, жогары мектеп оқытушыларының көпшілігі тыңдау дағдысын менгеруді баса пайдалауда алуда тиіс.

Тыңдау – адамдар арасында байланыс орнататын, өзара түсіністік сезімін тудыртатын, кез келген байланысты әсерлі еттін үдеріс. Оның үш түрі бар: белсенді, пассивті, импутикалық.

Белсенді тыңдау – акпаратты жан-жақты қамтып көрсетеді тыңдау түрі. Бұған анықтау, нақтылау сұрақтарын қою арқылы әңгімелесушіге керек акпаратты үнемі айқындаپ отыру мүмкіндігі. Белсенді тыңдаудың нәтижелі әдістері - жаңғырық техникасы; түйіндеу; мазмұндау; идеяны дамыту.

Жаңғырық техникасының мәні сұхбаттасуышының бір немесе бірнеше сезін өз сезімін басқаша өзгертіп айтуда. Мәселен, «Мениң Сізді түсінгенімдей...», «Сіздің пікіріңізше...», «Басқа сөзбен, Сіздің ойыңызша...». «Жаңғырық техникасының» басты мәссағаты – акпаратты нақтылау. Өзгертіп айтуда хабар беру салтінің анағұрлым маңызды тұсын таңдаған жөн, бірақ реплика кезінде «өз жаңынан» сөз қосып, айтылғанға түсінік берудің күкіті жоқ. Жаңғырық техникасы сұхбаттасуышыға сіздің оны қалай түсінгендігінде білдіруге және сізге оның анағұрлым маңызды тұстарын білу мақсатында әңгімеге тартуға мүмкіндік тудырады.

Түйіндеу (резюмирование). Бұл техника сұхбаттасуышының сезін қысқартылған күйінде қайта жаңғыртуды, ең бастысы қысқаша тұжырымдау, нәтижені корытындылау дегенді билдіреді.

Мазмұндаудың көбінесе талқылау, арыз-шағымды қараша, белгілі бір мәселені шешу кезінде көп көмегі бар. Мазмұндау іске қатысы жоқ бос сөздерге уақыт шығындармай, әңгімекүмар сұхбаттасуышымен әңгімені ұтымды әрі өкпесіз аяқтау тәсілі.

Идеяны дамыту. Бұл техниканың жогарыда келтірілгендерден өзгешелігі сұхбаттасуышының айтқандарын тек басқаша өзгертіп айтуда не мазмұндарап қана қоймай, одан логикалық салдарды анықтауда әрекет жасап, белгілі болған ақпараттың

себептері туралы болжамдар жасауда болып табылады. Бұл техника айтылған ойды нақтылауга, әңгімелесуде алға бастауга, тікелей сұрақ қоймай мәлімет алуға мүмкіндіктер туғызады. Бірақ шешім қабылдауда асығыстық жасамау және үзілді-кесілді тұжырымдар айтпай, жұмсақ қалыптен сөйлесу қажет.

Сұхбаттасуышы өзін қызба қүйде танытқан немесе өзінін басымдығын көрсету сияқты шиеленісті ситуацияда белсенді тыңдаудың орны ерекше. Бұл әрітесіне дөрекі сөйлем тастағысы келген, басталған шиеленісті одан ары өршіте түскін келген жағдайда сабыр сақтап, байыпқа келу үшін қолдануга болатын ең жақсы тәсіл. Белсенді тыңдауды қолданудагы адамдардың әдеттегі қателігі ережелерге көзсіз сүйенулері болып табылады. Мұндай жағдайда адам «қоюы керек» сұрагын қояды: «Мен Сізді дұрыс түсіндім бе екен...», бірақ жауапты естіп алмай, оз көзкарасын куәландыратын дәйектерді дамыта келе, серіктесінің көзкарасын елемейтін сыңай көрсетеді. Осыдан кейін мұндай адам белсенді тыңдау техникасының жарамсыздығына өзі де танданады. Белсенді тыңдау кез келген жағдайларда, ренжігенде, өкпелегенде, сәтсіздікке ұшырағанда, ауырсынғанда, қысылғанда, қорықканда және т.б. жағдайларда қолданылуы мүмкін. Мұндай кезде онын ауыртпалығын сезінетініңізді білдіру аса маңызды. Кейде катты эмоционалдық қозу үстіндегі адамдарды тыңдауға тұра келетін жағдайлар кездеседі. Бұл кезде белсенді тыңдау тәсілдері жүзеге аса бермейді. Мұндай көңіл-күйдегі оқытушылар өзінің эмоцияларын қадағалап, әңгіменің мазмұнын бағдарлай алмайды. Оған алдымен тынышталып, өз-өзіне есеп бере алатын күйге жету қажет, содан кейін барып онымен қарым-қатынас жасауга болады. Осындай жағдайда пассивті тыңдау тәсілін тиімді қолдануга болады.

Пассивті тыңдау – бұл сұхбаттасуышыға оның жалғыз емес екендігін, оны тыңдайтын, түсінетін және оған қол ұшын беруге даяр жандардың бар екендігін білдіру тәсілі. Мұндай жағдайда «мақұлдау реакциялары», яғни, «иә-иә», «әрине», бас изеу секілді тәсілдер тиімді қолданылады. Эмоционалды көңіл-күй маятник сияқты: эмоционалды сезім шырқау шегіне жеткен соң, адам тыныштала бастайды, одан соң оның сезімдері қайта

түшійіп, жоғарғы нүктеге жетіп, қайта түседі. Егер бұл үдеріске ариласпаса, яғни, маятникті қосымша «тербетпесе», көкейін-чегін ақтарып салып, адам тынышталған соң барып, онымен шыныбы мен шыныбы деңгейде тіл табысуға болады. Тыңдаудың бұл түрінде шыныбы – үнсіз отырмау, ейткені үнсіздік қалып таныту кез келген адамда ашу тудырады, ал қызба қүйдегі адамды бұл мұндағы ашу тудырады; анықтау сұраптарын қоймау керек, әйткені ол тек жауапты қарсылықты тудыруы мүмкін; сұхбаттасуышыға: «Сабыр қылыныз, уайымдаманыз, бәрі де өз шешімін табады» деп айтудың қажеті жоқ, ол мұндағы сөздерді тиісінше қабылдай алмайды, бұл оның ызасына тиеді, оған өзінің маселесін тиісті деңгейде бағаламайтын, оны түсінбейтін болып корінеді. Кейде мұндағы жағдайда өз серіктесінің қүйіне икемделу тәсілі де тиімді әсер етеді, яғни, оның сезін, көңіл-күйін, қимылын, т.б. қайталау секілді, оның сезіміне ортақтастық таныту керек. Бірақ мұны шын ықыласпен жасау керек, әйтпесе іс-қимылын қайталау оның сезімін қорлау ретінде бағалануы мүмкін.

Эмпатикалық тыңдау ережелері:

- Тыңдай білуғе бейімделу.
- Сұхбаттасын шынайы сезіне білу.
- Ойлануға мүмкіндік беріп отыру.
- Сын-ескертпелер оның тарапынан тек қарсылық тудыратынын ескеру.

- Сұхбаттасуышыны одағай сөздермен, «иә-иә», «әрине» секілді қыска сөздермен, бас изеу мен оның соңғы сөздерін қайталау арқылы мақұлдаپ отыру.

- Серіктесіңдің айтқан ой-пікірлерін талқыға салмау.

Эмпатикалық тыңдау оқытушының тыңдаушыны дұрыс түсінуіне, қалыптасқан бағалау дағдысын бейтараптандыруга комекtesеді. Көптеген оқытушылардың айттылған мәліметті тыңдау емес, адамды бағалау мақсатында тыңдау дағдысы көп жағдайда коммуникативтік кедергілердің тыңдауына себепші болады. Оған диалогтық қарым-қатынастағы кедергілер жатады (көте түсінік, сенімсіздік, әзілдесе білу шеберлігі мен әлеуметтік қатынас дағдыларының болмауы).

Көбіне акпаратты жеткізу үшін вербалды қарым-қатынастардың түрі қолданылса, вербалды емес түрі этносаралық қарым-қатынастарды талқылау үшін, сөзім күйлерін білдіру үшін, ал кейбір жағдайларда сөз арқылы хабар жеткізу дін орынына қолданылатыны белгілі. В.А. Лабунскаяның сибенгінде вербалды емес қарым-қатынастың атқаратын қызметі туралы мәселе жаңа жақты қарастырылады. Автор вербалды емес қарым-қатынастардың түрінің тұлғааралық қатынастар түргышынан көп функционалдың екенін және оның бірқатар маңызды қызметтерін атап көрсетеді. Біз айтылған ойларды тұжырымдай келе вербалды қарым-қатынастың полигностық топтарда атқаратын қызметтерін анықтадық:

1. Қарым-қатынас бойынша әріптесінің бейнесін сипаттайды;
2. Қарым-қатынастың кеңістіктік-мерзімдік көрсеткіштерін реттеу тәсілі ретінде қолданылады;
3. Статустық-рөлдік-этностиқ қарым-қатынастардың көрсеткіші ретінде қолданылады;
4. Тұлғаның этнопсихикалық жағдайларының индикаторы болып табылады;
5. Сөйлеу арқылы хабар жеткізу дін үнемдеу қызметін атқарады;
6. Сөз арқылы жеткізілген мәліметті нақтылау, өзгерту рөлін атқарып, айтылған хабардың эмоционалдық әсерін күшейтеді;
7. Белгілі бір міндеттен женілдеу немесе әсерлену үдерісін реттеу қызметін атқарады;
8. Этностиқ ерекшеліктерін және мәдени-құндылықтарын сипаттайды.

Полимәдениетті топтарда қарым-қатынастың мимикалық жағы аса маңызды болып табылады – кейде сөзбен жеткізгеннен гері адамның бет-әлпетінен көбірек мағлұмат білуғе болады, ал орынды жерде күлімсіреу, өз-өзіне сенімді болу, қарым-қатынасқа бейімділік таныту байланыс орнату барысында елеулі ықпал етуі мүмкін. Мимикалық қимылдардың түрлері сан алушан, Е.А. Петрованың зерттеуінше, олардың саны 20 000-нан асады. Бұлар бірлескен іс-әрекетті басқарушыға өзінің эмоционалдық

гана болады мен белгілі бір топ мүшесіне, оның берген жауабына немесе тәртібіне көзқарасын білдіруге, өзінің қызығушылығының түнгісін немесе неміңдіктың бейнелеуге мүмкіндік береді. Бұл туралы А.С. Макаренко: «Мимика қимылдарын атап ермен, өзінің бет-әлпетіне қажетті кезде тиісті бейне береді. Оның түнгісін немесе озінің қоніл-қүйін қалыпта ұстай алмайтын мимика (грекше mimikos – еліктеу) – психикалық жағдайлардың, алдыңғы кезекте адамның бет бүлшық еттерінің үйлемесінде қимыл-қозғалысы арқылы берілеттің эмоционалдық жағдайлардың сыртқы көрінісі. Ал зерттеуші В.П. Трусов адамның бет-әлпесті вербалды емес байланыс жасаудың арнасы ретінде ең ғасырында және аса күрделі қарым-қатынас тәсілі болып табылады. Оның туралы тұжырым жасаған. Адамның бет көлбеті сөз аркынан жеткізілеттің хабарлардың эмоционалдық және мазмұндық тарының дәл жеткізіп, әріптестердің арасындағы қарым-қатынас тәсілдерін реттеуші қызмет атқарады. Қарым-қатынаска тұсуші әріптестің, сұхбаттастың әңгімелесу барысында бет-жүзінен ғана қалыптаған сезім-күйлерін тиісті деңгейде дұрыс бағалай алмайынша, тиімді қарым-қатынас орнату мүмкін емес екенін көрілі. Бұлай бағалау өзара әрекеттестік барысында қажетті ғана түстүлдер енгізуге болатын көрі байланыс болып табылады.

Этностиқ қарым-қатынасты гуманизациялау мақсатында мимикалықті арттыру курстарының мазмұнын полимәдениеттің мимикалықтармен байыта отырып, бірлескен іс-әрекетті басқаруынан әдіс-тәсілдерін өзгертуді қажет етеді.

Бірнеше этнос өкілдерінен құралған топтардағы өзара толеранттылық мәселесінде полимәдениеттілік құрылымдарын спидрудің маңызы зор. Солардың ішінде:

- 1) тындаушылардың өз ұлтының мәдениетін толық мәдениетте отырып, өзге этностардың мәдениетімен кіріктіру;
- 2) курс тындаушыларын адам құқықтары туралы білімдерін толықтыру және өзге ұлт өкілдеріне деген құрметтерін арттыру;
- 3) Қазақстандағы және дүниежүзіндегі мәдениеттердің таралып алушандығы туралы түсініктерін көңейту;
- 4) адамзат дамуына жағымды әсер етуші ретінде түрлі

мәдениет ерекшеліктеріне деген жағымды көзқарастардан дамыту;

5) түрлі мәдениет өкілдерімен өзара қарым-қатынас жасаудың тиімді біліктері мен дағдыларын арттыру;

6) ұлтаралық қарым-қатынасты ізгілендіру.

Полимәдениетті білімдік кеңістіктің компоненттері: қызылжылдық-мазмұндық; тұлғалық-бағдарлы; операциялық-органдық; жергілікті-кіріктірілген болып бөлінеді. Олар томендеғідей қатынас кешенін сипаттайды:

- өзін-өзі мәдени анықтай және өзін өзгерте алатын тұлғанда бірлескен іс-әрекеттің ең құнды субъекті ретіндегі қатынасы;
- түрлі мәдени ортада өсken тұлғаның өзіндік дамуына көмек бере отырып, оның этностиқ қарым-қатынас мәдениетін дамытушы ретіндегі оқытушы қатынасы;
- жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтардың тұлға негізін құраушы мәдени процесс ретіндегі білім мазмұнның қатынасы;
- ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырушы полимәдениетті білімдік кеңістік ретіндегі оку орнының қатынасы.

Полимәдениетті топтардағы тыңдаушылар арасындағы қарым-қатынасты оңтайландыру үшін бірқатар ережелерді басшылыққа алу қажет:

1. Дәрісханаға сенімді, ширак және сергек қалыптен кіру қажет.

2. Қарым-қатынастың бастапқы кезеңіндегі жалпы көніл күйі өнімді, сергек және сенімді болуы тиіс.

3. Коммуникативтік ахуал: қарым-қатынаска сақадай сай дайындық.

4. Коммуникативтік ынтаны, іс-әрекетке эмоционалдық дайындықты, осы халды тыңдаушыларына жеткізуді белсенді жүзеге асыра білу.

5. Дәріс өткізуге қолайлы эмоционалдық ахуалды қалыптастыру.

6. Дәріс барысында өз көніл күйі мен тыңдаушылармен ғриданы қарым-қатынасты оңтайлы басқару (бірқалыпты эмоционалдық жағдай, әр түрлі жағдайларга қарамастан, өзінің көніл күйін басқара білуге қабілеттілік).

7. Қарым-қатынастың нәтижелілігі.

8. Қарым-қатынасты басқара білу: шашақ шешім кабылдау, икемділік, өзінің қарым-қатынас стилін сезіну, қарым-қатынас пен ықпал ету әдістерінің бірлігін ұйымдастыра білу.

9. Сөйлеу (көрнекті, бейнелі, эмоционалды қанық, жоғары мәдениетті).

10. Мимика (жігерлі, көрнекті, педагогикалық түрғыдан дайындықты).

11. Пантомимика (мәнерлі, мазмұнға сәйкес ишараттар, инсценациялық бейнелілік, ындау ишараттарының эмоционалдық қанықтығы).

12. Қарым-қатынастың қорытынды, жалпы сипаттамасы.  
Полиэтностиқ топтардағы қарым-қатынас тиімділігін дамытуда бірлескен іс-әрекетті басқарушы-fasilitatorдың көмесе оқытушының адами қатынастар психологиясын және мәселелерін менгеру ауқымы да енгізілуі тиіс деп тұжырымайды.

Этика – барша қоғамдық және жеке аумактарда адамның мінез-құлқын үйлестіруші ұстанымдар, талаптар, ережелер мен қағидалардан тұратын, қоғамдық сананың арнайы формасы ретіндегі ғылым болып табылады. Этиканың негізгі пәні – мораль, ол адамның қоршаған органды рухани-тәжірибелік және құндылық ретінде игеруінің арнайы тәсілі.

Білімдік кеңістік басқа мамандықтарға қарағанда моральдық факторларды ете қажет етеді. Себебі:

- қоғамның әр мүшесіне бағытталады;
  - барлық қоғам мүшелері қажетсінеді;
  - барлық әрекет түрлерін қамтиды;
  - адамзат әрекетінің барлық тұстарына әсер етеді.
- Білім кеңістігіндегі этика мәселелерін Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоции, А. Дистерверг, Р. Оуэн, Ш.

Амонашвили, Ы. Алтынсарин және т.б. ғалымдардан еңбектерінен көргө болады.

Педагог этикасы – білім субъектісінің кәсіби морал туралы ғылым. Ол тәмендегі ұстанымдардан тұрады:

- 1) мақсатты идеяға бағытталу ұстанымы;
- 2) азаматтық, ұлтжандылық және интернационализм ұстанымы;
- 3) кәсіби гуманизм ұстанымы;
- 4) кәсіби жанкештілік (өз ісіне берілгендей) ұстанымы;
- 5) кәсіби оптимизм ұстанымы.

Педагог этикасының негізгі компонентеріне мынашар жатады:

- педагог еңбегінің алеуметтік қызметі;
- әрекеттің адамгершілік мазмұны;
- тұлғаның моральдық сапалары;
- педагог тұлғасының психологиялық үйімдастырылуы;
- кәсіби қарулануы;
- бірлескен іс-әрекет процесіндегі өзара қарынастардың сипаты;
- мінез-құлық ережелері мен талаптары;
- тағы басқалар: жасы, еңбек өтілі, жынысы, мамандығы, отбасылық жағдайы.

Жалпы ұлтаралық қарым-қатынас дағдыларына кіші жастан бастап үйрету кажет. Аталмыш аумақта қарым-қатынас құралдарының жүйесін білудің де маңызы зор. Қарым-қатынас құралдарының жүйесінің біркетар элементтері (кинесика, проксемика, мимика, интонация) полимәдениетті топтарда түрлі этнос өкілдерін ажырата отырып, дұрыс қарым-қатынас орнатуға септігін тигізеді.

Кинесика – бұл дene қимылдарын, мимиканы, пантомимиканы камтитын қарым-қатынас құралдарының жүйесі. Кинесикалық жүйе дene мүшелерінің әр бөліктегінің, жалпы моториканың айқын қабылданатын қасиеті ретінде көрінеді (колдар – ымдау, бет-әлпет – мимика, кейпі – пантомимика). Кинесикаға аталған дene қимылдарынан басқа белгілі бір нәрсені пайдаланумен байланысты әрекеттер де жатады: есікті

арт еткізіп жабу, орындықты сықырлату, қаламмен жазу. Әлемек, кинесика – адамның әр түрлі дene қимылдарын бейнелеу үшін, ал көбіне адамның қол және бет қимылдарын зерттеуде көзінде қолданылатын түсінік. Осы дene мүшелерінің әр бөліктегінің жалпы моторикасы адамның эмоционалды реакциясын бейнелейді. Байланыс ситуациясына оптикалық-кинетикалық жүйені қосу қарым-қатынаска өзгеше реңк береді. Осы өзгеше реңктер әр түрлі ұлттық мәдениеттерде белгілі бір дene қимылдарын қолдану кезінде біркелкі бола бермейді. Мәнерлі қимыл кейбір мәтіндерде болып жатқан істің мағынасын дұрыс түсіну үшін қажетті «астарлы мән» ретінде келтіріледі. Егер адам басқалардан жоғарырақ болуға тырысып, тәқаппарлана бойын тікtese немесе керісінше, құрметпен, кішіпейілдік тәментастып немесе жагымпаздықпен өзгелер алдында тәментастысе және т.б., ол өзінің кейпімен аудиспалы мағынасы берілген образды суреттейді. Мұқият қимыл тек қана органикалық реакция болудан қалады; қарым-қатынас үдерісі барысында ол өздігінен қимылға айналады және адамдарға айтартылтай ықпал стетін қофамдық қимылға айналады.

Дене қимылдары – белгі беру мәніндегі дene қимылдары, яғни қарым-қатынас барысында адамның басымен немесе қолымен жасалатын мәнерлі қимыл-қозғалыстар. Дене қимылдары қарым-қатынас барысында сөйлеуге қосымша қызмет атқарып қана қоймайды. Үмдау белгілерінің негізінде адамның белгілі бір оқиғага, тұлғага, нәрсеге көзқарасы туралы қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар, дene қимылдары адамның тілек-қалауы туралы, оның көңіл-күй жағдайын білдіре алады. Адамның ымдау әрекшеліктері оған тән белгілі бір қасиеттер туралы түжірим жасауға негіз болады. Сондыктan, ымшишараны мәнерлі дene қимылдарына жатқызуға болады. Әдебиеттерде дene қимылдары әр түрлі негізdemeler бойынша топтастырылып жүр.

Физикалық табигаты жағынан дene қимылдарын екі үлкен топқа болуға болады: бас қимылдары және мануалдық қол қимылдары. Екінші топ өз ішінде бір колмен немесе екі қолмен орындалатын қимылдар, сондай-ақ қолдың белсенді колда-

нылатын бөліктөрі: саусақ, буын, шынтақ, иық қымылдары немесе аралас қымылдар болып бөлінеді.

Ал тиімді қарым-қатынас орнатуда интонация маңызды роль атқарады. Интонация (дауыс ырғагы) арқылы тыңдаушыларға бағытталған оқытушының сезімен көңіл-күй, сезімдер жеткізілін, олар соған орай әрекет етеді. Оқытушының интонациясы арқылы тыңдаушы оның өзіне көзқарасын біледі, отерекше «эмоционалдық есту сезімінің» арқасында айтылған сөздердің мазмұны мен мағынасын ғана емес, басқалардың оның көзқарасын да сезіне алады. Тыңдаушы өзіне қарат айттылған сөзді қабылдау барысында алдымен интонацияға жауап әрекет істеп, содан кейін ғана айтылған сөздердің мағынасын түйсінеді. Оқытушының айқайлаган даусы немесе бірсарындың сөзі ықпал ету қүшінен айрылады, ойткені студенттің сенсорлық есту жолдары жабық немесе ол сөздің эмоционалдық асерін мүлдем анғармайды, ал бұл немікүрайдылықты тұғызады. Осыған байланысты, оқытушының сөзі эмоционалдық жағынан асерлі болуы керек, алайда белгілі бір шектен шықпауы тиіс деген қорытынды жасауга болады. Оқытушы студенттермен қарым-қатынас барысында белгілі бір жағдайға байланысты ғана емес, сонымен қатар әдептілік нормаларына сәйкес тиісті дауыс тонын да қолдануы тиіс.

Проксемика – қарым-қатынастың кеңістіктік және мезгілдік жағынан ұйымдастырылу нормаларымен айналысады психологияның ерекше бөлімі. Процесті ұйымдастырудың кеңістігі мен мезгілі ерекше таңбалық жүйе болып табылады, мазмұндық салмагын көтеретін коммуникативтік жағдайлардың компоненттері болып табылады.

Қарым-қатынастың ұйымдастырылуы мен бейімделуі да вербалды емес жүйенің маңызды проксемикалық компоненттері болып табылады. Біз бейімделуге қарым-қатынаска түсушілердің бір-біріне ықыласы ретінде анықтама береміз, ол «бетпебет» қалыптан «біріне бірі теріс қараган» жағдайға дейін өзгеріп отырыу мүмкін. Үстел басындағы әңгімелесу барысында әріптестердің бейімі қарым-қатынастың сипатын анықтайды. Әдетте, үстел басында қатар отыру бірқалыпты бірлескен жұмысқа, әріптестікке мүмкіндік тұғызатыны белгілі; диагональ

түсуші орналасу сенімділік, белгілі дәрежеде еркіндік сезімін көрді; бетпебет отыру бірін-бірі бақылауды күштейтіп, шиесе тұғызыу мүмкін. Сонымен, қарым-қатынаска қатысушыларның дұрыс таңдалған арақашықтығы мен кеңістіктегі бір біріне қатысты орналасуы қарым-қатынасты одан еркінгі аспастыру тұргысынан аса маңызды болып табылады. Жалпы вербалды емес байланыстың полизэтностық топтардағы қарым-қатынасында маңызды рөл атқаратыны туралы тұжырым жасауга болады. Ол қарым-қатынастағы оқытушы мен тыңдаушының, тыңдаушы пен тыңдаушының арасында кері байланыс орнатудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады.

Қарым-қатынас – бірлесе әрекет ету қажеттіліктерінен туындастырылған адамдар арасындағы байланыстарды дамытудың көп қырлы процесі. Зерттеу барысында түрлі этнос өкілдерінің оныра қарым-қатынастарының тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған тәжірибелік нұсқаулар жасауга тырыстық. Ошардың өзара әрекеттестігі – тек сөйлесу арқылы ғана емес, істері мен әрекет-тері арқылы да жүзеге асатындығын өрнеделдік. Демек, алынған тәжірибелік нәтижелерге сүйене отырып, тек этнопсихология мамандары ғана емес, кез-келген көсіп иесі берілген нұсқауларды негізге ала отырып, ұлтаралық қарым-қатынасты жақсартуға улесін қоса алады. Тек полизэтностық топ құрамындағы ұлт өкілдері және олардың мәдени-құндылықтары, әрекшеліктері туралы білім-дағдыларын пайдалана отырып, қарым-қатынас процесін жақсартап алатындығын тұжырымдаймыз.

Сонымен этнос өкілдерінің этникалық әрекшеліктерін ескере отырып, олардың қарым-қатынас әрекеттерін дамыту тәжірибесі бойынша ұйымдастырылған біліктілікті арттыру курстарының психологиялық маңыздылығы зор. Өйткені, атальыш курстарда полі және моно этностық топ жағдайында тыңдаушылардың этникалық құрамына қарай олардың кәсіби әрекетінде маңызды болып табылатын психологиялық категория әрекшеліктері, яғни қарым-қатынас іскерліктері мен коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік бар. Себебі, қарым-қатынас адамзат тіршілігінің қажетті жағдайы болып табылады. Қарым-қатынаста адамдардың еңбек іс-әрекеті,

қоршаған әлемді және өзінің жеке мәнін тануы жүзеге асырылады. Қарым-қатынаста түрлі этнос өкілдерінің ой туындысынан мемлекеттің тұлғасы ретінде қалыптасу процесі күштіледі. Яғни жүргізілген дамытушы эксперимент алға қонышынан негізгі болжамды дәлелдей, бірқатар қорытынды жасауда мүмкіндік береді:

біріншіден, бірлескен іс-әрекеттегі қарым-қатынастар мәңызды психологиялық мазмұны басқа мәдениет өкілін қарым-қатынас субъектісі ретінде түсінудің маңызды психологиялық ерекшеліктерін анықтайды;

екіншіден, қарым-қатынас процесін дамытуда тұлғанының жеке және этностық сипатына белгілі дәрежеде назар аудару арқылы тиімді нәтижелерге қол жеткізуге болатынын айқындайды;

үшіншіден, атальмып дамыту бағдарламасының білімшілік отырған құрылымы біліктілікті арттыру жүйесін модернизациялау және поликонфесиялық білім беру шарттарына сәйкестендіру мүмкіндіктеріне қол жеткізеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі жағдайда адамзат өзінің тіршілігінде адамиеттынастарды барлық тиімді өмір сүру әрекеттің негізі ретінде өзінің емес, сонымен қатар күрделі ұлтаралық қарым-қатынас процесінде де маңыздылығының өтпелі еместігін ұғынуына бірнеше келуде. Зерттеу жұмысымыздың теориялық бөлімінде әмбебапталғандай, бүгінгі таңдағы қарым-қатынас феномені тұралы өзара сәйкес келетін немесе бір-біріне қарама-қайшы болатын түсініктер мен анықтамалар еті көп. Мәселен, бірқатар зерттеуші-ғалымдар қарым-қатынас бірге іс-әрекет жасаудың нақшеттілігіне қызмет етеді. Сонымен қатар теориялық негізде қарым-қатынас іс-әрекеттің алдында жүретіндігін айтса, ол кейбіреулері қарым-қатынас - ортақ нәтижеге қол жеткізумен қатынасты жақсарту мақсатындағы олардың күшін біріктуруғында психологияның жалпы әдістерімен оқынтанылуымен қарастырылады.

Сонымен қарым-қатынас психикалық іс-әрекет күбындысының бірі ретінде, өзінің айырықша белгілері бар, жалпы психологиялық түсінік жүйесімен сипатталатын және психологияның ғылым ретіндегі принциптердің көзкарасы түрғысында психологияның жалпы әдістерімен оқынтанылуымен қарастырылады.

Қарым-қатынастан, қоғамнан тыс адам салыстырмалы түрде өзіндік адами қасиеттерін жылдам жоғалтады. Балалардың айтпағанда, ұзак уақыт қоғамнан тыс болған жоғары деңгейдегі индивидтер, адамға ұқсас аярлықтай мәнсіздікке айналады, сол мезетте тек тілін ұмытып, сейлеу қабілетінен айырылып қоймай, сонымен қатар ақылынан адасады. Яғни, қарым-қатынас процесі озара, және оның әрбір қатысуышы саналы тіршілік ретінде көрініс беруіне жоғары ықпал етеді. Дюркгейм ойлағандай, қарым-қатынас таза «рухани байланыс», «сананың өзара әрекет сферасы» емес. Ол қоғамның материалды өміріне ендірілген, оның құрамдас белгі болып табылады.

Сонымен бірге, қатынас – бұл субъектілердің қоршаған әлем объектісімен немесе басқа субъектімен өзіндік байланыс, нәтижесінде пайда болатын олардың тікелей өзара әрекет

немесе бір жақты рационалды таным немесе эмоционалды мінез-құлықтық формада сакталуы. Біз қарым-қатынас бойынша серіктесімізге өзіміздің сөзіміз, эмоция және әрекетіміз арқаша оған деген қатынасымызды жеткіземіз.

Адамдар арасындағы негізгі мақсат - өзара түсіністікке жету. Әрине, оған кері әсерін тигізетін факторлар біршама мысалы: қарым-қатынасқа тұсу деңгейінің төмендігі, тіл табысы алмаушылық, ой-пікірлерінің сәйкес келмеуі, тіл білмешшілік және т.б. Осы тұстағы соңғы фактор қарым-қатынас процесінің үлтаралық сипатына тән. Осылан байланысты, бірқатар ғаламдардың пайымдауынша, «этнопсихологиядағы этнос арашынанастар мәселесінде әрбір этностиң мәдениеті, тарихы, қаралады. Басқа бір әлеуметтік ортага келген тұлға сол ортапын ерекшеліктеріне бейімделуде белгілі бір қындықтарды бастан кешіреді. Тіл және мәдени ерекшеліктердің жиынтығы әлеуметтік қоршаудың ядросы бола отырып, этникалық ерекшеліктерді құрайды, ол адамның социализация процесін жана малай отырып, тұлғаның этнопсихологиялық ерекшеліктеріне айналады» делінеді.

Ал егеменді Қазақстан Республикасының өмірінде негізгі әлеуметтік қоршаудың ядросы қызметін атқаруши, қоғамның белсенді белгінің бірі – білім беру субъектілері, соның ішінде педагог қауымы. Педагогтардың кәсіби дамуына тікелей әсер етуші процесс – қарым-қатынас. Осы ретте, білім беру жүйесінде қалыптастыруды да педагогтардың алатын орны ерекше. Сондықтан да атальмыш зерттеудің маңыздылығы – біліктілікті арттыру жүйесіндегі этностиқ қарым-қатынастың психологиялық маңыздылығын зерттей отырып, білім субъектілерін қарым-қатынастың негізгі «субъектілері» ретінде дұрыс қалыптастыру болды.

Эксперимент нәтижесі көрсеткендей, этностиқ қарым-қатынастың психологиялық маңыздылығын анықтауда және дамытуда айтартлықтай көрсеткіштерге қол жеткізе отырып, біздің жасаған этнос өкілдерінің қарым-қатынас іскеरліктері мен коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістеме-

ліктий тиімділігі төмендегідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

- «үйлесімді қарым-қатынас», «этно-субъект аралық қатынас», «коммуникация», «коммуникативтік құзыреттілік», «өзара мер ету», «кері байланыс», «синтониялық қарым-қатынас моделі», «қарым-қатынас іскеरлігі», «қатынас стилдері», «полимәдениетті тұлға», «толеранттылық» ұғымдарын ғылыми түргыда талдаудың нәтижелері «этностиқ қарым-қатынас» ұғымының мән-мағынасын, құрылымын айқындалап анықтамасын шығылауга және моделін құруға мүмкіндік туғызады;

- этностиқ қарым-қатынасты жағымды қалыптастыру мен дамытуда біліктілікті арттыру институттарының алатын орны анықталып, психологиялық негіздерінің айқындалуы, этностиқ қарым-қатынасты дамытудың теориялық моделін ұсынуға мүмкіндік береді;

- этнос өкілдерінің өзара қарым-қатынастарын бимәдениетті жүйе ретінде түсінің негізінде құрастырылған дамыту моделі этноәлеуметтік ролдерді менгеріп және өзара мәдениеттің құндылық бағдарларын қабылдап орындау арқылы жүзеге асады;

- этностиқ қарым-қатынас процесінің үйлесімді дамуы түрлі этнос өкілдерінің этникалық ерекшеліктерін ескере отырып жетілдіруге тәуелді;

